

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ
АКАДЕМИЯСЫ**

**ЗАҢ ИНСТИТУТЫ
Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы**

жөніндегі

**«Бекітемін»
Академия бастығының
ғылыми жұмысы**

**орынбасары
З.Ғ.К.
полиция полковнигі
_____ О.Т. Сейтжанов**

2019 ж. «_____» _____

5В030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

**«Қазақстан Республикасы ІІО қызметіндегі азаматтық құқықтық қатынастар» арнайы курсы бойынша КОФ 3-курс (17 ж. а.) курсанттарына арналған
ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

**Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 3
Кредит саны: 1
Дәріс: 7сағат
Семинарлық сабақ: 8сағат
КООЖ: 15сағат
КӨЖ: 15 сағат**

Қарағанды 2019

«Ішкі істер органдарының қызметіндегі азаматтық-құқықтық қатынастар» арнайы курсы бойынша «5В030300 – құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырған: Арман Есенгелдіұлы Туткушев, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны.

Кафедраның 2019 жылғы «___» _____ мәжілісінде қаралды.
№ _____ Хаттама.

**Азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы
полиция майоры**

Д.К. Райбаев

Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде қарап, бекітілді.
11.06. 2019 жыл № 11 Хаттама.

©Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2019 ж.

3.1 Негізгі ақпарат :

1. Шифр және мамандық атауы	5B030300 – «Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	3 курс, 6 семестр
3. Пән циклы	Таңдау бойынша компонент
4. Кредит саны	1
5. Сабақ өткізу орны	Оқу аудиториялары, дәріс залы
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Қалиев Абылай Ақылбайұлы, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Қалиев Абылай Ақылбайұлы, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

3.2. Пререквизиттері: Бұл курсты меңгеру, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, отбасы, еңбек, экологиялық, қаржы құқығы және т.б. пәндер бойынша сәйкес білімсіз мүмкін емес, өйткені, атап өтілген пәндер бойынша сот қызметін және прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру қағидалары, мемлекеттік органдар жүйесі, субъективтік құқықтарды қорғау нысандары, тиісті құқықтық қатынастардың және олардың субъектілерінің мазмұны, лауазымды адамдардың әрекетіне шағым жасау және т.б. сұрақтар қарастырылады.

3.3. Постреквизиттері: Бұл курстың міндеті-қажетті құқықтың қайнар көздерімен таныстыру, құқық қағидаларын білу және олардың мазмұнын нақты даулы сұрақтарды шешу кезінде пайдалана білуге уйрену, теориялық ережелерді тәжірибеде қолдана білу, азаматтық істер бойынша іс жүргізу құжаттарын құрастыруды қалыптастыру және т.б. болып табылады.

«Ішкі істер органдарының қызметіндегі азаматтық-құқықтық қатынастар» арнайы курсының оқытудың мақсаты-теориялық ережелерді азаматтық іс жүргізу институттарының мазмұнымен және сот өндірісінің нақты іс жүргізу ережелерімен тікелей байланыста меңгеру, ҚР Конституциясымен кепілдік берілген сот арқылы қорғалу құқығын, сот шешімдерін және мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың әрекеттеріне шағым жасау құқығын, соттармен азаматтық істерді қарастыру және шешу тәртібін, азаматтық құқық, еңбек, азаматтық процестік құқығының есейіп келе жатқан ролін айқындау болып табылады.

3.4. Пәннің қысқаша мазмұны:

Бұл пәннің зерттеу нысанасы – азаматтар мен ұйымдардың құқық қорғау органдарының, соның ішінде ішкі істер органдарының өкілдерімен өзара қарым-қатынас үдерісінде олардың заңмен қорғалатын субъективтік құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін қорғаудың тәртібін реттейтін нормалар болып табылады. Курсанттармен азаматтық-құқықтық даулар

бойынша қорғау нысандарын зерттеу және меңгеру – болашақ мамандарды – білікті заңгерлерді қалыптастырудағы қажетті шарт. Көп сұрақтарды түсіну үшін құқық теориясының ережелері, құқық нормалары мен қайнар көздері, құқық жүйесі, құқық нормаларын жүзеге асыру, құқықтық қатынастар және олардың пайда болуы туралы білімдері негіз болып табылады.

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалага сәйкес)	Балл (рейтинг-шкалага сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
	2	3	4	5	6	7	
	Семинар сабағына дайындалу.	Мақсаты – теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. Тақырыпқа сәйкес негізгі әдебиеттерді оқып меңгеру. 2. Қосымша әдебиеттермен танысу. 3. Дәріс конспектілерін және семинар сабағының сұрақтарына қысқаша жауаптарын конспектілеп дайындау.	1-3, 27, 97-107	Тақырып бойынша ауызша жауап беру, Реферат, Ағымдағы тестілеу.	1-100	Жауап, Реферат, Конспект.	
	КОӨЖ-на дайындық	Мақсаты – тапсырмаларды орындау барысында теориялық материалдарды қолдануды үйрену.	1-3, 27, 97-107	Тақырып бойынша ауызша жауап беру.	1-100	Жауап, Жазбаша тапсырмаларды орындау.	

		Тапсырма: Есептер шығару.					
	Семинар сабағына дайындық	Мақсаты – теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. Тақырыпқа сәйкес негізгі әдебиеттерді оқып меңгеру. 2. Қосымша әдебиеттермен танысу. 3. Дебаттарға дайындалу.	1-3, 18-25, 42-46, 48-50, 61, 71.	Дебаттар	1-100	Сарапшылардың хаттамалары	
	КОӨЖ-на дайындық	Мақсаты – іскерлік ойын барысында теориялық материалдарды және НҚА қолдануды үйрену. Тапсырма: іскерлік ойынға дайындық.	1-3, 18-25, 42-46, 48-50, 61, 71.	Case-study қолданып іскерлік ойынды өткізу.	1-100	Жауап, Кейс тапсырмаларын орындау.	
	Семинар сабағына дайындық.	Мақсаты - теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. Тақырыпқа сәйкес негізгі әдебиеттерді оқып меңгеру. 2. Қосымша әдебиеттермен танысу. 3. Дәріс конспектілерін және семинар сабағының	1-3, 18-25, 42-46, 48-50, 61, 71	Тақырып бойынша ауызша жауап беру, Реферат, Ағымдағы тестілеу.	1-100	Жауап, Реферат, Конспект.	

		сұрақтарына қысқаша жауаптарын конспектілеп дайындау.					
	КОӨЖ-на дайындық	Мақсаты – тапсырмаларды орындау барысында экологиялық заңнамаларды қолдануды үйрену. Тапсырма: Есептер шығару.	1-3, 18-25, 42-46, 48-50, 61, 71	Тақырып бойынша ауызша жауап беру.	1-100	Жауап, Жазбаша тапсырмаларды орындау.	
	Семинар сабағына дайындық.	Мақсаты - теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. Тақырыпқа сәйкес негізгі әдебиеттерді оқып меңгеру. 2. Қосымша әдебиеттермен танысу. 3. Пресс-конференцияға дайындалу.	1-3, 42-46, 48-50, 56, 57	Сұрақтар	1-100	Жауаптар	
	КОӨЖ-на дайындық	Мақсаты – тапсырмаларды орындау барысында теориялық материалдарды қолдануды үйрену. Тапсырма: Есептер шығару.	1-3, 42-46, 48-50, 41, 52-57	Тақырып бойынша ауызша жауап беру.	1-100	Жауап, Жазбаша тапсырмаларды орындау.	
	Семинар сабағына дайындық.	Мақсаты - теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. Тақ	1-3, 12, 13, 40, 41, 42-50, 52, 53, 55	Ғылыми проектерді қорғау, Сұрақтар.	1-100	Ғылыми жобалардың презентациясы, Жауаптар	

		ырыпқа сәйкес негізгі әдебиеттерді оқып меңгеру. 2. Қосымша әдебиеттермен танысу. 3. Ғылыми жобалардың презентациясына дайындалу.				Ы.	
	КОӨЖ-на дайындық	Мақсаты – тапсырмаларды орындау барысында теориялық материалдарды қолдануды үйрену. Тапсырма: Есептер шығару.	1-3, 12, 13, 40,41, 42-50,52,53,55	Тақырып бойынша ауызша жауап беру.	1-100	Жауап, Жазбаша тапсырмаларды орындау.	
	Семинар сабағына дайындық.	Мақсаты - теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. Тақырыпқа сәйкес негізгі әдебиеттерді оқып меңгеру. 2. Қосымша әдебиеттермен танысу. 3. Дәріс конспектілерін және семинар сабағының сұрақтарына қысқаша жауаптарын конспектілеп дайындау.	1-3, 26-29, 42-50, 61,62,63,64, 72-75,76	Тақырып бойынша ауызша жауап беру, Реферат, Ағымдағы тестілеу.	1-100	Жауап, Реферат, Конспект.	
	КОӨЖ-на дайындық.	Мақсаты – тапсырмалар	1-3, 26-29, 42-50,	Тақырып бойынша	1-100	Жауап, Жазбаша	

		ды орындау барысында теориялық материалдарды қолдануды үйрену. Тапсырма: Есептер шығару.	61,62,63,64, 72-75,76	ауызша жауап беру.		тапсырмаларды орындау.	
	Семинар сабағына дайындық.	Мақсаты – теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1.Тақырыпқа сәйкес негізгі әдебиеттерді оқып меңгеру. 2.Қосымша әдебиеттермен танысу. 3.Дебаттарға дайындалу.	1-3, 6, 33, 37, 42, 47, 51,77, 78,80.	Дебаттар.	1-100	Сарапшылардың хаттамалары.	
	КОӨЖ-на дайындық.	Мақсаты – іскерлік ойын барысында теориялық материалдарды және НҚА қолдануды үйрену. Тапсырма: іскерлік ойынға дайындық.	1-3, 6, 33, 37, 42, 47, 51,77, 78,80.	Case-study қолданып іскерлік ойынды өткізу.	1-100	Жауап, Кейс тапсырмаларын орындау.	
	Семинар сабағына дайындық.	Мақсаты - теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1.Тақырыпқа сәйкес негізгі әдебиеттерді оқып меңгеру. 2.	1-3, 6, 33, 37-39, 42, 47, 51,77, 78,80.	Тақырып бойынша ауызша жауап беру, Реферат, Ағымдағы тестілеу.	1-100	Жауап, Реферат, Конспект.	

	Қосымша әдебиеттермен танысу. 3.Дәріс конспектілерін және семинар сабағының сұрақтарына қысқаша жауаптарын конспектілеп дайындау.					
КОӨЖ-на дайындық.	Мақсаты – іскерлік ойын барысында теориялық материалдарды және НҚА қолдануды үйрену. Тапсырма: іскерлік ойынға дайындық.	1-3, 6, 33, 37-39, 42, 47, 51,77, 78,80.	Case-study қолданып іскерлік ойынды өткізу.	1-100	Жауап, Кейс тапсырмаларын орындау.	

3.6. Курс саясаты :

(Сабаққа кешігіп келу және сабақты босату, босатылған сабақтарға өтем жасауға рұқсат алу шарты, аралық аттестация, өзіндік жұмыстарды кеш ұсыну, білім алушылардың аудиториядағы тәртібі және т.б.)

а) КОӨЖ кестесі бойынша барлық аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарға міндетті қатысу.

ә) сабақтарға тұрақты қатысу;

б) семинар және КОӨЖ сабақтар кезінде белсенділік таныту;

в) оқытушымен белгіленген уақытта босатылған сабақтар бойынша өтем жасау;

г) өзіндік жұмыстың барлық түрлерін уақтылы орындау.

д) тәртіпті сақтау.

Жол берілмейді:

а) сабақтарға кешігу және кетіп қалу;

ә) тапсырмаларды кешігіп орындау;

б) сабақ барысында ұялы телефонды пайдалану, тақырыптан тыс әңгіме айту, сағыз шайнау;

в) алдау және плагиат.

3.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

№ /п	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік-құқықтық актілер.		
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
2.	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім)(соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
3.	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)(соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
4.	Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
5.	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	http://online.zakon.kz.
6.	Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
7.	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
8.	Қазақстан Республикасының Жер кодексі. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
9.	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңы. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
10.	Қазақстан Республикасының Су кодексі. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
11.	Қазақстан Республикасының Орман кодексі. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
12.	Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңы. (22.04.2014 ж.), (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
13.	Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы. (06.01.2011 ж.), (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
14.	Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы Заңы. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
15.	«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы»Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
16.	«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан	//http://online.zakon.kz.

	Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы.(соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	
17.	«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310 Заңы.(соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
18.	«Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 мамырдағы № 2255 Заңы.(соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
19.	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңы. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
20.	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	http://online.zakon.kz .
21.	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. 2014 ж., 3 шілде, № 226-V ҚРЗ. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	http://online.zakon.kz .
22.	Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. 2014 ж., 4 шілде, № 231-V ҚРЗ. (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	http://online.zakon.kz .
23.	Қазақстан Республикасының "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
24.	Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 ж. 2 шілдедегі № 461 Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
25.	Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 ж. 16 қаңтардағы № 142 Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); http://online.zakon.kz/ ;	// http://online.zakon.kz .
26.	Қазақстан Республикасының "Саяси партиялар туралы" 2002 ж. 15 шілдедегі № 344 Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
27.	Қазақстан Республикасының "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
28.	Қазақстан Республикасының "Тұтыну кооперативі туралы" 2001 ж. 8 мамырдағы № 197 Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
29.	Қазақстан Республикасының "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңы (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	// http://online.zakon.kz .
30.	Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Заңы,	// http://online.zakon.kz .

	(соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	
31.	Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 ж. 31 мамырдағы № 3 Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
32.	Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңы,(соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
33.	Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 ж. 10 маусымдағы № 6-I Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
34.	Қазақстан Республикасының «Өндірістік коператив туралы» 1995 жылғы 5 қазандағы № 2486 Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
35.	Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
36.	Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2723 Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
37.	Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 ж. 20 қарашадағы № 304- I Заңы, (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
38.	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (2015 ж. 29 қазандағы № 375- V).	

2. Негізгі әдебиеттер.

39.	Назарбаев Н.А. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. //http://www.akorda.kz/
40.	Азаматтық құқық. Оқулық (академиялық курс)/Жауапты ред.М.К. Сүлейменов, Ю.Г.Басин.өңделген және толықтырылған екінші басылымы.	Алматы. 1-ші том.-2003.
41.	Гражданское право : учебник / Институт частного права ; Общ.ред. С. С. Алексеев. – 3-е изд., перераб. и доп. –	М.: Проспект, 2013. – 528 с.
42.	Гражданское право. В 2 ч. Ч. 1: учебник Авторы: под ред. В.П. Камышанского, Н.М. Коршунова, В.И. Иванова	Издательство: ЮНИТИ-ДАНА, 2012 г.
43.	Мардалиев Р. Т. Гражданское право: Учебное пособие. –1 издание.	Издательство «Питер» 2012 год
44.	Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық.	Алматы: Заң әдебиеті. 2-ші том.-2004

45.	Суханов Е.А - Гражданское право в 4-х т. т.3 обязательственное право учеб.для студентов вузов 3-е изд., перераб.и доп. - В 4 т. Т. 3: Обязательственное право	Издательство: Волтерс Клувер право - 2010 г
46.	Жайлин Ғ. А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық.	Алматы:Заңәдебиеті. 2-ші том.-2005;
47.	Аубакирова Г.А..Учебное пособие – Курс лекций по гражданскому праву (ч.общая)	Караганда, 2009г.
48.	Гражданское право. Том 1- Учебник для вузов (академический курс) Ответственный редактор Сулейменов М.К., Ю.Г. Басин	Алматы, 2000 год. 704 с.
49.	Төлеуғалиев Ғ.И., Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық.	Алматы: Жеті Жарғы. 1 том. – 2001.
50.	Қарабеков Қ.Ө., Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдер), Дәрістер курсы.	Қарағанды, 2012 ж.
51.	Азаматтық құқық. Оқулық (академиялық курс)/Жауапты ред.М.К. Сүлейменов, Ю.Г.Басин.өңделген және толықтырылған екінші басылымы.	Алматы. 1-ші том.-2003.
52.	Адельшин Р.Н. Договор поставки с участием органов внутренних дел: по законодательству России и Казахстана: Автореф. дисс. канд. юрид. наук.	– Казань, 2002
53.	Кулматов Т.Ш. Недействительность сделки по гражданскому праву и правовые средства органов внутренних дел по их предотвращению: Автореф. дисс. канд. юрид. наук.	– М., 1996.
54.	Методическое пособие по государственным закупкам.	Астана, 2004.
55.	Рубанов С.А. Договор найма служебного жилого помещения с участием подразделений органов внутренних дел и их сотрудников: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук.	– СПб, 2007.
56.	Ручкин О.Ю. Организационно-правовые аспекты участия органов внутренних дел Российской Федерации в договорных обязательствах: Автореф. дис. канд. юрид. наук.	– М., 2007.
57.	Суханов Е.А. Гражданское право в	–Издательство:Волтерс Клувер В4

	4-х т. т.3 обязательственное право учеб.для студентов вузов 3-е., перераб. и доп.	т.3:обязательственное право..– 2010
58.	Амангельды А.А. Договоры в сфере патентного права: Учебное пособие	Алматы: АЮ-ВШП Адилет, 2004
59.	Аскарлов Е.С. Защита промышленной интеллектуальной собственности в Казахстане: Учебное пособие.	-Алматы, Юрист, 2005
60.	Войниканис Е.А., Якушев М.В. Информация. Собственность. Интернет: Традиция и новеллы в современном праве.	-М.: Волтерс Клувер, 2004
61.	Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан.	Караганда: Арко, 2009.
62.	Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан.	Караганда: КА МВД РК, 2015.
63.	Бекишева С.Д. Экологическая деятельность органов внутренних дел Республики Казахстан	Караганда: Арко, 2002.
64.	Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. Общая часть.	Алматы, 2003.
65.	Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. Особенная часть.	– Алматы, 2007.
66.	Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. Общая часть.	– Алматы, 2011.
3. Қосымша әдебиеттер.		
67.	Плюта А.В. Право оперативного управления в учреждениях органов внутренних дел: Автореферат дисс.канд.юрид.наук.	-СПб, 2005
68.	Зыков Е.В. Гражданско-правовая защита права интеллектуальной собственности: Автореф. дис. канд.юрид.наук.	-М.:2008
69.	Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности в Республике Казахстан.	-Алматы: Жеті Жарғы, 2001
70.	Маркова О.В. Система правовой защиты интеллектуальной собственности: Автореф.дис.канд.юрид.наук.	– М., 2012
71.	Основы патентного права и патентования в Республике Казахстан: Учебное пособие.	-Алматы: Жеті Жарғы, 2003
72.	Ставпенюк М.В. Защита интеллектуальной собственности в органах внутренних дел:	-Спб,2004

	Автореф. дис. канд. юрид. наук.	
73.	Абдыкаримов Б.А., Кусаинова А.О., Ережепов Н.А., Оспанов С.С. Административно-правовые основы защиты прав ребенка в Республике Казахстан (вопросы теории и практики)	Астана, 2008
74.	Авдеева Л.А. Уголовно-правовая охрана семейных отношений: Автореферат дисс. канд. юрид. наук.	-Саратов, 2009
75.	Бексултанова Р.Т. Актуальные проблемы установления усыновления в семейном праве Республики Казахстан».	
76.	Жетписбаев Б.А. Ювенальная юстиция.	-Алматы: Данекер. 2001
77.	Панкин Е.М. Рабочее время: Юридические консультации.	-М., 1986
78.	Сыроватская Л.А. «О правовом регулировании рабочего времени».	-М.: ВЮЗИ, 1981
79.	Жанабилов Е.Ж. Правовое регулирование условий службы рядового и начальствующего состава органов внутренних дел. (учебное пособие)	-Караганда, 1990
80.	Роша А.Н. Стимулирование служебной деятельности работников милиции.	-М.: Академия МВД, 1991.
81.	Чиканова Л. Время отдыха.// Хозяйство и право.	2002, № 7.
82.	Шебанова А.И. Правовое регулирование рабочего времени и времени отдыха в СССР.	-М., 1984
83.	Шептулина Н. Рабочее время.// Хозяйство и право.	2002г. № 7
84.	Костян И.А. Юридические гарантии разрешения индивидуальных трудовых споров//Трудовое право и право социального обеспечения: Актуальные проблемы: Сборник статей.	М.: Проспект, 2004, -347.
85.	Пресняков М.В., Чанов С.Е. Трудовое право. Дисциплинарная ответственность гражданских служащих: проблемы нормативной определенности и справедливой дифференциации.	-М.2009г.
86.	Бекишева С.Д. Интерпретация принципов экологического права в контексте обеспечения экологической безопасности	//Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2009. – N 1. – С.46-48.

87.	Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан (Общая часть).	Алматы: Данекер, 2002.
88.	Галанов А.С. Административно-правовые меры обеспечения экологической безопасности, применяемые милицией: Автореф. дисс. канд. юрид. наук.	М., 2001.
89.	Ежов Ю.А. Административно-правовая деятельность экологической милиции: Автореф. дисс. канд. юрид. наук.	М., 2002.
90.	Лапина М.А. Теоретические и организационно-правовые основы реализации экологической функции государства органами внутренних дел: Автореф. дисс. докт. юрид. наук.	М., 2002.
91.	Борчашвили И.Ш. Причины экологических преступлений.	Караганда: КВШ ГСК РК, 1997.
92.	Борчашвили И.Ш. Экологические преступления: понятие и квалификация.	Караганда: КВШ МВД РК, 1995.
93.	Иманбаев С.М. Уголовно-правовая и криминологическая характеристика незаконных охоты и добычи водных животных и растений.	Караганда: КВШ КНБ РК, 1998.
94.	Кабдуев А.Е. Уголовно-правовая охрана земельных отношении в Республике Казахстан: Дисс. канд. юрид. наук.	Караганда, 2004.
95.	Куставлетов С.М. Уголовно-правовая характеристика загрязнения, засорения и истощения вод, загрязнения атмосферы и порчи земли.	Караганда: КЮИ МВД РК, 2000.
96.	Плешаков А.М. Экологические преступления: концепция и система понятий.	//Государство и право. - 1993. - № 8.
4. Ғаламтор көзі		
97.	Корчевский А., Брагин А. Экологические налоги: изменение экономической парадигмы	/http://www.chp.kz/RU/4.PDF
98.	Уразова Л.П. Зарубежный опыт развития экологического предпринимательства	/projects_pgu_storage_wt_wt112_wt112_23
99.	Гражданское право. Ч. 1: учебник / отв. ред. В.П. Мозолин, А.И. Масляев // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —	М.:ОАО «Консультант Плюс», 2008.

1	Тақырыптардың атауы	1	1		1	3
2		1	1		2	2
3	Ішкі істер органдары қызметінде азаматтық құқық нормаларын қолдану.	1	1		2	2
4	Ішкі істер органдары қызметіндегі азаматтық құқықтық шарттар.	1	1		2	2
5	Ішкі істер органдарымен зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелерді жүзеге асыру мәселелері.	1	1		2	2
6	Ішкі істер органдарының азаматтардың отбасы құқығын қорғауға қатысуы.	-	1		2	2
7	Ішкі істер органдарының кәмелетке толмаған тұлғалардың құқықтарын қорғаудағы рөлі.	1	1		2	2
8	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік-еңбек қатынастарын құқықтық реттеу.	1	1		2	0
	Барлығы:	7	8	0	15	15

3.9. Сабақ жоспары.

Тақырып № 1. Ішкі істер органдары қызметінде азаматтық құқық нормаларын қолдану.

Сабақтың мақсаты: Курсанттарға ішкі істер органдарының қызметінде азаматтық заңнама нормаларын қолдануға байланысты негізгі теориялық санаттар мен ұғымдарды түсіндіру. Сонымен қатар азаматтық заңнаманың негізгі қағидалары мен қайнар көздерін қарастыру. Азаматтық заңнама нормаларының ішкі істер органдарының қатысуымен болатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттардың жекелеген түрлеріне және шарттан тыс міндеттемелерге қолданылуына көңіл бөлген жөн.

Дәріс - 1 сағат.

ЖОСПАР :

1. Азаматтық заңнаманың ұғымы және жүйесі.
2. ІІО заңды тұлға ретінде.

3. ПО қызметінде қолданылатын азаматтық – құқықтық шарттар.

Дәріс тезистері:

Азаматтық құқыққа жалпы сипаттама. Азаматтық құқықтың пәні, мүліктік және мүліктік емес қатынастар. Азаматтық құқықтық реттеу тәсілдері. Азаматтық құқықтың қағидалары. Азаматтық құқық жүйесі.

Азаматтық құқық пәні. Құқық теориясы курсынан белгілі болғандай, құқық нақты жүйе құрады, оның ең үлкен буындары құқықтың салалары деп аталады. Құқық салаларын шектеу белгілері ретінде әдетте құқықтық реттеу пәні мен әдісін қолданады. Пән мен әдіс көмегімен азаматтық құқықты қазақстандық құқықтың жүйесінен бөліп алып оқырмандардың азаматтық құқық туралы көзқарасының қалыптасуына әкелетін ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Кез келген сала сияқты азаматтық құқықта қоғамдық қатынастарды реттейтін және қалыптастырған құқықтық нормалардан тұрады.

Бірақ та азаматтар қатысатын қатынастардың барлығы да азаматтық құқықпен реттелмейді, сонымен қатар азаматтық құқық, азаматтар мүлде қатыспайтын қоғамдық қатынастарға да әсер ете алады. Азаматтық құқық нормалары өндірілген өнімді сатып алу, оны теміржол, теңіз, өзен немесе әуе жолдары арқылы тасымалдау, осы жүкті сақтандыру, тасымалданған жүк үшін төлемдер алу және т.б. қоғамда кездесетін тараптар арасындағы қатынастарды реттейді.

Азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастар шеңбері өте кең және әртүрлі, сондықтан оларды толықтай атап өту мүмкін емес. Бұны істеудің қажетіде жоқ, өйткені азаматтық-құқықтық ғылымының пәніне азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастардың барлығын нақтылықпен атап өту кірмейді, оған азаматтық құқық деп аталатын саланың бір пәнінде олардың барлығын біріктіруге мүмкіндік беретін жалпы қасиеттерін анықтау жатады.

Азаматтық құқықтың пәні болып мүліктік және мүліктік емес қатынастар табылады. Азаматтық құқықтың мүліктік қатынастармен айналысатыны бірден көзге түседі. Мүліктік қатынастар деп әдетте түрлі материалдық қажеттіліктер, яғни заттар, жұмыстар, қызметтер және басқа мүліктер жайында туындаған қоғамдық қатынастарды айтады.

Бірақ азаматтық құқық біздің қоғамда пайда болатын барлық мүліктік қатынастарды реттемейді, ол тек қана мүліктік-бағалы қатынастар деп аталатын нақты бөлігін ғана реттейді.

Дамыған ақша жүйесі шарттарында мүліктік-құнды қатынастардың негізгі көлемін тоуарлық-ақшалы қатынастары құрады. Біздің қоғамда бар тоуарлық-ақшалы қатынастардың өте тез дамуы оларға адекватты құқықтық нысан қолданған кезде ғана мүмкін бола алады.

Азаматтық заңдылыққа сәйкес азаматтық құқық пәнінің екінші бір құрамдас бөлігі жеке мүліктік емес қатынастар қарастырады. Өзіне тән белгілеріне сәйкес жеке мүліктік емес қатынастар ең аз дегенде екі қасиетке сүйене отырып келесі түрлерде сипатталады. Біріншісі, көрсетілген қатынастар мүліктік емес қажеттіліктер негізінде көрініс табады, мысалы ар, намыс,

іскерлік бедел, азамат аты, авторлық шығарма, өндірістік үлгі, т.б. жайында туындайды. Екіншіден, жеке мүліктік емес мүлікпен байланысты қатынастар (мәселен бұған белгілі бір құқықтар жатқызылады). Бұл қатынастарда азаматтардың немесе ұйымдардың даралығы көрініп, олардың әлеуметтік қасиеттерін бағалау жүргізіледі.

Пәннің осы екі құрамдас бөліктерінің сыртқы қарама-қайшылығына қарамастан, мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастарды азаматтық құқық деп аталатын салада біріктіретін жалпы қасиетті анықтау керек.

Мүліктік-құнды қатынастарға қатысушылар осы қатынастарды құрған материалдық қажеттіліктер болып табылатын еңбектің саны мен сапасын өзара бағалай алады деп анықтайды. Жеке мүліктік емес қатынастар өз кезегінде осы қатынастарға қатысатын азаматтардың, тұлғаның дара қасиеттерін өзара бағалай алады деп есептейді.

Азаматтық-құқықтық реттеу әдістері. Азаматтық құқық пәнінің түсінігі азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар туралы мәселелермен байланысты болса, әдіс түсінігі осы қоғамдық қатынастардың азаматтық құқық нормаларымен қалай реттелетіні туралы мәселелермен байланысты. Сондықтан құқықтық реттеу пәні мен әдісі арасында қатты байланыс бар. Әдіс құқықтық реттеу пәнінің ерекшеліктерімен қайта анықталады.

Азаматтық құқық пәнін құрайтын қоғамдық қатынастар өзара бағалау сипатына ие. Қоғамдық қатынастарға қатысушылардың өзара бағалауы тек қана бағалаушы тараптар тең болғанда ғана қалыптаса алады. Сондықтан мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастар тараптардың теңдік негізінде реттелсе ғана толық дами алады. Қорытындылай келсек, азаматтық құқықтарда тараптардың заңдық теңдігі әдісі қолданылады. Азаматтық құқықта бұны диспозитивтік қағида деп қарастырады.

Азаматтық құқықта тараптардың теңдігі дегеніміз – екі қатынасқа түсуші тараптың ешқайсы да азаматтық құқықтық қатынастарда өзінің осы құқықтық қатынастарда алатын орнын жоғары қоя алмаушылығымен айрықшаланады. Тараптардың заңдық теңдік әдісін қолдану азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушыларға тәуелсіздік қамтамасыз етеді, заңмен рұқсат етілген кез келген әрекеттер орындауға мүмкіндік береді. Бұл нарықтық экономика шарттарында азаматтық айналымның дамуы үшін өте маңызды.

Осылайша, азаматтық құқық деп тараптардың заңдық теңдігі бастауларында мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын қарастырамыз.

Азаматтық құқық қағидалары түсінігі. Азаматтық құқық қағидалары деп қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің негізгі бастауларын айтады. Азаматтық құқық қағидалары бүкіл азаматтық заңдылықтарды қамтиды, оның ең маңызды қасиеттерін сипаттайды. Сондықтан азаматтық заңдылықтардың нормаларын түсіну және қолдану азаматтық құқықтың жалпы қағидалары ескергенде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Азаматтық құқық қағидалары бүкіл азаматтық заңдылықтарды қамтып қана қоймай, азаматтық заңдылықтардың толық көлемін қамти отырып, АҚ 2 бабында көрініс тапқан.

Азаматтық құқық қағидалары, азаматтық қатынастарды заңдылық қарастырмаған жағдайларда, құқық аналогияны негізінде қолдануданылады, яғни, азаматтық құқықтың нақты нормасымен реттелмеген қоғамдық қатынастарды реттеу үшін азаматтық заңдылықтардың негізгі бастаулары азаматтық құқық қағидалары қолданылады. Азаматтық құқықтың мынандай қағидалары бар:

1. Азаматтық құқықтар құқық қатынасқа түсуші тараптардың теңдігілігін;
2. Меншікке қол сұқпаушылық;
3. Жеке істерге рұқсатсыз кіріспеушілік;
4. Келісімнің, шарттың еріктілік қағидасы және т.б.

Азаматтық құқық жүйесі. Тараптардың заңдық теңдігі негізінде мүліктік-бағалы және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтық нормалары ретсіз есем, олар нақты жүйеде орналасқан. Азаматтық құқық жүйесі объективті тұрғыда құрылған және азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың өзіндік ерекшелігіне негізделген. Көптеген азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың жалпы қасиеттері оларды құқықтық реттелуінің бірегейлігін, ал осы қатынастардың нақты түрлерінің кейбір сипаттамалары олардың құқықтық реттелуінің дифференциациясын қайта анықтайды. Азаматтық құқық жүйесі бойынша екі бөлімге бөлінеді, олар жалпы және ерекше бөлім. Азаматтық құқық бөлімінің пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың бір сипаттылығы кез келген мүліктік-бағалы және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеу кезінде қолданылатын азаматтық құқық нормаларын бөліп алуға мүмкіндік береді. Бұл құқықтық нормалардың жиынтығы азаматтық құқықтың жалпы бөлігін құрайды. Ол салалық реттеу пәнінің бір түрін көрсетіп, барлық салалық нормалар үшін біріктіруші бастау ретінде қызмет етеді, олардың заңды мазмұнының жалпылығын анықтайды. Жалпы бөлік табиғаты бірдей қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде қарама-қайшылықтарды болдырмауға және азаматтар мен ұйымдардың әрекеттерінің жеке салаларында пайда болатын қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің қажетті бірегейлігін қамтамасыз етеді. Жалпы бөлім азаматтық құқықтың жалпы ережелерін, меншік және өзгеде заттық құқытарды, міндеттемелік құқытарды, шарт жөніндегі жалпы ережелерді қарастырса, ерекше бөлім міндеттемелердің жекелеген түрлерін, интеллектуалдық меншік құқығын, мұралық құқық және халқаралық жеке құқық қатынастарын зерделейді.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1, 2, 4, 5, 16, 17, 18, 19, 20, 24, 36, 27, 35, 39.

Тақырып № 1. Ішкі істер органдары қызметінде азаматтық құқық нормаларын қолдану.

Сабақтың мақсаты: курсанттармен дәрісте қарастырылған теоретикалық білімді тексеру, тереңдету және бекіту, сонымен қатар оларда материалды ауызша баяндау дағдысын, сөз шешендігін қалыптастыру. Осы

сабақта курсанттар орнықты дамуға көшу жағдайындағы азаматтық заңнаманың маңызын ашу керек.

Семинар -1 сағат.

Семинарда қарастырылатын сұрақтар:

1. Азаматтық құқықтың ерекшеліктері құқық саласы ретінде.
2. Азаматтық құқықтың негізгі қағидалары.
3. Азаматтық құқықтық қатынастар субъектілерін жіктеу.
4. Азаматтық заңнаманың қолданылуы және әрекеті: құқық қорғау тәжірибесінің мәселелері.

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар:

1. «Азаматтық құқық» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. №1 тақырып бойынша дәріс конспектілерін жасау.
4. №1 тақырып бойынша реферат дайындау.
5. Рефераттардың тақырыбы:
 1. Занды тұлға ретінде Ішкі істер органдарының құқықтық мәртебесі;
 2. ПО-ның жүйесіндегі құрылымдық бөлімшелер;
 3. Қазақстан Республикасының ПМ-нің жоғары оқу орындарының азаматтық құқық субъектілігі

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Занды тұлғаның мәні.
 2. Занды тұлғаның жекеленуі, оның азаматтық құқықтық мәні.
 3. Занды тұлғаның құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі
 4. Занды тұлғалардың органдары
 5. Занды тұлғаның өкілдігі және филиалы.
- Сабаққа дидактикалық материалдар (дәріс конспектілері, нормативтік актілер).

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

- 1, 2, 4, 5, 16, 17, 18, 19, 20, 24, 236, 27, 35, 39

Тақырып № 1. Ішкі істер органдары қызметінде азаматтық құқық нормаларын қолдану.

КОӨЖ – 1 сағат аудиториялық

Тапсырмалардың мазмұны:

1-ТАПСЫРМА.

Толғанай мен Гулдананның арасында өмірлік рента шарты жасалды. Шарт бойынша Толғанай өз үйін Тоғжанға тегін берді. Ал Тоғжан ақысына

Толғанайға өмірінің соңына дейін бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде рента сомасын беріп отыруға міндеттенді. Арада үш жыл уақыт өткен соң екеуінің арасында талас орын алды. Тоғжан Толғанайды итеріп жіберіп, ол құлап, ауыр бас жарақатынан ауруханда көз жұмды. Сот үкімі бойынша Тоғжан Толғанайды абайсызда өлтіргені үшін айыпты деп танылды.

Толғанайдың мұрагерлері рента шарты бойынша берілген тұрғын үйдің қайтарылуын талап етті. Тоғжанның қорғаушысы Қазақстан Республикасы АҚ 28 тарауын басшылыққа ала отырып, рента шарты бойынша рента сомасын алушы қайтыс болған жағдайда, рента төлеушінің меншікке құқығы жойылмайтынын жеткізді. Сонымен қатар Толғанай өлімі Тоғжанның абайсыз әрекетінен орын алған, онда Толғанай өмірінен айыру ниеті болған жоқ.

Толғанайдың мұрагерлерінің талаптары қанағаттандырылады ма?

Егерде сот Тоғжан Толғанайды қасақана рента төлемінің ауыртпалығынан босау мақсатында өлтірді деген болса, сіздің шешіміңіз өзгереді ме?

Аталған дау Қазақстан Республикасы АҚ қай нормаларын басшылыққа ала отырылып шешіледі.

2-ТАПСЫРМА.

Қарағанды облысының ІД қызметкері болып табылатын Оразова, өз қаражатымен тұрғын үй құрылысына қатысты. Тұрғын үйдің құрылысы белгіленген мерзімде аяқталған жоқ, Оразовамен салынған ақшалай қаражат инфляцияға байланысты құнсызданып қалды.

Бұдан әрі Оразова штат санын қысқарту бойынша жұмыстан босатылды, мұнымен қоса үй – пәтер жағдайларын жақсартуды қажет ететіндер есебінен алынды.

Оразова Қарағанды облысының ІД басшылығының әрекетіне сотқа шағым түсіріп, өзін үй – пәтер жағдайларын жақсартуды қажет ететіндер есебіне қайта тіркеуін сұрады. Қарағанды облысының ІД өкілі сотта Оразова мен ІД арасында ешқандай азаматтық – құқықтық қатынастың туындамағанын, Оразованың құрылыс мердігерлік келісімінің бір тарабы болып табылмайтынын, ал үй – пәтер жағдайларын жақсартуды қажет ететіндер есебі туралы мәселе оның штат санын қысқарту бойынша жұмыстан босатылуына байланысты тоқтатылған еңбек келісімінің шарты ретінде қарастырылуы тиіс деп мәлімдеді.

Сот қандай шешім шығаруы керек? Егер іс сотта қаралып жатқан кезде сырттан инвестор тартумен тұрғын үй құрылысы аяқталған болса, шешім өзгере ме?

3-ТАПСЫРМА

Сакеноваға Күзембаевтің пәтеріне қарақшылық шабуыл жасағаны үшін мүлкін тәркілеумен ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылды. Қылмыстық істе Күзембаевпен мәлімделген азаматтық талап-арыз қараусыз қалдырылды. Күзембаев Сакеновадан ұрланған заттардың құнын, пәтерді жөндеу жұмыстарының шығыны мен моральдық зиян өтемақысын

өтеуді талап етті.

Сот отырысында Сакенова келесідей мәлімдеді, яғни пәтерді жөндеу жұмыстарының шығынын өзін ұстау кезінде есікті бұзып, мебельдерге зақым келтірген полиция қызметкерлері қайтаруы тиіс. Ұрланған заттардың құнына қатысты келесіні ескерген жөн, мүліктің көп бөлігі тауарлық түрін жоғалтса да, күзембаевтің өзіне қайтарылды. Моральдық зиян өтемақысын өтеуге қатысты Сакенова мұны қосымша жаза ретінде атап, Қылмыстық Кодексте бұл туралы қарастырылмағанын, сол себепті өзіне тағайындала алмайтынын, жасаған қылмысы бойынша онсыз да жаза тағайындалғанын мәлімдеді.

Күзембаевтің талап-арызы негізді ме?

4-ТАПСЫРМА

Даладан ақша және шетелдік азамат Джеймс Хаттың атына құжаттар салынған әмиян тауып алған Маратов қонақүйлер мен анықтамалық қызметтерге хабарласып, оның тұрған жерін анықтауға көп уақыт жұмсады. Соңында Джеймс Хатт «Европа» қонақүйіне тоқтағанын, алайда 15 минут бұрын оның аэропортқа кеткенін білді. Маратов шұғыл түрде өз көлігімен аэропортқа аттанды. Кешігуден қорыққан ол қозғалыс жылдамдығын арттырды, бұл үшін Маратовқа жол – патрульдік қызметтің қызметкерімен айыппұл салынды.

Аэропорт ғимаратына енген бойда ол әмияндағы суреттердің бірінен анықтаған Джеймс Хатты бірден таныды. Өз әмиянын қайтарып алған Джеймс Хатт қатты қуанып, қазір ұшып кететінін өкінішпен жеткізді. Ол Маратовқа алғыс білдіргісі келетінін, бірге тамақтануға деген ниетін жеткізді. Хатт өзін шығарып салуға келген танысы Лесбаевқа осы міндетін орындауды тапсырды.

Хатт ұшып кеткен соң Лесбаев Маратовқа осы жерден ресторанды баруды ұсынды. Маратов ресторандарға баруды ұната қоймайтынын айтып бас тартты, алайда оның орнына ақшалай сыйақыдан бас тартпайтынын, себебі айыппұл төлеуге тура келгенін, аэропортқа жеткенше бензин жұмсағанын, сонымен қатар ақылы анықтамалық телефон қызметін пайдаланғаны үшін есеп келетінін жеткізді. Лесбаев Маратов өтінішін орындауға қуанышты екенін, алайда Джеймс Хаттың алдында тапсырмасын орындағаны туралы есеп беретінін, сонымен қатар ресторан есебін қосып беретінін түсіндірді. Егер Маратов шақыруды қабылдау мүмкін деп тапса, Лесбаев тамақтануға қуанышты екендігін жеткізді. Маратов бұл туралы заңгерге айтып берді.

Оған қандай кеңес берген дұрыс?

5-ТАПСЫРМА

Прокуратураға көп пәтерлі үй тұрғындарынан, қызметтері сезікті болып көрінетін үйдің бірінші қабатын жалдаушы бірқатар ұйымдардың қызметін тексеру туралы үндеу келіп түсті.

Тексеріс нәтижесінде үй бөлмелерін үш ұйым жалдап жүргендігі анықталды: «Свет Востока» діни тобы, әлеуметтік жұмыскерлер кәсіподағы және бейнепрокат бөлімшесі. Үш ұйымның біреуі де заңды тұлға ретінде

тіркелмеген.

Осы негізде прокурор жалдаушылардан заңсыз қызметтерін тоқтатуды және жалдап жатқан бөлмелерді босатуды сұрады.

Прокурор талабы негізді ме?

6-ТАПСЫРМА

Аңшы Нұрланов өзімен аңдарға қойылған қақпандарды тексеруге аңшылыққа кетті де қайтып оралмады. 6 жыл өткен соң ол ұлының өтінішімен сотпен қайтыс болған деп танылды. Нұрланов жалғыз мұрагері болып табылатын ұлы әкесіне тиесілі тұрғын үй мен өзге де мүлікке ие болуы тиіс болатын. Сотпен аталған шешімнің шығуына бірнеше күн қалғанда Нұрланов ұлы автокөлік апатынан көз жұмды. Нұрлановтың өзге мұрагерлері болмауы себепті оның барлық мүлкі мемлекетке өтті. Үй аудандық әкімияттың балансына есептеліп, мұнда тұрғындар орналастырылды, ал қалған мүлік комиссиялық дүкендер арқылы таратылды.

7 жыл өткен соң Нұрланов қайтып оралды. Белгілі болғанындай, ол орманда өзіне құлаған ағаштан ауыр бас сүйек – ми зақымын алып, ес түссіз жатқан жерінен қорықшы тауып алған. Қорықшы оны жақын елді мекенге жеткізеді. Нұрланов құжаттары болған жоқ, ал зақым салдарынан есін жоғалтып, өзінің тұрғылықты мекен – жайын атап бере алмаған.

Бірнеше жылдар ішінде ол әртүрлі медициналық мекемелерде емделіп, жазылған соң үйіне қайтып оралды. Өзінің бар мүлкінің мемлекетке өткенін білген ол әкімияттан үйі мен өзіне тиесілі өзге де заттардың қайтарылуын талап етті. Әкімиятта оған заңға сәйкес, оның үйі мен өзге де мүлкі шын мәнінде қайтарылуы мүмкін еместігін, алайда оның тек ақшалай өтемақы алуға ғана құқылы екендігін түсіндірді.

Аталған түсіндірме дұрыс па?

7-ТАПСЫРМА

Автокөлікті сенімхат арқылы жүргізіп келе жатқан Инабеков жүргіншілер жолынан өтіп бара жатқан Сұлтановты қағып кетті. Нәтижесінде Сұлтанов ауыр дене жарақатын алып, ауруханаға жеткізілді. Айыққан соң Сұлтанов материалдық және моральдік зиянның орнын толтыру үшін мүлік иесінен талап етті.

1. Тапсырмада қандай құқықтық қатынастар туындады: азаматтық құқықтық қатынастарды саралай отырып мінездеме беріңіз.

2. Зат пен мүліктің айырмашылығы неде? Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексіне сай, заттардың қандай арнайы түрлері қарастырылған?

3. Автокөлік қандай зат түріне жатқызылады? Заттардың жіктелуі бойынша оның мінездемесін беріңіз.

4. Сот қандай шешім шығарады?

8-ТАПСЫРМА

Көшербаев өз үйін ағайынды Далабаев және Мұратов пен аз. Болатовқа 3 000 000 теңгеге сатты. Шартқа үш сатып алушы бір тарап ретінде қол қойды.

Ақша сомасының жартысы шарт жасау кезінде, ал қалған сомасы үш айдан соң төленуге тиіс болатын. Ақшасын уақытында алмаған Көшербаев Болатовқа барлық қарыз сомасын төлеуді талап етті. Болатов өзінің тек 500 мың теңге ғана төлеуге міндетті екенін айтып, қарсылық білдірді. Көшербаев оған 1 500 000 теңге төлеу жөнінде талап қойды.

Сот Көшербаев талап-арызын ішінара, 500 000 теңге көлемінде қанағаттандырды.

Сот шешімі заңды ма?

Сабақта қарастырылатын оқу сұрақтары:

1. Азаматтық құқық нормаларының жалпы сипаттамасы.
2. Құқық қолдану қызметі үшін азаматтық-құқықтық нормаларды түсіндірудің маңыздылығы.
3. Ішкі істер органдарының қызметінде азаматтық құқық нормаларының қолданылуы

Тәжірибелік сабаққа дайындық үшін курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар.

1. Негізгі әдебиеттерді қарастыру.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік актілердің негізгі ережелерін, дәріс және семинар сабақтардың сұрақтарын және т.б. конспектілеу.
4. Есептерді жазбаша орындап, жауабын айтуға дайын болу қажет.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1, 2, 4, 5, 16, 17, 18, 19, 20, 24, 236, 27, 35, 39

Тақырып № 1. Ішкі істер органдары қызметінде азаматтық құқық нормаларын қолдану.

КӨЖ – 3 сағат

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар:

1. «Азаматтық құқық» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. №1 тақырып бойынша дәріс конспектілерін жасау.
4. №1 тақырып бойынша реферат дайындау.
5. Рефераттардың тақырыбы:
 - Азаматтық құқықпен реттелетін қатынастар;
 - Азаматтық құқық және Ішкі істер органдарының қызметіне оның әсері;
 - Азаматтық құқық және Ішкі істер органдарының қызметіндегі ерекшеліктері;
 - Қазақстан Республикасындағы Ішкі істер органдарының шаруашылық қызметі;
 - Ішкі істер органдары құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде.
6. Өзіндік бақылау сұрақтары:

- Азаматтық құқық ғылым ретінде.
- Азаматтық құқық ғылымының жүйесі.
- Азаматтық құқық қызметтері.
- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары.
- Іскерлік айналым салты.
- Азаматтық заңнаманың уақыт, кеңістік және адамдар шеңбері бойынша әрекет етуі.
- Заң ұқсастығы.
- Сабаққа дидактикалық материалдар (дәріс конспектілері, нормативтік актілер).

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
1, 2, 4, 5, 16, 17, 18, 19, 20, 24, 236, 27, 35, 39

Тақырып № 2. ПО-ның қызметіндегі азаматтық-құқықтық шарттар.

Сабақ мақсаты: Берілген сабақтың мақсаты теориялық материалды бекіту, ауызша жеткізу және қарсы сөйлеуді дамыту.

Дәріс - 1 сағат

Сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы шарттық қарым-қатынастардың ерекшеліктері.
2. Құқық қорғау органдары мен жеке меншік күзет ұйымдары арасындағы өзара әрекетті дамыту жолдары мен мәселелері.
3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірін сақтандыру.

Дәрістер тезистері:

Шарттың түсінігі және түрлері. Шарттың мазмұны және нысаны. Шартқа отыру және шарт еріктілігі. Шартты бұзу және өзгерту.

Шарт түсінігі. «Шарт» термині азаматтық құқықта әртүрлі мағынаға ие. Шартты жағдай негізіндегі заңды дерек деп, міндеттемелік құқықтық қатынастарды бекітетін құжат деп те түсінуге болады. Осыған сәйкес шарт азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқталуына әкелетін бір немесе бірнеше тұлғалар арасында жасалатын келісім.

Шарт – бұл ең көп тараған мәміле. Осыған байланысты мәмілеге тарайтын барлық ережелер шартқа да тарайды. Шарттан туындайтын міндеттемеліктерге азаматтық құқықта туындайтын міндеттемеліктердің ережелері қолданылады. Кез келген мәміле сияқты шарт та еріктілік қағидасының негізінде жасалады. Бір ерекшелігі, шартта еріктілік әрқашан екі тараптан туындауы керек. Сондықтан Азаматтық Кодексте шарт еріктілігін бекітетін бірнеше нормаларды көруге болады.

Біріншіден, азаматтық құқық субъектілерінің шартты жасауға немесе жасамауға байланысты еріктері бар. Азаматтық Кодексте көзделген реттерде ғана еріктілік шектелуі мүмкін.

Екіншіден, шартты жасау барысында серік (партнер) таңдау еркі. Мысалы айталық, кепілге беруші не кепіл ұстаушы ерікті түрде кез келген сақтандырушыны таңдауға ерікті.

Үшіншіден, азаматтық қатынастарға түсушілердің шарт түрін таңдауға еріктілігі. Азаматтық Кодекске сәйкес, тараптар заңда немесе өзге де нормативтік актілерде көзделген не көзделмеген шарттарды жасауға құқықтары бар. Сондай-ақ тараптар бірнеше шарттарды араластырып жасай алады (аралас шарт).

Төртіншіден, тараптар шарт жағдайларын ерікті түрде қарастыра алады. Азаматтық Кодекске сәйкес, шартта немесе өзге де актілерде шарттағы жағдайлар қарастырылмаса, тараптар шартты өз еріктерімен қарастыра алады. М: Азаматтық Кодекске сәйкес, жалға алушы ағымдағы жөндеу жұмысын заңнамада немесе шартта өзгеше көзделмесе өз есебінен жүргізеді. Ортақ келісім арқылы бұл арада жөндеу жұмыстарын жалға алушы емес жалға беруші де өз есебінен жасауы мүмкін. Шарттың үлкен артықшылықтарының бірі – заңда болып жататын өзгерістер шартта көзделген нормаларды өзгерте алмайды, яғни сенімділік жоғары болады.

Шарт мазмұны. Тараптар бекіткен жағдайлар шарттың мазмұнын құрайды. Шарт мазмұны негізінен шартқа отырушы тараптардың шарт мәні бойынша қалыптастыратын негізгі құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді.

Біріншіден, шарттың пәні болып – негізгі маңызды жағдай мен мүдделер қарастырылады. Пәні анықталмай бірде-бір шарт жасалмайды. М: сатып алу сату шартында нақты қандай заттың, мүліктің сатылатындығы қаралмаса, шарт жасалмайды.

Екіншіден, заңда немесе өзге де нормативтік актілерде маңызды деп танылған жағдайлар. М: кепілге берілетін заттың құны анықталмаса, шарт жарамсыз.

Үшіншіден, нақты шарттың түріне байланысты анықталған маңызды жағдайлар. АҚ-де бекітілген шарттардың өзіне тән міндетті жағдайлары бар. М жауапкершілігі шектеулі серіктестік құру үшін ортақ мақсат көрсетілуі керек, ол болмаған жағдайда шарт жарамсыз болып табылады. Сақтандыру шарты сақтандыру оқиғасы болмаса жарамсыз.

Төртіншіден, бір тараптың өтініші бойынша белгілі бір жағдай маңызды болып есептелінуі мүмкін. М сатып алушы затты сатып алған уақытта сатушыдан буып түюді талап етуі мүмкін және ол талап екінші тарапқа міндетті болып табылады, тиісінше жағдай маңызды болып кетті. Оны орындамау шарттың бұзылуына әкеледі.

Шарт нысаны. Шарт жасасу үшін міндетті түрде шарттың нақты түріне талап етілетін нысанын сақтау керек. Шарт мәміленің түрі болғандықтан, оған мәміленің нысанына байланысты ерекшеліктердің барлығы дерлік қолданылады. Азаматтық кодекске сүйенетін болсақ шарттың нысаны заңдарда

көрініс таппаған жағдайда тараптар өзара шеше алады. Тараптар белгілі бір нысанда шартты бекіткеннен бастап шарт өз күшіне енеді. Мысалы: азаматтар арасында 1 жылға дейінгі мерзімге аренда шарты жасалатын болса жазбаша нысанда жүзеге асырылады. Егер де тараптар аренда шартын жасасу кезінде жазбаша нысанды жүзеге асырамыз деп келісетін болса шарт жазбаша нысанда жасалмағанша өз күшіне енбейді. Нақты шарт жасасу кезінде келісімнің белгілі бір нысан түрінде көрінісі ғана емес, тиісті мүліктің берілуі де талап етіледі. Бұл арада мүлікті беру тиісінше ресімделуі керек.

Егер де заң немесе тараптардың келісімі бойынша шарт жазбаша нысанды жасалу керек болса, ол қол қойылған құжат түрінде, сондай-ақ құжатты пошта, телетайп, телефон, телеграф, электрондық және т.б. арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл әдістер құжаттың тараптардың шарты арқылы жеткізілмегендігін анықтауға болады. заңмен, нормативтік актімен немесе тараптардың келісімімен шарттың нысанын (бланк нысанында, мөр басылған және т.б.) бекітетін талаптар мен оларды сақтаудан туындайтын зардаптар бекітілуі мүмкін. Егер мұндай қосымша талаптар сақталмаған болса, тараптар шартты жасасу кезінде ерікті түрде өздері жазбаша шарттың реквизиттерін және олардың орналасу кезегін бекіте алады. Сондықтан жазбаша құжатта шарттың жеке талаптарының орналасу тәртібі оның жарамдылығына еш әсер етпейді. Азаматтар мен заңды тұлғалар арасындағы жазбаша шарт ресімделетін бланктердің нысаны қолданылады. Мұндай типтік нысандағы бланктер шартты жедел әрі дұрыс ресімдеуге мүмкіндік туғызады. Типтік нысанда көрсетілген реквизиттердің сақталынбауы тараптар арасында келісім бойынша өзгертілген болса жарамсыздыққа әкелмейді. М типтік нысан бойынша шарт жасасу барысында маңызды жағдайлар көрсетілмеген немесе графалар толтырылмаса жарамсыздыққа не күшін жоюға әкелмейді.

Негізгі және алдын ала шарттар. Азаматтық-құқықтық шарттар өздерінің заңдық бағытталғандығына байланысты ерекшеленеді. Негізгі шарт материалдық игіліктердің орын ауысуына байланысты тікелей құқықтар мен міндеттерді туғызады: мүлікті беру, жұмыс атқару, қызмет көрсету, және т.б. алдын ала шарт – тараптардың негізгі шартты болашақта жасауына байланысты келісімі. Шарттардың көбісі – негізгі шарттар, алдын ала шарттар әлдеқайда сирек кездеседі. Алдын ала шарт негізгі шарт үшін бекітілген нысанда жасалады, ал егер нысаны бекітілмеген болса, жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

Біржақты және өзара шарттар. Тараптар арасындағы құқықтар мен міндеттердің анықталуына байланысты барлық шарттар біржақты және өзара болып бөлінеді. Біржақты шартта – бір тарапта тек құқықтар туындаса, екінші жақта – міндеттер туғызады. өзара шартта – тараптардың әрқайсысы бірдей құқықтар мен міндеттерге ие болады. көп шарттар өзара болып келеді. М: сатып алу сату шарты бойынша сатушы мүлік үшін ақша талап етуге құқылы және сол мүлікті сатып алушыға беруге міндетті. Ал сатып алушы сол мүлікті талап ету құқығына ие және ол үшін ақысын төлеуге міндетті. Сонымен қатар, біржақты шарттар да кездесіп жатады. Біржақты шарттарды біржақты мәмілелелерден айыра білген жөн. Себебі, біржақты мәміліде екінші тараптың

еркі талап етілмейді.

Құнды және құнсыз шарттар. Құнды шарттар дегеніміз – бір тараптың мүлік ұсынуы екінші жақтың да мүлік ұсынуын талап ететін шарт түрі. Құнсызда керісінше, бір жақтың мүлік ұсынуы екінші жақтың мүлік ұсынуын талап етпейді. М: сатып алу сату шарты – құнды шарт, ол құнсыз болуы мүмкін емес те. Ал сыйға тарту шарты өзінің заңдық табиғаты бойынша қарама қарсы болып келеді. Яғни, екінші жақ ешқандай құнды мүлік бермейді. Кейбір шарттар құнды да, құнсыз да болуы мүмкін. Яғни бір тараптың ұсынғанының орнына бір нәрсе берілуі де берілмеуі де мүмкін.

Міндетті және ерікті шарттар. Ерікті шарттар – тараптардың шарт жасауы өздеріне тікелей байланысты болады. Міндетті шарттар, тараптардың біреуінің немесе екеуінің де міндетіне жататындығымен ерекшеленеді. Көп шарттар ерікті түрде болады. шарт жасау міндеттілігі нормативтік актіден туындайды. М: шот ашамын деп банкке жүгінген клиенттің сұранысын банк қызметкерлері қанағаттандыруға міндетті.

Міндетті шарттардың арасында жария шарттардың алатын орны ерекше. Азаматтық кодексте бірінші рет жария шарты енгізілген еді. Оның келесі белгілері бар:

1. Коммерциялық ұйым жария шарттан негізсіз бас тарта алмайды, айталық онда клиенттің сұраған мүлкі, қызметі бар болған жағдайда оған көрсетіп қызмет ету керек.

2. аталмыш ком-қ ұйым қызмет көрсетуге, тауар, жұмыс орындаумен айналысуға міндетті.

3. аталмыш қызметтер ком-қ ұйым кез келген жүгінушіге көрсетілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген белгілердің біреуінің орындалмауы шарттың жария еместігінің белгі

Өзара келісілген және қосылу шарттары. Өзара келісілген шартта оның қатысушыларының барлығы бірдей оның талаптарын қалыптастыра алады. Қосылу шарты бойынша оның талаптарын бір тарап қана бекітеді.

Шарт жасасудың жалпы тәртібі.

Шарт жасау барысында қойылған мақсаттарға жету үшін, тараптар ерікті түрде жасап оны бәрі қабылдау керек. Бір жақ ұсыныс жасайды, ал екінші жақ қабылдайды. Немесе бірінші сатыны – оферта десек, екінші сатыны – акцепт дейміз. Бірінші тарап – оферент, екінші тарап – акцептант. Оферент акцептанттан акцепт алған кезде ғана шарт жасалады.

Азаматтық кодекске сәйкес, оферта келесі талаптарға сай келуі керек:

1. тұлғаның шарт жасауы анықталғандығы және оның шарт жасауға деген ынтасы көрінуі шарт

2. шарттың барлық маңызды жағдайлары құрамында болуы керек.

3. бір немесе бірнеше тұлғаға бағытталуы керек.

Шарт жасасудың міндеттілігі. Заңға сәйкес, шарт жасасудың тараптардың біреуіне міндетті болып табылатын кездер болады. шарт жасауға мүдделі тарап, өзіне ол шарт бойынша ешқандай міндет жүктелмесе де шарт жасау міндетті болып табылатын екінші тарапқа шарт жоспарын жібереді(оферта). Шарт жасауға міндетті болып табылатын тарап шарт жоспарын 30 күннің ішінде

қарап қайта жіберу керек: оған келесім бері мүмкін, не басқа талаптарды жылжытуы мүмкін, не одан бас тартуы мүмкін.

Шартты өзгертудің және бұзудың тәртібі. Шартты өзгерту және бұзу шарт жасасу кезінде сияқты белгілі бір ережелерге сүйене отырып жүзеге асырылады. Шартты өзгерту және бұзу өзінің заңды табиғаты бойынша мәміле болып табылады. Демек, бұл кезде де мәміле жасасудың, бұзудың не өзгертудің жалпы ережелері қолданылады. Сонымен қатар шарт түріне байланысты ҚР-ң заңдылығымен шартты өзгертудің және бұзудың арнайы ережелері пайдаланылады.

Тараптардың өзара келісімімен емес, бір тараптың ғана еркі талап етелетін жағдайларда шартқа өзгерістерді енгізу және оны бұзу тәртібі бір бөлек. Бұл кезде шартты өзгертуге мүдделі тарап келесі тарапқа шартты өзгерту немесе бұзу туралы келесі тарапқа ұсыныс енгізуге міндетті. Ұсыныста қабылдаған тарап заңда не шартта көзделген мерзім ішінде, ол болмаған жағдайда 30 күн ішінде шартты өзгерту не бұзу туралы ұсынысты берген тарапқа:

1. ұсыныспен келісу туралы;
2. одан бас тарту туралы;
3. басқа талаптарда шартты өзгерту туралы хабардар етуге міндетті.

Бірінші жағдайда, шартты өзгерту не бұзу туралы ұсыныс жасаған тараппен басқа тараптан келісім келіп түскен сәттен бастап, шарт өзгертілді не бұзылды деп саналады. Екінші жағдайда, және ұсынысты алған тарап белгіленген мерзімде жауап бермеген болса, ұсыныс жасаған тарап сотқа жүгіне алады. Үшінші жағдайда, ұсыныс жасаған тарап контрагент жасаған ұсыныспен келісе алады. Және бұл арада шарт өзгертілді деп есептеледі. Ұсыныс жасаған алғашқы тарап контрагенттің жасаған ұсынысымен келіспеген жағдайда сотқа жүгіне алады.

Орындалған шартты өзгерту не бұзу мүмкін еместігін есте ұстаған жөн. Айталық, пәтерді сатып алу сату шарты жасалды, тараптар барлық формалды әрекеттерді орындап қанағаттанғаннан кейін, шартты қайта қалпына келтіру туралы келісімге келе алмайды.

Шартты өзгертудің және бұзудың салдары. Шартты өзгерту кезінде өзгертілген бөліктегі міндеттемелік қатынастар да өзгереді. М: тараптар тауар жеткізілім шартын жасасу барысында ондағы 1 сортты тауарды 2 сортты тауарға алмастыру туралы келісімге келіп оны тиісінше бекітсе, тапсырушы сортты қайта талап ете алмайды. Ал шарттың басқа бөліктер сол қалпында әрекет ете береді. М: тауар жеткізілім орны, мерзімі, саны т.б.

Шартты сотпен өзгеркенде немесе бұзған жағдайда сотшешімі шыққаннан бастап тиісінше шарт өзгере не бұзылады. Жалпы ереже бойынша тараптар шарт өзгергенге дейінгі қатынастарды талап ете алмайды. М: Аренда құны келесі айдан бастап 10% төмен болады деп өзгеріс енгізілген жағдайда, арендаға беруші бұрынғы он пайызда талап ете алмайды. Бір тарап екінші тараптың шартты тұрақты түрде орындамауын басшылыққа ала отырып шартты өз бетімен бұзуға құқылы.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
1-3, 42-46, 48-50,56,57

Тақырып № 2. Ішкі істер органдары қызметіндегі азаматтық-құқықтық шарттар.

Сабактың мақсаты: Нормативті актілермен жұмыс істеу әдетіне дағдылану және оларды тәжірибеде қолдануды үйрету. Сонымен қатар теориялық білімді ішкі істер органдарының қызметкерлерінің денсаулығы және өмірін сақтандырумен байланысты жағдайларда қолдану.

Шарттың ұғымына анықтама беретін болсақ азаматтық заңдарда белгіленгендей екі немесе одан да көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттемелерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп танылады.

Семинар - 1 сағат

Сұрақтары:

1. Ішкі істер органдарының әрекет ету саласындағы азаматтық-құқықтық шарты.
2. Жеке күзет қызметі – ақылы қызмет көрсетудің бір түрі ретінде.
3. Жеке күзет компанияларының және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын жетілдірудің мәселелері мен тәсілдері.
4. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын міндетті мемлекеттік сақтандырудың құқықтық негіздері.

Тапсырма: ауызша жауап даярлау.

Әдістемелік ұсынымдар:

Азаматтық құқық негізінен шарттық қатынастар арқылы қалыптасады, себебі азаматтық құқықтың басты қағидасы тараптар теңдігі мен келісімдігіне бағытталған. Шартқа қатысты сұрақтарды қарастыру барысында оның негізгі түсінігі мен түрлерін, мазмұны мен қалыптастыру нысанына зейін салу керек. Шартты құру жағдайларын анықтай отырып, оның өзіндік тәжірибелік жағына терек көңіл бөліңіз. Шарт жарамдылығын анықтай отырып, басты белгілерне ерекше назар аударыңыздар. Сонымен қатар шартты бұзу және өзгерту жағдайларын талқылай отырып олардың құқықтық жағына зейін салыңыз.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
1-3, 42-46, 48-50,56,57

Тақырып № 2. Ішкі істер органдары қызметіндегі азаматтық-құқықтық шарттар.

КОӨЖ – 2сағат

Тапсырмалардың мазмұны:

1-ТАПСЫРМА

Қарағанды қаласының орталық полиция бөлімі қылмыстық іздестіру бөлімшесінің жеделуәкілі М.Маратов қызметте өзін нашар сезінді.

Жұмыстағы әріптестері «Жедел жәрдем» шақырып, оны жұмыс орнынан Қарағанды облыстық кардиоорталығына жеткізді, мұнда 3 күн реанимация мен 9 күн емдеуден кейін миокард инфаркті деген диагноз қойылды.

СҰРАҚ:

1. М.Морозов сақтандыру ала алама, және осы ауру (жүрек жарақаты ретінде) сақтандыру төленетін аурулар мен жарақаттар тізіміне кіре ме?

2-ТАПСЫРМА

Қарағанды қ. Қазыбек-би аудандық сотына азаматша Н. Оспанова жүгінді. Оның күйеуі Қарағанды облысының жол полициясы басқармасының қызметкері М.А. Оспанов қызметі кезінде иық жарақатын алды. Оған операция жасалып, пластина бекітіліп, тігіліп ауруханадан босатылды.

Алынған жарақат «орташа дәрежелі» деп танылды.

Ауруханадан шыққаннан кейін біраз уақыт өткен соң, күдіктілерді ұстау барысында құлап, ота жасалған иықпен соғылды. Содан кейін иық кішкене сырқырады, дегенмен ауруы қойған сияқты болды, бірақ бір ыңғайсыздық пайда болды.

Жоспарлы рентген суреттен пластина құлаған кезде сыңғаны, сонымен қатар сүйек те сынып кеткені анықталды.

Тағы да одан да күрделі операция жасалды, сан сүйегінен сүйек бөлігін алу керек болды, себебі жаңа үлкен өлшемді пластина өсіру керек болды.

Операция тегін жасалғанымен, ал басқа керекті материалдар бірінші ретте де екінші ретте де жұбайлардың қаражатынан алынды.

СҰРАҚ:

М.А. Оспановқа екінші операция үшін сақтандыру қоры тиіс пе?

3-ТАПСЫРМА

Полицияның Оңтүстік-Шығыс бөлімшесі құрылыс ұйымымен өзен жағалауына жақын жерде фундамент құрастыру келісіміне отырды. Жұмыс мердігердің жұмысшы қолымен орындалуы тиіс. Қыстың соңында мердігер керекті материалдарды жағалауға әкелді, көктемде су деңгейі көтеріліп барлығы су астына кетті. Цемент бүлінді. Мердігер полицияның Оңтүстік-Шығыс бөлімшесінен бүлінген цементтің құнын төлеуді талап етті, себебі үй төмен жер бөлігінде тұрғызылып жатыр, ал ол биік жер бөлігінде тұрғызылуы қажет еді. Полицияның Оңтүстік-Шығыс бөлімінің басшылығы мердігердің бұл цементті биік жерде сақтауы мүмкіндігі бар екендігіне сілтеме жасап, өтінішті қабылдамады.

1. Мердігердің талабы қанағаттандырылуы керек пе?

2. Қандай жағдайларда жұмыс көлемі мердігердің жұмысшы

қолымен жасалуы керек?

3. Полицияның Оңтүстік-Шығыс бөлімшесі осындай келісім жасауға құқылы болды ма?

4-ТАПСЫРМА

Зарубин «Надежда» сақтандыру компаниясымен өз денсаулығы мен өмірін сақтандыру келісім-шартын жасасты. Келісімді жасасқан соң екі айдан кейін Зарубин парашютпен секіру кезінде ауыр жарақат алып сақтандыру қорына жүгінді. Сақтандыру компаниясы төлемді төлеуге қарсылығын көрсетіп, келісімді жарамсыз деп тануын талап етті, себебі Зарубин парашют спортымен айналысатынын мәлімдемеген болатын. Зарубин сақтандыру компаниясына спортпен айналысатыны жайлы айтуды керек деп таппады, себебі сақтандыру кезінде одан тек денсаулығы туралы анықтаманы сұрады.

1. Қандай жағдайларда меншікті сақтандырудағы сақтау төлемдерін төлеуге рұқсат етілмейді?

2. Сақтандыру компаниясының іс-әрекеті заңды ма?

5-ТАПСЫРМА

Азамат Омаров ПО жеделуәкіл ретінде қызмет атқарды. 2009 жылдың 31 мамырынан өз қызметінен оған қарсы қылмыстық істің ашылуымен уақытша шектетілген болатын. Шектету шешімін аудандық прокуратура қабылдады. 2010 жылы ол 6 жыл бас бостандығынан айырылды, 6 ай тергеу изоляторында отырып шыққан соң жоғарыда тұрған сот шешемі бойынша кассациялық арыз ретінде үкімді өзгертті.

Қазіргі уақытта ПО оның түрмеде отырған уақыты үшін ақшалай үлес төлеуден бас тартып отыр.

Петров талап-арызбен Қарағанды қ. Қазыбек-би сотына жүгінді.

СҰРАҚ:

ПО Омаровқа ақшалай қаражат төлемеуге құқылы ма?

6-ТАПСЫРМА

Фирманың кіре берісінде көлік тоқтады. Жүргізуші моторды тексеріп жатыр. Көлік ішінде жолаушылар бар .

Сіздің кезекші күзетші ретіндегі әрекетіңіз?

7-ТАПСЫРМА

Рачков сотқа «Бег» ЖШС өзіне тиісті міндеттерді мәжбүрлі түрде орындау жөнінде талап-арызымен келді, өзінің талабында жауапкермен тұрғын үйді жалдау келесім шарты бар екендігін негізге алды.

Келесім жазбаша түрде жазылмағанымен, Рачков пәтер ақыны, коммуналды қызметтің ақысын жүйелі түрде төлеп отыр, бұл олардың арасында келесімнің бар болуын дәлелдейді. Жауапкер өз тарапынан өзіне міндетті қызметтерді атқармайды, яғни өз уақытында жөндеу жұмыстарын және келісімде жазылған басқа да қызметтерді атқармайды.

Талапкердің айтуы бойынша, жауапкер бірнеше жылдар қатарынан

басталған күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізбей жүргенін, соның нәтижесінде үй адам тұруға жарамсыз екеніне сілтеме жасады.

Сот қандай шешім қабылдайды?

8-ТАПСЫРМА

Прокурор сотқа Мұратовтың құқығын қорғау мақсатымен сатып алу-сату келісім-шартын жарамсыз тану талап-арызымен жүгінді.

Меншік құқығына ие, үш бөлмелі пәтерде тұратын Мұратов оны Маратовқа сатты. Шарт нотариуспен расталды.

Дегенмен Мұратов 3-топтағы мүгедек болып табылады, диспансерде орталық ми жүйесінің интелектің төмендеуі мен қауқарсыз дәрежесі нысанындағы созылмалы психологиялық аурумен тіркелген. Ауру адам болғандықтан, Маратов өзінің әрекетін дұрыс басқара алмайды.

Аталған шартты жарамсыз деп тану қандай негіздерге сүйене жүзеге асырылады?

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1-3, 42-46, 48-50,56,57

Тақырып № 2. Ішкі істер органдары қызметіндегі азаматтық-құқықтық шарттар.

КӨЖ – 2 сағат

1-тапсырма

Сулейменова М.К. «Общее положение о договоре» // Предприниматель и право, №21, за август 1997г. мақаласын конспектілеу.

2-тапсырма

Лобкова А.Х. «Договорные отношения» //Предприниматель и право, №16, за июль 1997г. мақаласын конспектілеу.

3-тапсырма

Карметкомбинатпен 60 000 тонна құбырларды Казцинк АҚ-на жеткізу шартының жобасын құрастыр.

4-тапсырма

Алдын ала шарт пен негізгі шарт жобаларын жасаңыз.

5-тапсырма

Рефераттар жазу және қорғау:

1. Шарт-мүліктік айналым қатысуларының өзара қатынастарын ұйымдастыру құралы ретінде.

2. Нарықтық экономикаға көшу барысындағы шарт еркіндігі және шарттағы тәртіп.
3. Шарттардың түрлері және оның азаматтық құқықтағы жіктелуі.
4. Шарттың мазмұны және оның талаптарының жіктелуі.
5. Шарт талаптары және іскерлік айналым шарты.
6. Азаматтық-құқықтық шарттарды жасасу кезеңдері және тәсілдері.
7. Аукциондарда шарт жасасу тәртібі.
8. Биржалық шарттар (контракттілер).
9. Жария шарттар және қосылу шарты.

Өзіндік бақылау материалдары

Өзіндік бақылау үшін тест тапсырмалары

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
1-3, 42-46, 48-50,56,57

Тақырып № 3.Ішкі істер органдарымен зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелерді жүзеге асыру мәселелері.

Сабақ мақсаты: Берілген сабақ кезінде:

- а) курсанттарға азаматтық-құқықтық жауапкершілік түсінігін түсіндіру.
- ә) жауапкершіліктің жалпы туындау жағдайына мән бөлу.
- б) азаматтың өмірі мен денсаулығына келген зардаптың орнын толтыру ретін түсіндіру.
- в) моральді шығынның орнын толтырудың ретін анықтау.
- г) курсанттардың құқықтық білімін кеңейту және жоғары құқықтық мәдениетті тәрбиелеу.

Дәріс - 1 сағат

Сұрақтар:

1. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті анықтауда концептуалдық және әдістемелік тәсілдер.
2. Зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелердің ерекшеліктері мен мәні.
3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауапкершілік.

Дәріс тезистері:

Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер. Адамдардың өзара қарым-қатынасында бір тұлғаның екіншісіне зиян келтіруге алып келмейтін адам өмірінің бірде бір аясы жоқ. Ол басқа азаматтар мен заңды тұлғалардың әртүрлі іс-әрекеттерінің салдарынан азаматтық-құқықтық; қатынастар субъектілеріне тиесілі игіліктер мен құқықтарға келтірілуі мүмкін.

Зиян келтіру ондіріс аясында орын алады, ол автокөліктер мен басқа да

көлік құралдарының иелерімен, қауіпті заттармен, жануарлармен, тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатудан, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік билік пен басқару органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен және т.б. келтіріледі-

Жоғарыда аталған субъектілердің іс-әрекеттері *зиян* келтіре отырып, бірқатар жағдайларда, құқыққа қайшы сипатқа да ие болады. Олар, оларды жасаған тұлғаға азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктелуге мүмкін болатын белгілерге сәйкес болған кезде, азаматтық құқық бұзушылық, басқаша айтқанда де-ликтілік, сипатқа ие болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, олар азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі ретінде бағаланады.

Бұдан ары біз осыған қажетті шарттарды (талаптарды) сон-дай-ақ зиян келтіру салдарынан туындайтын құқықтық қатынастарды қарастыру кезінде қолданылатын түсініктерді айқын-дайтын боламыз.

Алдымен азаматтық-құқықтық жауапкершілік түсінігіне қысқаша тоқталайық.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарына (игіліктеріне) және заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіру заң шығарушының назарынан тыс қала алмайтындығы сөзсіз. Олай болмаған жағдайда қоғамдық қатынастардың реттеушісі ретіндегі азаматтық құқықтың құндылығы елеулі түрде төмендетілер еді. Сол бір немесе өзге субъектілерге зиян келтіру жағдайларын тиісті назардан тыс қалдыру әртүрлі құқықтық және өзге де өзекті мәселелерді одан әрі туындайтын, бір немесе бірнеше құқық бұзушылықтар жасаған құқық бұзушы тарапынан құқық бұзушылықты одан әрі ушықтыруға алып келуі әбден мүмкін.

Зиян - белгілі бір көлемде және заңмен қозделген тәсілдермен оның салдарын жоюды немесе өтеуді талап ету құқығын белгілі бір тұлғаларға беретін, материалдық немесе материалдық емес игіліктерді кемітуден көрініс тапқан құқық бұзушылықтың жағымсыз салдары (азаматтық құқықта ол сондай-ақ, құқықбұзушылық элементі)

Зиянды өтеу – заңда көрсетілген құқыққа қайшы әрекеттен мүліктік немесе мүліктік емес зияннан пайда болуы мен зиян келтірушінің міндеттемесінен немесе басқа да заңда көрсетілген адамның зиянды толық мөлшерде өтеуі мен заңды немесе жеке тұлғаның құқығы мен мүддесін заңмен қорғалуы. Зиян келтірудегі міндеттемені жүзеге асыру азаматтық-құқықтық жауапкершілік пен жүзеге асырылады, яғни оның функцияларын компенсациялық, айыппұл, тәрбиелеу мен мәжбүрлеу ретінде анықтауға болады.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүліктік және (немесе) мүліктік емес) зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің белгілері: мемлекеттік мәжбүрленумен ажырағысыз байланыс; іс-жүзіндегі негіздеме – құқық бұзушылық болуы; құқық бұзушы тәртібінің мемлекеттік және қоғамдық айыптаумен байланысы.

Негізсіз баю және бөтен мүлікке қауіпті, залалды жою нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің ұғымы. Міндеттемелердің туындау шарты. Заңсыз баюдан туындайтын міндеттемелер.

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттеме сол бір немесе өзге себептер бойынша тауарлармен ақылы эквивалентті алмасу бұзылатын, соның салдарынан жоспарланған, бірақ жүзеге аспаған қатынастардың қайсы бір қатысушысы қандайда бір материалдық игіліктерді басқа қатысушыларға негізсіз беретін, құқықтық қатынастардың теріс пиғылды қатысушылары басқа тұлғаның қандайда бір мүлкін жасырып қалатын немесе олардың контрогенті ретінде болуға жоспарланған тұлғаның мүлкін пайдаланып қалу орайы келетін кез келген жағдайларда пайда болады. Негізсіз баю сондай-ақ субъектілер шартты қатынастармен байланыста болғанда, шартқа қатысушылардың біреуінің немесе екеуінің салақтығы кездейсоқтыққа орай байыған тараптың немесе мүлікке деген құқытардың заңды иесінен басқа өзге субъектінің пиғылынан болатын жағдайларда орын алуы мүмкін.

Негізсіз баюдан туындайтын міндеттеменің алғы шарттары болып мүліктің меншік иесінің өзге де құқық иесінің иелігінен шығуы адам мүлкін кез келген өзге де тәсілмен азайту болып табылады. Мысалы субъект басқа адамның міндеттемесін өз қаражаты есебінен орындағанда.

Негізсіз баюдан туындайтын міндеттемеге орай, заңдар немесе мәмле мен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебіне иеленіп алған немесе жинақтаған тұлға (сатып алушы) негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдынғысына қайтаруға міндетті.

Негізсіз байлық ретінде: а) егер міндеттемеге өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындау үшін оны орындау мерзімі басталғанға дейін берілген мүлік; б) талап ету мерзімі өткеннен кейін міндеттемені орындау үшін берілген мүлік; в) азаматқа оның тарапынан теріс пиғыл болмаған жағдайда күн көріске арналған қаражат ретінде берілген және иемденуші пайдаланған ақша сомасы және өзге де мүлік қайтаруға жатпайды.

Негізсіз алынған немесе жинақталған мүлікті заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда мүлікті иеленуші жәбірленушіге осы мүліктің оны алған кездегі нақты құнын өтеуі, сондай-ақ егер мүлікті иеленуші оның құнын баюдың негізсіздігі туралы білгеннен кейін дереу өтемесе, мүлік құнын кейінгі өзгеруі арқылы келтірілген шығындарды өтеуге тиіс.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
1-3, 12, 13, 40,41, 42-50,52,53,55

Тақырып № 3. Ішкі істер органдарымен зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелерді жүзеге асыру мәселелері.

Семинар – 1 сағат

Сабақ мақсаты: Берілген сабақтың мақсаты курсанттардың дәріс

сабақтарынан алған теориялық білімді бекіту мен тереңдету және білімді тексеру, сонымен қатар материалды ауызша баяндауды үйрету мен қарсы әңгіме құра білуді үйрету болып табылады. Осы сабақта курсанттардың азаматтық-құқықтық жауапкершілік түсінігін ашу керек.

СЕМИНАР ЖОСПАРЫ:

1 НҰСҚА

Қарастырылатын аспектілер: саяси, қоғамдық, экономикалық, халықаралық, экологиялық, психологиялық, отбасылық.

Сөз сөйлеуді бағалау критерилері:

Сөз сөйлеу мазмұндылығы. Толықтық. Нақтылық. Саналылық

Сұрақтарға жауаптардың мазмұндылығы. Жылдамдылық. Икемділік. Құрылымдық. Жүйелі. Логикалық.

Уақытты ұтымды пайдалану. Сұрақтарды қалыптастыру. Мәселелік. Нақтылық. Айқындық. Байланыс мәдениеті.

Сөз сөйлейтін сөз. Әңгімелесушілерді шешу тәсілі. Оларға құрметпен жауап бере білу. Материалдарды еркін меңгеру.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Бекіту тобын және бас тарту командасын қалыптастыру (жеті спикердан), жарықтандырылған аспектілерді команда ішінде тарату; үш сарапшыны, уақытты сақтаушы төрешісін таңдау.

2. Топтың ұстанымын қолдайтын дәлелдер, дәлелдер (дәйексөз, фактілер, статистикалық деректер) дайындаңыз.

3. Қарсылас топтың спикері жақсы сұрақтар дайындау.

4. Қалған курсанттар журналистер ретінде жұмыс істейді және спикерлер үшін сұрақтар дайындайды. Журналистер арасында ең қызықты сұрақ бойынша конкурс өткізіледі.

Сабаққа арналған дидактикалық және басқа да материалдар:

Сарапшылардың, ақпараттық карталардың, нормативтік құқықтық актілердің хаттамалары (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі)

2 НҰСҚА

(сұрақ – жауап нысаны, талқылау)

Сабақтың мақсаты:

а) өзіндік дайындық барысында дәріс сабағынан алынған теориялық материалдарды біріктіру;

б) азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің тұжырымдамасы мен ерекшеліктерін

және оның түрлерін түсіну;

в) ПО қызметіне азаматтық-құқықтық санкцияларды қолдануды бағдарлау;

г) зақымдану немесе шығын мөлшерін анықтаудың негізгі мәселелерін білу.

Семинарда талқыланатын оқулық сұрақтары:

1. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізгі принциптері мен ерекшеліктері.
2. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыру шарттары.
3. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері.
4. Зақымдану немесе жоғалту мөлшерін анықтау мәселесі.
5. Құқық қорғау органдарының қызметіне азаматтық-құқықтық санкциялар қолдану.

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулықтар:

1. Бірінші мәселені қарастыру кезінде азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің принциптері мен сипаттамалары анықталады.
2. Екінші сұрақты дайындау кезінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыру жағдайларын қарастырыңыз.
3. Үшінші сұрақты дайындау кезінде азаматтық жауапкершіліктің белгілі бір түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу.
4. Төртінші сұрақты дайындау кезінде келтірілген зиянның немесе шығынның мөлшерін түсіндіру керек және оның анықталуындағы қиындықтар айқындалады.
5. Бесінші мәселені қарау кезінде ПО-ның азаматтық санкцияларды қолдануға қатысудың қалай жүзеге асырылатынын білу қажет.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1-3, 12, 13, 40,41, 42-50,52,53,55

Тақырып № 3. Ішкі істер органдарымен зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелерді жүзеге асыру мәселелері.

КОӨЖ – 2 сағат

Тапсырмалардың мазмұны:

1-ТАПСЫРМА

Полицияның Шығыс бөлімінің жедел қызметкері Күрекбаев, қашқын қылмыскерді ұстау мен қызметтік міндеттерін орындау барысында жарақат алды. Нәтижесінде оған 2-топ мүгедек дәрежесі тағайындалды. Күрекбаев келтірілген залалдың орнын толтыруға арналған сома мөлшері қандай?

СҰРАҚ:

1. Егер еңбекке жарамдылығы сақталған жағдайда, қызметкердің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу сомасының есебі қалай жүзеге асырылады?

2-ТАПСЫРМА

Азамат Искаков ПО-да жеделуәкіл болып қызмет істеді. 2007 жылы 31 мамырда, оған қарсы қылмыстық іс қозғалуына байланысты уақытша қызметінен босатылды. Қызметінен шететтуге бастамашы аудандық прокуратура болды. 2009 жылы Искаков 6 жылға сотталып, 6 ай қамауда болды. Жоғарғы тұрған сот, шағым беру тәртібімен сот үкімінің күшін жойды. Қазіргі уақытта ПО-ы абақтыда ұстауда болған уақыты үшін, Искаковқа ақшалай үлес төлеуден бас тартып отыр. Искаков аудандық сотқа талап-арызбен жүгінді.

СҰРАҚ:

1. Сот қандай шешім қабылдауы керек?

3 ТАПСЫРМА

Талапкер Д.А. Легенбаев аудандық сотқа өзінің ар-намысы мен іскерлік абыройын қорғау жөнінде және моральдық өтем туралы Т.Я. Болатовқа қатысты талап арыз берді. Талапты қарастыру негізі ретінде ол азаматша Болатов Т.Я. Астана қаласының ІІБ бастығына жазбаша арыз ұсынған онда ол, полиция қызметкері ретінде Легенбаев Д.А.-ны өзінің ұлы әскери қызметкер Келсинов арасындағы мәселеге шара қолданбағаны үшін, сонымен қатар оны жұмыс орнында мас күйінде көруін алға тартады. Жауапкердің бұл ақпараты ойдан шығарылған болып саналады. Болатов Т.Я. оқиға орнында болған жоқ сондықтан Легенбаев Д.А іс-әрекетіне баға бере алмайды. Болатов Т.Я. бұл ұсынысы ІІБ бастығының жалпы жиналыста жария ету бойынша қызметтік тексерудің себебі болды. Тексеріс нәтижесі бойынша полиция қызметкерлерінің іс-әрекетінің заңдылығы туралы шешім қабылданды. Болатов Т.Я.-ның ІІБ бастығына берген арызы жауапкердің денсаулығынан теріс нәтиже көрсетті. Ол осыдан жүйке күйзелісі мен эмоциялық стресске әкеліп соғатын моральдық және физикалық зардап шекті. Ол бас ауруына, жүрек ауруына, ұйқысы қашып артерия қан қысымына шалдықты. Психологтын көмегіне жүгініп, дәрі-дәрмек ішуге мәжбүр болды. Өз сөзінің шындық екенін дәлелдеуге мәжбүр болды. Осы себепті әріптестері ортасында қылмыстық іздестіру бөлімінің басқарушысы ретінде абыройына нұқсан келтірді деп санайды. Талапкердің ойынша жауапкер оның ар-намысы мен іскерлік абыройын аяқ асты ететін сәйкессіз мәліметтер ұсынды. Болатов Т.Я.-ны ІІБ қызметкерлерінің жеке құрамының алдында жария түрде кешірім сұрау арқылы бұл мәліметтерді жоққа шығарып және моральдық өтемақы ретінде 500 мың теңге өтеуін сұрайды.

СҰРАҚ:

1. Талап қанағаттандырылуға жатама?

4 ТАПСЫРМА

Кемелов жүк автокөлігінде жүргізуші болып жұмыс істеді. 2010 жылдың 24 қыркүйегінде ол Қарағанды-Астана маршруты бойынша сапарға шықты. Теміртау қаласынан шығар жолда Кемеловты жол патрульдік полиция

қызметкерлері мас күйінде деген күдік танытып, тоқтатты. Сол себепті Кемеловты Теміртау қаласының норколгоиялық орталығына куәландыруға алып барды. Полиция қызметкерлері мен норколог-дәрігердің сұрағына, Кемелов спирттік ішімдік ішпегенің және сапарға шығар алдында, үйінде салқын квас ішкенін айтты. Толық емес куәландырудың нәтижесі Кемеловты масаң екендігін көрсетті. Осыған орай полиция қызметкерлерімен Кемеловқа қарсы әкімшілік құқықбұзушылық жөнінде хаттама толтырылып, жүргізуші куәлігі алынды. Полиция қызметкерлері мен норколг-дәрігердің шығарған қорытындысына наразылық білдіріп, Кемелов Қарағанды қаласына барып, облыстық норкологиялық орталықта қайта толық куәландырудан өтті. Аталған медициналық куәландырудың нәтижесі Кемеловты мас еместігін көрсетті. Кемелов бұзылған құқығын қорғау мақсатында сотқа талап-арызбен жүгінді.

СҰРАҚ:

1. Дауды қалай шешуге болады?

5 ТАПСЫРМА

Солтүстік полиция бөлімінің қызметкерлері заңсыз ұстау нәтижесінде Асатаев деңсаулығына зиян келтірді. Ол қарсылық танытқан еді. Аталған зиян дене жарақатына, білек сүйегінің сынуына әкеліп соқты. Асатаев, кінәлі ПО қызметкерлерін қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тарту талабымен прокуратураға жүгінді.

СҰРАҚ:

1. Зиянның орыны толтырылады ма? Қалай?

6 ТАПСЫРМА

Алматы қалалық ПБ патрульдік-бекеттік қызметтің қызметкерлері Асанмен Асқар кәмелетке толмаған Сұлтан мен Дарханды өлтіріп алды. Аталған қылмыста адами қасиетке қарсы арсыздық әрекеттер орын алады. Қайтыс болғандардың аналары талап-арызда жауапкер ретінде Алматы қалалық ПБ тартылу керектігін сұрап отыр.

СҰРАҚ:

Аталған жағдайға құқықтық сипаттама беріңіз.

Сот қандай шешім шығарады?

7 ТАПСЫРМА

Азаматов жол полициясының патрульдік машинасымен соғылған болатын. Қол және аяқтарының сынуымен ұзақ уақытқа еңбек қабілетінен айырылды. Келтірілген зиян бойынша талап арыз Жол полициясы басқармасына автокөлік жүргізушісіне келіп түсті. Істі қарастырған сот Азаматов көшені өту ережесін бұзған жоқ деп бекітті. Жауапкер автокөлік жүргізушісі кінәлі еместігіне сүйеніп талапқа қарсылық танытты. Кенеттен болған жүрек қысымы оны тежегішті басып бірден автокөлікті тоқтату мүмкіндігінен айырды. Кенеттен болған жүрек қысымы ауруханадан әкелеген анықтамамен дәлелденді.

СҰРАҚ:

1. Бұл жағдайда жауапкершілікті орнату үшін қандай негіздер керек?
2. Жүргізушінің дәлелді негізі бар ма?

8 ТАПСЫРМА

Азаматша Баратова өзінің кәмелет жасына толмаған ұлы Баратовтың құқығын қорғау мақсатымен, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға білім беретін «Лесок» мемлекеттік мекеме болып табылатын балалар бақшасына да 1 «Б» сыныбында оқитын ұлы мектепте болған уақытында баспалдақтан құлап басымен соғылу нәтижесінде бас миы шайқалғандығын негізге алып, материалдық мүлікті қалпына келтіру және моральдық зиянды өтеу туралы талап арыз ұсынады. Оның ұлын басқа бір оқушы – Қанат итеріп жіберген.

Не сынып жеткешісі не мектеп басшылығы оқиға туралы анасын хабардар етпеген.

Баланы мектептегі медицина қызметкеріне жібермеген.

Жарақатына қатысты бала ем алды, қазіргі уақытта неврологта, көру қабілетінің төмендеуіне байланысты окулистың бақылауында.

Қазіргі уақытқа дейін жарақаттардың зардабын шегуде.

Баратова «Лесок» мемлекеттік оқыту мекемесінен зиянның орынын толтыру жөнінде, соның ішінде емдеуге кеткен шығын мен моральдық шығынды да өтеуді сұрайды.

СҰРАҚ:

Талап қанағаттандырылуға жатады ма?

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
1-3, 12, 13, 40,41, 42-50,52,53,55

Тақырып № 3. Ішкі істер органдарымен зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелерді жүзеге асыру мәселелері.

КӨЖ – 2 сағат

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР.

1. Негізгі әдебиетті оқу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Нормативті актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабақтары мен семинар сұрақтарын конспектілеу.
4. Ситуациялық жағдайларды жазбаша орындап, оларды ауызша баяндауға дайындалу.

Тапсырмалардың мазмұны:

1 ТАПСЫРМА.

Қызметтік тексеру барысы нәтижесінде Абай аудандық ІІО тергеушісі Курманғалиев тәртіптік жаза бойынша қызметінен шеттетілді. Қызметтік тексеру кезінде өзін жайсыз сезіну барысында ол Ішкі Істер Департаментінің облыстық госпиталына қаралады. Облыстық госпитальда оған 7 күндік мерзімде емдеу уақыты жазылып берілген. Емдеу парағы біткен уақыттан Курманғалиев жұмысқа шықты, бірақ ол басшылықтан иеленген қызметінен шектелгенін біледі. Аталмыш шешіммен келіспеген Курманғалиев аудандық сотқа тәртіптік шараның негізсіз екендігін алға тартып басшылыққа шағымданады. Бірақ сотта оның талап арызы қайтарылды, себебі талапкермен соттың азаматтық-құқықтық дау бойынша басшылықтың әрекетін жоғары органға шағымдану сотқа дейінгі тәртібі сақталмаған.

СҰРАҚ:

Сот шешімі дұрыс па?

Өз ойыңызды негіздеңіз.

2 ТАПСЫРМА

Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды қаласы Академиясының күндізгі бөлім тыңдаушысы Күзембаевқа оқу орнында төбелес шығарғаны үшін Академия басшысы бұйрығымен сөгіс берілді. Осыған байланысты тыңдаушы 10 қараша күні мас күйінде жедел кезекшіге ұсталуымен Академия басшысы бұйрығымен оны оқудан шығарады. Басшының әрекетін заңсыз деп тапқан Күзембаев сотқа оны тыңдаушылар қатарына қайта қосу туралы талап ұсынды. Арызында ол Академиямен еңбектік құқықтық қатынаста тұрмағандықтан өзіне тәртіптік шара қолданылуға болмайтындығын көрсетті. Оған қоса оқу тәртібін еңбек тәртібімен теңестіруге болмайды. Сонымен қатар оның Академиямен қарым қатынасы шартқа негізделген, оқуға түсу барысында жасалған азаматтық-құқықтық келісімшартта Академиядан мас күйіндегі тыңдаушы оқудан шығарылады деген бөлім қарастырылмағанын көрсетті.

Сұрақ:

Академия басшысының іс-әрекеті құқыққа сай ма? Соттың қандай іс-әрекет істегені дұрыс?

3 ТАПСЫРМА

Қарағанды қаласының Ішкі Істер Департаментінің тергеушісі Мақсатов, Ортылық полиция бөлімінде тәртіптік ескертусіз 18 жыл жұмыс істеп, жұмысқа орналасу барысында күйеуінің соттылығы бар екендігін көрсетпегендіктен жұмыстан шығарылады. Күйеуі 20 жыл бұрын сотталғандығын, ол білмеген. Соттылық жойылған. Мақсатов төрт ай көлемінде сотқа өзінің ар-намыс мен абыройын қорғау барсында жүгінген, бірақ сот органдары оның талап арыздарын қабылдамаған.

СҰРАҚ:

Берілген дау қайда шешілуі керек?

4 ТАПСЫРМА

20.08.13ж.жол-көлік оқиғасы нәтижесінде Арынов жүргізген машинаның қатысуымен және Мұратов жүргізген автомобильдің қатысуымен екі көлікке де техникалық ақау келді. Арынов әкімшілік айыпұл өндіруге тартылды, ал Мұратовқа қатысты Павлодар облысының Жол полиция басқармасы басшысының қаулысымен әкімшілік құқықбұзушылықтың құрамы жоқтығынан іс қысқарған.

Арыновсотқа Павлодар облысының Жол полиция басқармасы басшысының қаулысының күшін жойып істі жаңадан қарауға жіберуді сұрап талап берді, себебі оқиғаға жолдың қарсы қозғалыс жолағына шығып кеткен Мұратов кінәлі.

Павлодар аудандық сотының шешімімен Арынов шағымы қанағаттандырылмай тоқтатылды.

СҰРАҚ:

Сот шешімі дұрыс па?

5 ТАПСЫРМА.

2013 ж. 5 маусымда Балхаш қаласының прокуратурасына азамат Кеменгер ТОО «Базис» кәсіпорынымен қолданыстағы заңнаманың бұзылғанын мәлімдеп шағымданды. ТОО «Базис» жер учаскелерін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сәйкес шешімінсіз Балхаш қаласының бас архитекторымен жасалған жағдайлық жосапарлар арқылы иеленіп отырған. Ал бұл заңды болып табылады ма. Заңнама талаптарын орындамаудың салдары Гүлбала және Саматтың аталмыш учаскенің иеленушісі болып табылатын азаматтарының жер құқықтарының бұзылуына әкеп соқты.

СҰРАҚ:

Қандай шешім қабылдануы керек?

6 ТАПСЫРМА

Қарағанды қаласының Қазыбекби аудандық сотына Полатов В.И. Қарағанда қ. Орталық полиция бөлімінің қызметкерлерінің өзін 31.05.2013 ж, әкімшілік ұстауын заңсыз деп тану туралы жүгінді.

Өз арызында ол, 31.05.2013 ж. белгісіз қызметкер ӘҚБТК 620 б. бойынша әкімшілік ұстау туралы хататма толтырды, және ол оның процессуалдық құқықтарын дөрекі түрде жою бұзу барысында толтырылды деп көрсетті.

Полатов арызында анықтап көрсеткенінен, сот отырысында оның өкілі Тасболаттың түсіндіруі бойынша, 31.05.2013 жылдың 09 сағ. 30 мин. ол, Полатов № 138 Бухар-Жырау даңғылы бойынша, қолында Қытайдағы адам құқықтарын жою жөнідегі плакаты бар жалғыз өзі, үнсіз шеру жасады;

Шеру жасау барысында сағат 16. 30 мин., шамасында арызданушы жоғарыда көрсетілген орында полиция қызметкерімен ұсталып Орталық полиция бөліміне жеткізілді, ол жерде оған қатысты ӘҚБТК 330б қарастырылған әкімшілік құқықбұзушылық бойынша хаттама толтырады.

Сонымен қатар белгісіз полиция қызметкерімен Полатовқа қатысты әкімшілік ұстау туралы хаттама толтырылады; әкімшілік ұстау туралы хаттама толтыру барысында ішкі істер қызметкерімен ӘҚБтК 620 бабында көрсетілген қателіктер жіберілген: Аты жөні көрсетілмеген, қызмет түрі, ұстау негіздері, және ұсталған адамға құжаттар көшірмесі берілмеген: хаттама толтыру барысында жіберілген процессуалдық қателіктер оның күшінің жоқтығын білдіреді және мұндай әкімшілік ұстаудың заңсыз екендігін білдіреді.

Тараптардың іс бойынша ұсынған құжаттарынан қарастырылды:

Аға лейтенант Омарованың рапортынан 31.05.13ж сағат 16.30мин. кезінде ПБ инспекторы Оспанова қатысуымен Орталық полиция бөлімінің кезекші бөліміне 1986 жылы туылған, Бухар-Жырау 138 үйде тұратын қоғамдық орында бола тұра жалпы тыныштықты бұзған, әдепсіз сөйлеген, сонысымен қоғамдық тәртіпті бұзған Полатовты алып келеді, әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама оның қатысуымен толтырылды;

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы 31.05.2013ж 17 сағат 30 минутта Орталық полиция бөлімінің полиция капитаны Керімовамен толтырылған ӘҚ № XXX ӘҚБтК 330 б.1 хаттама бойынша қоғамдық орын болып табылатын Бухар-Жырау 138 –де жалпы тыныштықты бұзып, қатты айғайлап, әдепсіз сөйлеп, қоғамды сыйламай, қоғамдық тәртіпті бұзды;

Пикетчиков полиция бөліміне әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтыру үшін жеткізілді.

СҰРАҚ:

Аталмыш мәселені қалай шешуге болады?

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Азаматтың не заңды тұлғаның өз қызметкерлеріне келтірілген зиянды өтеу жауапкершілігі.
2. Ата-ана құқығынан айырылған ата-ана жауапкершілігі.
3. Жәбірленушінің алмаған кірісінің орнын толтыру.
4. Қайтарылуға жатпайтын негізсіз талаптар.
5. ПБ қызметкерлерінің заңсыз келтірген зиянының орнын толтыру.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1-3, 12, 13, 40,41, 42-50,52,53,55

Тақырып № 4. Ішкі істер органдарының азаматтардың отбасы құқығын қорғауға қатысуы

Сабақтың мақсаты: Курсанттарға ішкі істер органдарының қызметінде азаматтық заңнама нормаларын қолдануға байланысты негізгі теориялық санаттар мен ұғымдарды түсіндіру. Сонымен қатар азаматтық заңнаманың негізгі қағидалары мен қайнар көздерін қарастыру. Азаматтық заңнама нормаларының ішкі істер органдарының қатысуымен болатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттардың жекелеген түрлеріне және шарттан тыс міндеттемелерге қолданылуына көңіл бөлген жөн. Қазақстан Республикасы ІІО-

ң азаматтардың отбасы құқығын қорғауға қатысуын түсіндіру.

Дәріс-1 сағат.

Сұрақтары:

1. Нарықтық қатынастарға көшу шарттарындағы отбасы құқығының даму мәселелері.
2. Құқық қорғау органдарының неке және отбасы құқығын қорғауға қатысуы.

Дәріс тезистері:

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы: 1) еркек пен әйелдің некелік (ерлі-зайыптылық) одағының еріктілігі; 2) отбасындағы ерлі-зайыптылар құқықтарының теңдігі; 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік; 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісім арқылы шешу; 5) балалардың отбасында тәрбиелену басымдығы, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық; 6) отбасының кәмелетке толмаған, қарт және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғау; 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, осы құқықтарды сот арқылы қорғау мүмкіндіктері; 8) отбасының барлық мүшелерінің салауатты өмір салтын қолдау қағидаттарына негізделеді. Тек мемлекеттік органдар қиған неке (ерлі-зайыптылық) ғана танылады.

Діни жоралар мен рәсімдер бойынша қиылған неке (ерлі-зайыптылық) тіркеуші органдарда тіркелген некеге (ерлі-зайыптылыққа) теңестірілмейді және тиісті құқықтық салдарлар тудырмайды.

Еркек пен әйелдің, сондай-ақ бір жыныстағы адамдардың шын мәнінде бірге тұруы неке (ерлі-зайыптылық) деп танылмайды.

Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) кезінде және отбасылық қатынастарда шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, нәсілі, ұлты, тілі немесе діни көзқарасы немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынады.

Азаматтардың неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарындағы құқықтары тек заң негізінде және бұл тек конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілік құндылықтарын қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, сол шамада шектелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы: 1) отбасы мүшелері: ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы, ал Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдар арасындағы құқықтар мен міндеттерді, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды белгілейді; 2) некеге отырудың (ерлі-зайыпты болудың), некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарттары мен тәртібін

белгілейді;3) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындайды;4) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейді;5) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың функцияларын айқындайды.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасымен реттелмеген отбасы мүшелері арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы қолданылады, өйткені бұл неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарының мәніне қайшы келмейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, азаматтар неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарынан туындайтын өздеріне тиесілі құқықтарды, оның ішінде осы құқықтарды қорғауға арналған құқықты өз қалауы бойынша пайдаланады.

Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) құқықтарының жүзеге асырылуы мен міндеттердің орындалуы отбасының басқа мүшелері мен өзге де құқық субъектілерінің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) құқықтарын қорғауды азаматтық сот ісін жүргізу қағидалары бойынша сот жүзеге асырады. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінде көзделген жағдайларда, неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) құқықтарын қорғауды мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде және осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі
1-10, 16, 27, 97-105, 108

Тақырып № 4. Ішкі істер органдарының азаматтардың отбасы құқығын қорғауға қатысуы

Сабақтың мақсаты: курсанттармен дәрісте қарастырылған теориялық білімді тексеру, тереңдету және бекіту, сонымен қатар оларда материалды ауызша баяндау дағдысын, сөз шешендігін қалыптастыру. Осы сабақта курсанттар орнықты дамуға көшу жағдайындағы азаматтық заңнаманың маңызын ашу керек.

Семинар -1 сағат.

1. Ата-аналар құқықтары мен міндеттері. Ата-ана құқықтарын теріс пайдаланатындарды анықтаудағы құқық қорғау органдарының рөлі.

2. Ата-аналарының қамқорысыз қалған балаларды орналастыру. Құқық қорғау органдарының асырап алушы, қорғаншы және қамқоршылардың асырап алуды теріс пайдалану әрекеттерін анықтауға қатысуы.

3. Алименттік міндеттердің түрлері мен түсінігі. Алимент төлеуден жалтарып жүргендерді іздестіруге ІІО-ң қатысуы.

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар:

1. «Азаматтық құқық» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. №7 тақырып бойынша дәріс конспектiлерiн жасау.
4. №7 тақырып бойынша реферат дайындау.
5. Рефераттардың тақырыбы:
 1. Алименттік міндеттердің түрлері мен түсінігі;
 2. Ата-аналарының қамқорысыз қалған балаларды орналастыру;
 3. Ата-аналар құқықтары мен міндеттері.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 6, 33, 37, 42, 47, 51,77, 78,80.

Тақырып № 4. Ішкі істер органдарының азаматтардың отбасы құқығын қорғауға қатысуы

КОӨЖ- 2 сағат

Тапсырмалардың мазмұны:

1-ЕСЕП

Бекболатова Гүлнар мүлікті бөлу туралы талабымен сотқа барады. Жауапкер ретінде Бекболатов Рауан болады. Олардың арасындағы неке 2012 ж. 10 қарашасында бұзылған болатын. Талапкер талап арызында некеге тұрғанға дейін автомобиль сатып алғандығын, ал Бекболатов Р.Д. ата-анасы қайтыс болғаннан кейін пәтердің жартысын мұраға алғандығын айтты.

Бірге тұрған кезде ерлі-зайыптылар екібөлмелі пәтерге, тоңазытқышқа, кір жуу машинасына, түрлі түсті теледидарға, жи?азға ие болған. Бекболатова пәтердің жартысы, жи?аздың бар екендігін айтып, Бекболатова Гүлнар екі бөлмелі пәтердің өз меншігінде қалуын соттан сұрайды.

Сот қандай шешім шығаруы керек?

2-ЕСЕП

Алматы қаласындағы нотариалдық конторалардың бірінде Иран азаматы мен Қазақстан Республикасы азаматшасының арасында неке шарты жасалды. Шартқа келесі ережелер енгізілген:

-некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі болып табылады;

-неке кезінде жиналған мүлік күйеуіне, ал әйеліне тек жеке пайдаланыстағы заттар және күйеуі сыйға тартқан қымбат заттар тиесілі болады;

әйелі:

-үш жыл бойы үйде отыруға, ешқайда шықпауға және туған еліне бармауға міндетті;

-екі жыл ішінде бала көтермеуге (ол ана болу үшін жүріс-тұрысының

лайықтылығын күйеуінің ата-анасы қадағалап, рұқсат береді);

-үй бойынша міндеттерді орындау керек (тамақ әзірлеу, үй жинау және т.б.);

күйеуі:

-әйелін асырап-бағады;

-әйеліне қажетті киім алып береді немесе киім алуға ақша береді.

Айырылыса қалса, балалар әкесінің отбасында қалады, ал әйелі екі жыл ішінде тұрмысқа шығуға хақысыз.

Жасалған неке шартына құқықтық баға беріңіз.

3-ЕСЕП

Аманғали мен Рымкул араларындағы неке тіркелген соң, Алматы қаласының маңында үй салады. Үй тұруға жайлы, төрт бөлмеден тұрады. Үй салынған жер учаскесі меншік құқығы негізінде Рымкүлге тиесілі болатын.

Аманғали кәсіпкер болған кезде Ресейден Қазақстанға жеңіл автомобильдер үшін қосалқы бөлшектерді жеткізілумен шұғылданған. 2011 ж. күзінде Акопянды ресейлік құқыққорғау органдары ұстап, оған экономикалық қылмыс жасағаны үшін айып тағылады. Бес айдан кейін Аманғали кінәсі дәлелденбеген соң босатылады. Үйге оралған кезде ол, үйдің жартысын әйелі Аскер Хусаиновқа сатып жібергенін біледі.

Әйелі әрекеттің күйеуі үйде жоқ кезде өмір сүруге ақша болмағанымен түсіндіріледі. Оның үстіне ол, үйді сатқаннан түскен ақшаның басым бөлігі ұсталып қалғандығын айтты.

Әйелінің мұндай қылығына наразылық танытқан Аманғали, әйелі үйдің жартысын оның рұқсатынсыз сатуға құқығы ортақ ақшасына салынған, сол себепті ол Хусаиновпен жасалған сатып алу-сату шартын бұзуды әйелінен талап етеді. Рымкүл шарт бұзудан бас тартады, оның айтуынша, үй салынған жер учаскесі оның дербес меншігі болып табылады, соған сәйкес ол өз бетімен оған билік етуге құқылы.

Аманғали сотқа талап арызымен жолданады, онда ол Рымкүл мен Хусаиновтың арасындағы сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тануды сұрайды.

Сот қандай шешім шығару керек?

4-ЕСЕП

Алматы қаласының тұрғыны Тамара Төлепбергенова суретші Сабыров Абылаймен үш жыл бойы тіркелген некеде тұрып, күйеуінің өзіне қызығушылығын жоғалтқанын байқады. Ол уақытының басым бөлігін суретшілер бөлмесінде өткізеді, үйден ерте кетіп, әрқашан да кеш қайтып жүреді. Тамара, күйеуі өзінің жүрістерін өзгертпесе, онымен айырылысатынын айтты. Абылай өзінің сөзін елемеген соң, Тамара некенің бұзылуын талап етті. Абылай қарсылық білдірмеді. Неке Алматы қаласының Бостандық ауданының АХАТ органында бұзылады.

Неке бұзылғаннан кейін алты ай өткен соң, Тамара Төлепбергенова сот тәртібімен Сабыровтан олармен неке кезінде жиналған ортақ мүлікті бөлуді

талап етті. Онымен қоса, Төлепбергенова Сабыров салған суреттердің бүлінуін және ол некеде тұрған кезде салған суреттері үшін неке бұзылғаннан кейін алған сыйақының бөлінуін талап етті.

Төлепбергенованың талабы заңға сүйенеді ме? Сабыровтың неке кезінде салған суреттері ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады ма? Неке бұзылғаннан кейін Абылай Сабыровтың алған сыйақысы бөлінуге жатады ма?

5-ЕСЕП

Арман Әлібек пен Әлия Садықова неке қиғаннан кейін үш жыл өткен соң неке шартын жасалады да, оны нотариусте куәландырады. Онда үй мен автомобильге дербес (бөлек) меншіктің режимін белгілейді: "Вольво" автомашинасы меншік құқығы жазылады. Қалған заттарға ерлі-зайыптылар ортақ меншік режимін таратады.

Неке шарты жасалған соң бір жыл өткеннен кейін Арман мен Әлияның үйінде өрт өршіп, нәтижесінде үйдің жартысы мен басқа мүліктің кейбір түрлері жойылады. Осыған байланысты күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындайды. Арман өзіне тиесілі автомашинаны сатқанды жөн көреді. Тиген ақша үйді жөндеуге және тұрмыстық техниканы: теледидарды, тоңазытқышты және бірлесіп жинаған мүлікті бөлу дауларын шешу туралы талап арызымен сотқа жолданады.

Істі шешіңіз. Мүлікті бөлу қалай жүргізілуі тиіс? Қандай жағдайда осы мүлікті ортақ бірлескен меншікке жатқызуға болады?

6-ЕСЕП

Алматы қ. тұрғыны әскери-медициналы Академияның курсанты Нағашыбаев эстрада-цирк колледжінің төртінші бағам студенті Самалбековамен неке қияды. Ашық мінезді әрі ақ көңіл Самалбекова тұрмысқа шыққаннан кейін де уақытының басым бөлігін достарының арасында өткізеді, ол бірде бір көңіл кешін қалдырмайды және онда әрқашан Нағашыбаевсіз баратын, әйелінің бұндай іс-қимылдары жұбайына ұнамаған соң, ол Самалбековадан қыдыруды тоқтатуды талап етеді. Бірақ Самалбекова достарымен уақытын қалай өткізетінін өзі шешетіндігін айтты. Нағашыбаев болса, Самалбекова оның әйелі болғандықтан, қонаққа тек күйеуімен баруы керек дегенді айтады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Ерлі-зайыптылардың айтқандарына құқықтық баға беріңіз.

7-ЕСЕП

Заң факультетін бітіргелі бір ай өткен соң Белесбаев пен үшінші бағам студенті Келесбаева неке қияды. Белесбаев жас маман ретінде Петропавл қаласының прокуратурасына жұмысқа жібереді. Келесбаева оқуының бітуіне тағы бір жыл қалғандықтан, ол күйеуімен бірге кете алмайды. Белесбаев Петропавлға жалғыз кетеді.

Қысқы демалыс кезінде Келесбаева күйеуіне Петропавл қаласына барып келеді. Қаланың өзі және ондағы климат жағдайы оған ұнамайды. Бірақ қаланың ұнамағандығын күйеуіне айтпайды. Келесбаева жазда оқу бітіргенде,

Белесбаев оны қасына, Петропавл қаласна шақырады. Келесбаева Алматыдан көшкісі келмейді де күйеуінің ұсынысына қарсылық танытады. Белесбаев болса, Келесбаева заңды жұбайы болғандықтан, күйеуінің соңынан еру керек дегенді айтады. Келесбаеваның айтуынша, ерлі-зайыптылар Әртүрлі қалаларда тұра алады және бір біріне демалыс кезінде барса да жеткілікті.

ҚР отбасылық заңнамасы бойынша жұбайының тұрғылықты жерін таңдау құқығы нені білдіреді? Кімдікі дұрыс?

8-ЕСЕП

Бектеміров казинода істейтін Құрбановамен некеге отырады. Неке тіркелгеннен кейін күйеуі әйелінің жұмысына наразылық айта бастайды. Ол әйелінің басқа жұмыс тауып алуын талап етеді. Құрбанова, өзіне бұл жұмыс ұнайтындығын және оны ауыстырмайтындығын айтады. Бұған көнбеген Бектеміров неке бұзу арызымен сотқа жолданады.

Сот қандай шешім шығарғаны дұрыс? Неке бұзудың отбасылық заңнама бойынша негіздері қандай? Бектеміров жұбайының қандай құқығын бұзып отыр?

9-ЕСЕП

Медетов пен Амирова некені тіркей отырып, өздерінің некеге дейінгі фамилияларын қабылдау ниетін білдірді. Бала туған соң, ерлі-зайыптылар алдындағы шешімін өзгертеді, олар ортақ фамилияда болғанды жөн көреді. Осы шешімге сәйкес, олар Амированың тегін жұбайынікіне не болмаса оған біріккен (қос) фамилия беру туралы өтінішімен АХАТ органына барады.

Осы жағдайда АХАТ органының әрекеттері қандай болуы тиіс? Текті (фамилияны) ауыстыру негіздері мен тәртібін сипаттап беріңіз.

Өзіндік дайындық сұрақтары:

1. Ерлі-зайыптылардың отбасындағы теңдігі.
2. Ерлі-зайыптылардың өз аты-жөнін таңдап алу құқығы.
3. Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері.
4. Ерлі-зайыптылардың мүлкінің заңды режимі, оның ұғымы.
5. Ерлі-зайыптылардың ортақ біріккен меншігі.
6. Ерлі-зайыптылардың ортақ біріккен меншігін иелену, пайдалану және басқару.
7. Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігін бөліскенде үлестерді анықтау.
8. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігін олардың ортақ меншігі деп тану.
9. Неке шартының ұғымы және мазмұны. Неке шартын өзгерті және бұзу. Неке шартын жарамсыз деп тану.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 6, 33, 37, 42, 47, 51,77, 78,80.

Тақырып № 4. Ішкі істер органдарының азаматтардың отбасы құқығын қорғауға қатысуы

КӨЖ- 2 сағат

Өзіндік дайындық сұрақтары:

1. Некені бұзу.
2. Азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында некені бұзу.
3. Некені соттық тәртіпте бұзу.
4. Некені ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімінің болмағаны кезінде соттық тәртіпте бұзу.
5. Бас бостандығынан айырылған азаматпен некені бұзудың ерекшеліктері.
6. Неке ажырасу процесінде шешілетін сұрақтар.
7. Некені жоюдың құқықтық салдары.
8. Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі.
9. Ерлі-зайыптылар мүлкінің шарттық режимі. Неке шарты.
10. Ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ мүлкі. Ерлі зайыптылардың мүлкінен өндіріп алу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 6, 33, 37, 42, 47, 51,77, 78,80.

Тақырып № 5. Ішкі істер органдарының кәмелет жасқа толмаған тұлғалардың құқықтарын қорғаудағы рөлі.

Сабақ мақсаты: Сабақтың мақсаты Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған балалардың құқығын қорғаудағы ішкі істер органдары қызметкерлерінің рөлін анықтау. Кәмелетке толмаған балалардың құқығын қорғау жүктелген органдардың құқықтық жағдайын қарастыру.

Дәріс — 1сағат

Сұрақтар:

1. Кәмелетке толмағандармен жасалынатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың құқықтарын қорғаудағы мемлекеттік жүйесінде құқық қорғау органдарының орны мен рөлі.
2. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу және жолын кесу бойынша кәмелетке толмағандар соттарының рөлі мен маңызы.

Дәріс тезисі:

Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтарының алдын алу және олардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесіндегі ішкі істер органдарының орны және рөлі. Бала құқықтарын қорғау мен азаматтық құқық субъектіліктерін жүзеге асыруға ішкі істер органдарының қатысуы. Кәмелетке

толмағандардың құқық бұзушылықтарымен күресудегі ПО-ның тергеушісінің рөлі. Кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстардың алдын алу және күресудегі ювенальдық соттардың рөлі мен мәні. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз қалуының алдын алу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 6, 33, 37-39, 42, 47, 51,77, 78,80.

Тақырып № 5. Ішкі істер орагандарының кәмелет жасқа толмаған тұлғалардың құқықтарын қорғаудағы рөлі.

Семинар - 1 сағат

Сабақ мақсаты: Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған балалардың құқығын қорғаудағы ішкі істер органдары қызметкерлерінің рөлін анықтау. Кәмелетке толмаған балалардың құқығын қорғау жүктелген органдардың құқықтық жағдайын қарастыру.

Сұрақтар:

1. Ішкі істер органдарының балалардың құқықтарын қорғауға және олардың азаматтық-құқықтық тұлғаларын іске асыруға қатысуы.
2. ПО тергеушісінің кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылыққа қарсы күрестегі рөлі.
3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қараусыздығы мен үйсіздікке жол бермеу.

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар:

1. Негізгі әдебиеттерді оқу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Нормативті актілер негізгі ережелерін, дәріс сабақтарының сұрақтарын, семинар сабақтарды және т.б. конспектілеу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 6, 33, 37-39, 42, 47, 51,77, 78,80.

Тақырып № 5. Ішкі істер орагандарының кәмелет жасқа толмаған тұлғалардың құқықтарын қорғаудағы рөлі.

КОӨЖ - 1сағат

Тапсырмалардың мазмұны:

1-ТАПСЫРМА

15 жасар колледж оқушысы Инабеков ата-ана рұқсатымен DVD-плеерге ақша жинап жүрді. Ол жыл соңында керекті қаражатты жинады (бұл

қаражаттың 20% шәкіртақидан, соманың 30% атасы сыйлады, 30% демалыс уақытында жұмыс істеп тапты, ал соманың қалған бөлігін ата-анасы сыйлады). Ата-анасынан рұқсат сұрамай Инабеков DVD-плеерді 16 жасар өз досы Боранбаевтан сатып алды, ал ақшаның қалған бөлігін банктегі депозит есебіне салды. Мұндай сатып алынған затқа көңілдері толмаған Инабеков ата-анасы Боранбаевтан пен оның жанұясынан келісімнің тоқтатылуын талап етті. Өз кезегінде Боранбаев анасы да DVD-плеердің өз ұлына қайтарылуын сұрады, себебі ол оны ата-анасынан сыйлыққа алған. Инабеков пен Боранбаев өз ата-аналарына бұл келісімнің жойылмайтынын айтты, себебі ақша мен DVD-плеер олардың меншігі болып табылады. Инабековтың анасы оның ұлы мен Боранбаев арасындағы сатып алу-сату шартын жарамсыз деп танысын деп сотқа жүгінді.

Қарастырылатын қатынастарды қандай азаматтық құқықтар реттейді? Қарастырылатын қатынаста субъект кім? Азаматтардың азаматтық құқықтық қатынастарына қатысу үшін қандай жағдайлар қажет? Инабеков пен Боранбаев азаматтық құқықтық қатынастың өз бетімен субъекті бола ала ма? Боранбаев DVD-плеерді сатып жібергені заңды ма? 14 пен 18 жасар балалар арасындағы жасалған келісімдер қандай жағдайларда жарамсыз болып табылады? Берілген жағдайда кім және қандай сот органына азаматтық құқықтарды қорғау өтінішімен жүгіне алады? Соттың шешімі қандай болады?

2-ТАПСЫРМА

Кездейсоқ байланыстан қыз туған Инабат баланы балалар үйіне тапсырды. Үш жылдан соң ол қызды алып кетті, ал бір жылдан соң Инабат көршілері учаскелік инспектрге оны ата-ана құқығынан айыру талабымен барды. Талап-арызда, Инабат адамгершілікке жат қылық жасап өмір сүретіні (жүйелі түрде мас болып, үйге еркектерді әкеледі), қызына қарамайды, қыз баласы үнемі қарны аш, кір-қожалақ, киімі мүлдем жоқ деуге де болады. Шешесінде кезекті достары жиналғанда қызына дәлізде ұйықтауға тура келеді екен.

СҰРАҚ: Инабат ата-ана құқығынан айыруға негіздер бар ма? Ата-ана құқығынан айыру туралы істі қандай орган қарастырады? Ата-ана құқығынан айырудың құқықтық нәтижесін атаңыз.

Егер Инабат ата-ана құқығынан айырылатын болса, ол біршама уақыттан кейін ата-ана құқығын қайтып беру туралы сұрақ қоя ала ма?

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғаудағы кәмелетке толмағандардың ісі бойынша мемлекеттік инспектрі қызметкерлерінің рөлі қандай?

3-ТАПСЫРМА

Бейнелеу өнері мектебіндегі сабақ үстінде бейнелеу өнерінен сабақ жүргізетін ұстаз А.С. Боранов оқушылардың бірі Сайран сабаққа көгерулермен жиі келетінін байқады. Баламен тілдесуден Боратов, оның ата-анасының оның мінез-құлқына қатал қараумен түсіндіріп жиі ұратынын білді. Боратовтың

мәліметі бойынша, кәмелетке толмағандардың істері бойынша мемлекеттік инспектрлері тексеру жүргізіп, тексеру барысында Сайранның жанұясы жалпы жағымды сипатталатыны, тұрақты табыс көзіне ие, балаға қамқорлық көрсететіні, дегенмен кейде ұлдарына кез-келген себептермен қол көтеретінін анықтады. Бұл мәселемен Сайранмен профилактикалық әңгіме жүргізілді. Дегенмен, бір айдан соң Сайран соққының іздерімен келді, ал сабақ барысында үйіне қайтадан ұрады деген қорқыныштан қайтқысы келмейтіні туралы айтты. Баланы аяған ашынған Боратов кәмелетке толмағандардың істері бойынша мемлекеттік инспектрлеріне Сайранды ата-анасынан алып кету өтінішімен жүгінді. Боратов бұл талабы бала өміріне қауіп жоқ деген сілтемемен қаңағаттандырылмады. Онда Боратов өтінішімен бейнелеу өнері мектебі директоры сотқа Сайранның тұрғылықты мекен-жайы бойынша оларды ата-ана құқығынан шектету талап-арызын жолдады.

СҰРАҚ: Ата-аналарды ата-ана құқығынан айыру талап-арызымен сотқа қандай тұлғалар мен органдар жүгіне алады? Бейнелеу өнері мектебінің директоры жазған талап-арызы бойынша сот қандай үкім шығаруы мүмкін? Ата-анадан жедел арада баланы айыру заң бекіткен негіздемелерін атаңыз. Ата-анадан баланы айыру қандай органмен іске асырылады?

4-ТАПСЫРМА

Кәмелет жасқа толмағандар мен жанұяға қарсы жасалатын қылмыстар

Кәмелет жасқа толмағандар мен жанұяға қарсы жасалатын қылмыстардың қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық анализін жүргізіңіз.

5-ТАПСЫРМА

Н.А. Немісбаев сотқа 2001 жылы 19 қазанда туған кәмелет жасына толмаған Асқаров Арғын Арғымақұлының құқығын қорғау талабымен жүгінді. 1998 жылдың 29 қазанынан 2003 жылдың 05 мамыры аралығында тіркелген некеде тұрғанына сілтеме жасап, А.Д.Нұралыны ата-ана құқығынан айыруды талап етті. Некеден 2001 жылдың 19 қазанына туған Асқаров Арғын Арғымақұлы есімді ұлы бар. 2003 жылдан бастап жауапкер ұлының денсаулығымен, оқуымен, тәрбиесімен, физикалық дамуына қатыспайды, баланы қамтамасыз етуге жағдайы бола тұра көмектеспейді.

Талапкер жағынан жауапкердің баламен қарым-қатынас жасауға ешқандай бөгет жасалмады. 2005 жылдан бері жауапкер тұрғылықты мекен-жайынан өз еркімен көшіп кетті, қазіргі уақытты оның тұрған жері белгісіз.

Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық соты шешімімен 2004 жылдың 15 қаңтарынан жауапкер Н.А. Немісбаев есімді кәмелет жасына толмаған баласына алимент төлеуі керек, дегенмен жауапкер бұл міндетті орындамай, 2013 жылдың 23 маусымы мерзімінде оның борышы 595 000 теңгені құрап отыр.

Осылайша, жауапкер ұзақ уақыт бойы қасақана түрде ата-ана міндетінен қашып отыр, сонымен қатар алимент төлеуден қасақана қашып бала тәрбиесіне

қатыспайды.

Жоғарыда аталғандар негізінде талапкер соттан А.Д.Немісбаев өзінің 2001 жылы 19 қазанда туған, кәмелет жасына толмаған ұлы А.А. Асқаровқа қатысты ата-ана құқығынан айырып, кәмелет жасына толмаған жасөспірімді оның тәрбиесіне беруді сұрады.

Шешім қабылдаңыз

6-ТАПСЫРМА

Ақсу аудандық ПО тергеу тобының аға тергеушісімен 2010 жылдың 9 қазанында материалды құндылықтарды ұрлау фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Жедел іздестіру шаралары барысында сол күні жазықты тұлғалар анықталды – Ф. және кәмелетке толмаған А. Дегенмен 10 қазанда А. куәгер ретінде тергелді. Бір айдан соң – 2010 жылдың 12 қарашасында ол тағы да куәгер ретінде тергеледі, екі жағдайда да ол ҚР ҚК 352 бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылуы туралы ескертілген болатын (тергеу кезінде он бес жасқа толған).

Тергеу мерзімінің аяқталуына үш күн қалғанда ғана (2010 жылдың 26 қарашасы) куәгер А. күдікті ретінде тану туралы шешім шығарылды, іске қатысуға қорғаушы, ұстаз және заңды өкіл шақырылды.

Қандай құқық бұзушылықтар жіберілді?

7-ТАПСЫРМА

Павлодар облысының Ақтоғай аудандық прокурорынан сотқа азаматша Н. Махамбетовты ата-ана құқығынан айыру талап-арызы түсті.

Сот Махамбетованы аяғы ауыр уақытында венерологиялық аурумен ауырғаны, ішімдікті артық мөлшерде қолданғаны, аморальді өмір сүргенін анықтап, соның нәтижесінде 2 дәрежелі шала туған диагнозымен, ОНЖ ұшыраған, салмағы 1 кг700 г. Нұрланды дүниеге әкелді. Бала қалалық балалар ауруханасына ауыстырылуы тиіс болды. Дегенмен, азаматша Махамбетованы оның іс-әрекеті бала денсаулығының күрт төмендеуін біле отырып, оның тағдырына немқұрайлылық танытып баланы қалалық балалар ауруханасына ауыстырылуына қарсылық танытты. 10 күннен кейін сәби қалалық балалар ауруханасына түсті. Сәбидің ауруханадан шығуынан кейін махамбетова екі апта баланы ауруханадан алып кетпеді, себебі ішімдікті артық мөлшерде қолдануды жалғастырған болатын.

Баланы үйге әкелген соң, балаға күтім көрсетпеді, сәби толық құрамды тамақтануы қажет болса да, сәбиді сумен ерітілген құрғақ сүтпен тамақтандырды, тегін бала тағамын алуға қажетті құжаттарды тіркемеді, сол арқылы бала денсаулығына немқұрайлылық танытты. Баласының ауру екенін және үнемі күтім мен емдеуді қажет ететінін біле тұра, ішімдікті артық мөлшерде қолданып, сәбиіне тамақ, ауыстыратын киім, дәрі қалдырмай, үйінен достарына кетіп қалып жүрді.

Азаматша Махамбетова қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз бар ма? Азаматша Махамбетованы ата-ана құқығынан айыруға негіздер қандай?

8-ТАПСЫРМА

Гүлшат есімді азаматша кәмелетке толмаған ұлының мүддесін қорғау үшін, азамат Сәкенге қарсы, пәтерге қоныстану туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді. Талап-арызда пәтерде ұлы әкесімен (жұбайы Гүлшатпен) бірге тұрғанын және тіркеуде екенін көрсетеді. Әкесі қайтыс болғаннан кейін жауапкер баланын пәтерде тұруына қарсылық білдірген.

Азамат Самат бала пәтерде тек тіркеуде болғанын, бірақ тұрмағанын айқындап, тұрғын бөлме жалдау шартын бұзу жөнінде қарсы талап қояды.

Сот талапты қабыл алмады.

Соттың шешімі дұрыс па?

9-ТАПСЫРМА

Алматы қаласының Алмалы аудандық сотының 14.12.2012 жылғы қаулысымен 2000 жылы туған кәмелетке толмаған Ч. Ішкі істер органының кәмелетке толмаған бұзақыларды уақытша оқшаулау, бейімделу мен оңалту орталығына орналастырды, бұл кезде сот берілген шешімді шығара отырып, екі қауіпті қоғамдық іс-әрекетін қайта қайталау мүмкіндігін ескере отырып шығарды.

Сонымен қатар, сот қызды сипаттайтын мәліметті толық ескермеді, оған сәйкес ол еңбекқор, мектеп мен сыныптың қоғамдық өміріне белсене қатысады, үлкендердің талабын орындайды, сыныптастарымен қатынасы жақсы, одан басқа сот Ч. бұрын МКІ (ГДН) есебінде тұрмаған, онымен жүргізілген профилактикалық әңгімелерден кейін ешқандай құқық бұзушылықтар жасамады. Ал отбасы, қолайсыз отбасы ретінде есепте тұрғандығы оны кәмелетке толмаған бұзақыларды уақытша оқшаулау, бейімделу мен оңалту орталығына орналастыруға айғақ бола алмайды.

Соттың шешімі дұрыс па? Кәмелетке толмағандарды уақытша тәрбиелеу орталығына орналастырудың негіздері мен реті қандай?

10-ТАПСЫРМА

Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім мекемесіне немесе айрықша режимдегі ұйымға орналастырудың тәртібі мен себептері қандай?

Сұраққа толық жауап беріңіз.

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар:

1. Негізгі әдебиеттерді оқу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Нормативті актілер негізгі ережелерін, дәріс сабақтарының сұрақтарын, семинар сабақтарды және т.б. конспектілеу.
4. Жағдайды шешуді жазбаша орындап, сол бойынша шешімді баяндауға дайын болу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 6, 33, 37-39, 42, 47, 51,77, 78,80.

Тақырып № 5. Ішкі істер органдарының кәмелет жасқа толмаған тұлғалардың құқықтарын қорғаудағы рөлі.

КӨЖ- 2 сағат

Өзіндік дайындық сұрақтары:

1. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын алу мен ескертудегі полицияның негізгі міндеттері.
2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстарын алдын алу мен ескертудің ұйымдық және құқықтық формалары.
3. Кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтарды алдын алу мен ескерту бойынша ПО-да жұмысты ұйымдастыру.
4. Кәмелетке толмағандар мен олардың жанұясына қарсы жасалатын қылмыс түсінігі мен түрлері.
5. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекеттерге, қоғамға қарсы әрекеттерге қатыстыру.
6. Кәмелетке толмағандарды сату.
7. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудегі міндеттердің орындалмауы.
8. Кәмелетке толмағандардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін тиісті емес орындау.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 6, 33, 37-39, 42, 47, 51,77, 78,80.

Тақырып № 6. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік-еңбек қатынастарын құқықтық реттеу.

Сабақтың мақсаты: курсанттарға ішкі істер органдары қызметіндегі қызметтік-еңбек қатынастарының туындау негіздеріне байланысты негізгі теориялық санаттар мен ұғымдарды түсіндіру. Сонымен қатар еңбек заңнамасының негізгі қағидалары мен қайнар көздерін қарастыру. Ішкі істер органдарына оқу орындарына оқуға түсу мен қызметке кірудің шарттарына көңіл бөлу қажет.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 5, 12, 13, 35,54, 82-84.

Тақырып № 6. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік-еңбек қатынастарын құқықтық реттеу.

Сабақтың мақсаты: курсанттармен дәрісте қарастырылған теориялық білімді тексеру, тереңдету және бекіту, сонымен қатар оларда материалды ауызша баяндау дағдысын, сөз шешендігін қалыптастыру. Осы сабақта курсанттар ішкі істер органдарының құқықтық мәртебесін талдау қажет. Ішкі

істер органдарына қызметке кіру мен қызметтен босату және аттестациялауға қатысты барлық негізгі ережелерді қарастыруы шарт.

Семинар - 1 сағат

Сұрақтары:

1. Ішкі істер органдарында қызметтік-еңбек қатынастарының пайда болуының негіздері.
2. Ішкі істер органдарында қызметке қабылдау тәртібі.
3. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің еңбек қатынастарын қысқарту ерекшеліктері.

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар:

1. «Азаматтық құқық» және «Еңбек құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығының негізгі ережелерінің қысқаша конспектісін жасау.
4. Дәріс конспектілерін жасау және семинардың сұрақтарына қысқа жазбаша жауаптар дайындау.
5. Семинардың бірінші сұрағын қарастыру барысында ішкі істер органдарының құқықтық мәртебесін талдайды, мазмұнын қарастырады.
6. Екінші оқу сұрағын қарастыру барысында ішкі істер органдары қызметкерлерін қызметке тағайындау, қызметінен босату және басқа жұмысқа не басқа жұмыс орнына ауыстырудың тәртібі мен ерекшеліктерін қарастырады.
7. Үшінші сұрақты қарастыру барысында ішкі істер органдарындағы аттестация ұғымына тоқталады. Аттестация жүргізудің түрлерін мен тәртібін қарастырады.
8. Рефераттардың тақырыбы:
 - Ішкі істер органдарындағы қызметкерлерінің еңбек құқығындағы құқықтық мәртебесі.
 - Ішкі істер органдарына қызметке тұру;
 - Ішкі істер органдарынан босату.
9. Өзіндік бақылау сұрақтары:
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық мәртебесінің мазмұны қандай?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбек саласындағы қандай құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін білесіз?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерін лауазымға тағайындаудың тәртібі қандай?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерін лауазымынан босатудың тәртібі қандай?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерін лауазымдар бойынша

жылжытудың тәртібі қандай?

- Ішкі істер органдары қызметкерлерін аттестациядан өткізудің негіздері мен тәртібі қандай ?

10. Сабаққа дидактикалық материалдар (дәріс конспектілері, семинар сұрақтары, нормативтік актілер).

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 5, 12, 13, 35,54, 82-84.

Тақырып № 6. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік-еңбек қатынастарын құқықтық реттеу.

КОӨЖ- 2 сағат

Тапсырмалардың мазмұны:

№ 1 Тапсырма

Қарағанды қ.ІІБ бастығы заң кеңсесіне келесі сұрақтармен келіп жүгінді:

1) Басшылық ІІО 1,5 жастағы баласы бар әйел қызметкерге егерде ол баланы қолмен тамақтандыратын болса баланы тамақтандыруға үзілістер беруге міндетті ма?

2) Мұндай үзілістерді баланы тамақтандыратын отбасының басқа мүшелеріне немесе күйеуіне беруге болады ма?

3) Ана сүтімен 1,5 жастан аса тамақтанатын бала болған жағдайда үзілістер бар ма?

4) Жұмыс уақытындағы қандай үзілістер жұмыс уақытына кіреді?

5) Басшылық тамақтануға арналған үзілісті концерт өткізу үшін 20 минутқа қысқартуға құқығы бар ма ?

Заң кеңсесінің жауабын жазбаша беріңіз. Басшылықтың орнында болсаңыз сіз қалай істер едіңіз?

№ 2 Тапсырма

Кезекті жылдық демалыстан қайтып келген анықтаушы Кемелов кезекті демалысты ұзартуды сұрады, себебі ол демалыс үйінде болғанда 6 күн ауырды және ол туралы медициналық анықтамасы бар.

Басшылыққа не істеу керек?

№ 3 Тапсырма

Көші-қон полициясының инспекторы Сакенова осы лауазымда 6 ай жұмыс істеп жүктілігі және бала табуы бойынша демалысқа кетті. Осыдан кейін ол бала 3 жасқа жеткенге дейін кезекті демалысты және баланы күтуге арналған демалысты пайдаланды. Жұмысқа кірісіп, Сакенова кадр бөліміне келесі кезекті демалысын беруді сұрап жүгінді. Кадр бөлімінің бастығы оған оның 11 ай жұмыс істесе ғана құқығың болады деп түсіндірді.

Кадр бөлімі бастығының әрекеті заңды ма ?

№ 4 Тапсырма

Өндірістік қажеттілікке байланысты Атырау балық комбинатының директоры өндірістік цехтардың біреуінің жұмыскерлеріне сенбі күні (демалыс күні) жұмысқа шығуды ұсынды, ол үшін оларға тиісті демалысты кезекті демалысқа қосып беруді уәде етті. Кейбір жұмыскерлер директордың ұсынысымен келісті, бірақ олардың көбісі сенбі күні істеген жұмысы екі есе мөлшерде өтелсін деп сұрады. Оларды кейбіреулері демалыс күні жұмысқа шығудан бас тартты, өйткені ол тек Үкіметтің өкімі бойынша ғана жүзеге асырылады.

Комбинат директорының әрекеттері заңды ма? Демалыс күнінде жұмыскерлерді жұмысқа ненің негізінде және қандай жағдайда тартуға болады? Бұл жұмыс қалай өтеледі?

№ 5 Тапсырма

Цех бастығының тапсырмасы бойынша еңбегі үшін кесімді ақы төленетін 6 разрядтағы бұрғылаушы Омаров маусым айы бойы 4 разрядтағы жұмыстарды орындады. Өйткені оның пікірінше еңбегі үшін ақы оған берілген разряд бойынша төленуі тиіс, ол разряд аралық айырманы төлеу туралы арызымен әкімшілікке жолданды, алайда оған бас тартылды, себебі мұндай жұмыстар эпизодтық сипатта болады және қызметкердің оны орындаудан бас тартуға құқығы жоқ. Лебедев разряд аралық айырманы әкімшілікке төлетуді міндеттеу талап арызымен кәсіпорын жеке еңбек дауын қарастыру комиссиясына жолданды.

Жұмыскердің талабы қанағаттандыруға жатады ма? Жеке еңбек дауын қарастырушы комиссия туындаған мәселе бойынша қандай құқықтық актіні басшылыққа алуы тиіс?

№ 6 Тапсырма

Ателье пішушісі (закройщик) Айманованың кінәсінен костюм бүлінді. Тапсырысшыға бағасы 8000 тенге мөлшеріндегі материалдың құны төленді. Сол костюмді өзгертіп тігу үшін ателье 2000 тенге жұмсады, одан кейін оны 4000 тенгеге басқа адамға сатты. Айманова орташа айлық жалақысы 10000 тенге.

Бұл жағдайды шешіңіздер? Аймановадан залады өтетіріп алудың жолдары мен тәртібі қандай?

№ 7 Тапсырма

Сауда-саттық базаның қоймасында кешкі сағ. 9:00 де суық су құбыры жарылды. Бұл уақытта жұмыста директор, жылдық есеппен жұмыс істеп жатқан 3 бухгалтер, 2 күзетші болды. Директордың өкімі бойынша олардың барлығы тауарды бүлінуден құтқару үшін қоймаға жіберілді. 2 бухгалтерлер өкімді орындаудан бас тартты, себебі біреуі мен әр түрлі жұмыс істейтін қызметкер емеспін, ал екіншісі ангинамен ауырамын және суық судағы жұмыс оның жазылуына септігін тигізбейді дейді. Апаттың салдарын жоюдан бас тартқан үшін оларға сөгіс берілді. Ал жұмысты орындағандарға демалыс

күндері берілетін болды.

Бұл жағдайды талдаңыз. Ұйым директорының әрекетіне баға беріңіз? Бұл жағдайда сіздер қандай әрекеттер жасар едіңіздер?

№ 8 Тапсырма

Аң терісін өңдеуші фабрикасының дайындау цехының бастығы 25 наурызда бұйрық шығарды, оған сәйкес ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап негізгі кәсіптердің барлық жұмыскерлері үшін жұмыс істеу нормасы 10 % артқан. Мұндай нормалар еңбекті ұйымдастыруға және талаптарға сәйкес келмейді және нормадан асқан деп есептей отыра цех бастығы бұйрығының күшін жоюды міндеттеуді талап етіп кәсіпорынның кәсіподақ органына жолданды.

Жұмыскерлердің талаптары заңды ма? Жұмыс істеу нормасын арттырудың тәртібі қандай? Оның жалақының өзгеруіне әсері бар ма?

Тәжірибелік сабаққа дайындалу үшін курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар

1. Негізгі әдебиеттерді зерделеу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік актілердің негізгі ережелерін, дәріс және семинар сабақтардың сұрақтарын және т.б. конспектілеу.
4. Есептерді жазбаша орындап, жауабын айтуға дайын болу қажет.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 5, 12, 13, 35,54, 82-84

Тақырып № 6. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік-еңбек қатынастарын құқықтық реттеу.

КӨЖ- 2 сағат

Сабақта қарастырылатын оқу сұрақтары:

1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы.
2. Ішкі істер органдары қызметкерлерін қызметке тағайындаудың, басқа жұмысқа ауыстыру мен орнын ауыстырудың тәртібі.
3. Ішкі істер органдары қызметкерлерін аттестация жүргізудің тәртібі.
4. Жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ұғымы мен түрлері.
5. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен тынығу уақытын реттеу.
6. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігінің ұғымы мен түрлері.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 5, 12, 13, 35,54, 82-84.

Тақырып № 7. ПО қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен тынығу уақыты.

Сабақтың мақсаты: курсанттарға дәрісте қарастырылатын сұрақтардың мәнін ашып, түсіндіру. Осы сабақта курсанттарға ішкі істер органдарындағы жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ұғымын ашу қажет, сонымен қатар олардың ерекшеліктері айқындап, жіктелуін қарастыру қажет.

Дәріс - 1 сағат

Сұрақтары:

1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақытының түсінігі және түрлері.
2. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жұмыс уақытын есепке алу және режимі.
3. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін демалыс уақытының түсінігі және түрлері.

Дәріс тезистері:

Ішкі істер органдарындағы қызметкерлерінің жұмыс уақытының ұзақтығы Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді. Әрбір құқық қорғау органында қызметтік әрекеттің ерекшеліктерімен және жедел жағдаймен, жыл мезгілімен, жергілікті жағдайлармен және басқа да нақты мән-жайлармен анықталатын, қатаң регламенттелген күн тәртібі белгіленеді. Күн тәртібі қағидалары құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшының актісімен бекітілетін жұмыс уақыты мен тынығу уақытын, азаматтарды қабылдау сағаттарын (халық үшін барынша қолайлы), қызметкерлердің жекелеген санаттарының қызмет атқару кезегін белгілейді. Қажет болған жағдайда қызметкерлер белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қызметтік міндеттерін орындауға шақырылуы мүмкін. Өтемақы төлеу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Жұмыс уақытының түсінігі және түрлері.

Жұмыс уақыты дегеніміз – жұмыскердің жұмыс беруші актілерімен және жеке еңбек шартының жағдайларына сәйкес еңбектік міндеттерін орындау уақыты қарастырамыз. Еңбектік міндет деп – жеке еңбек шартына байланысты жұмыскер мен жұмыс берушінің міндеттері деп отандық заңнама көрсетеді .

Жұмыс уақытының ұзақтығы заңмен бекітілген. ҚР Конституциясының 24 бабының 4 тармағында бекітілгендей “Әркімнің тынығу құқығы бар”. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын, демалыс және мереке күндеріне жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі. «ҚР Еңбек кодексінің» 77-бабына сәйкес қызметкердің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс.

Жеке еңбек шартында жақтардың келісімі бойынша жұмыс уақытының

аздап созылуы қарастырылуы мүмкін.

ҚР-ң Еңбек кодексінде қалыпты жұмыс уақыты және қысқартылған жұмыс уақытының түрлері қарастырылған. Жоғарыда көрсетілгендей кәсіпорындағы жұмыскердің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан асуы мүмкін емес. Бұл ұзақтылықтың шегі және бұл норма ҚР-да еңбек қызметін жүзеге асырушы барлық жұмыскерлерге таралады.

Қысқартылған жұмыс уақыты - бұл қалыпты уақыттан кем. Қысқартылған жұмыс уақыты да заңмен бекітілген, бірақ қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбегін қорғау, оқу мен өндірісті оңтайлы ұштастыруға жағдай жасау, өндіріске кәметке толмаған жеткіншектерді және еңбекке қабілеттіліктері төмендеген тұлғаларды тарту мақсатында белгіленген. Еңбек туралы заңнамаға сәйкес қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы:

а) 14 жастан 16 жасқа дейінгі қызметкерлер үшін аптасына 24 сағаттан; 16 жастан 18 жасқа дейін – аптасына 36 сағаттан;

б) ауыр дене жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын болып белгіленеді.

Жұмыс істеу жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін өндірістердің кәсіптер мен қызметтердің тізімін, сондай-ақ еңбек жағдайлары зиянды (өте зиянды) және ауыр (өте ауыр), қауіпті (өте қауіпті) жұмыстардың тізбесін еңбек жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Үстеме жұмыс –жұмыс уақытының қалыпты ұзақтылығынан тыс жұмыс.

Үстеме жұмыстарға:

1) жүкті әйелдер;

2) он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер жіберілмейді.

Үстеме жұмыстарға тартуға қызметкердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Үстеме жұмысқа заң шек қояды (ҚР ЕК 89-б.). Үстеме жұмыстар әрбір қызметкер үшін тәулік ішінде - екі сағаттан, ал ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда бір сағаттан аспауға тиіс. Үстеме жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына он екі сағаттан және жылына жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс.

Мерзімінен тыс жұмысқа заң тиым салады: еңбек жағдайларының аса қауіпті және аса зияндылығы жағдайында мерзімінен тыс жұмысқа рұқсат етілмейді.

Заң зиянды (аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) еңбек жағдайлары және ауыр дене жұмыстарына анықтама береді. Сонымен, зиянды еңбек жағдайларына - белгілі бір өндіріс факторларының әсер етуі қызметкердің жұмыс қабілетінің төмендеуіне және ауруына, оның ұрпақтарының денсаулығына теріс ықпал етуіне әкеп соғатын еңбек жағдайлары жатады.

Қауіпті (аса қауіпті) еңбек жағдайларына – белгілі бір өндіріс факторларының әсер етуі еңбекті қорғау ережелері сақталмаған жағдайда қызметкер денсаулығының кенеттен, күрт нашарлауына және жарақаттануына, не оның қайтыс болуына әкеп соғатын еңбек жағдайлары.

Ауыр дене жұмыстары – қызметкердің ауыр заттарды қолмен көтеруге немесе орын ауыстыруға байланысты қызметтерінің түрлері не 300 ккал/сағаттан астам күш қуат жұмсайтын басқа да жұмыстар.

ҚР ЕК 90 –бабына сәйкес қызметкерлерді олардың келісімінсіз мынандай ерекше жағдайларда ғана үстеме жұмыстарға тартуға жол беріледі:

елдің қорғанысы үшін, сондай-ақ төтенше жағдайларды, немесе дүлей апаттарды, өндірістік аварияларды болғызбау немесе олардың зардаптарын дереу жою үшін қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде;

сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, жылыту, жарық беру, канализация, көлік байланыс жөніндегі қоғамдық қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде-олардың дұрыс жұмыс істеуін бұзатын кездейсоқ немесе күтпеген жағдайларды жою үшін;

егер жұмыс үзілісті көтермейтін болса, ауыстырушы қызметкер келмей қалған кезде заңда көзделген сағаттар санынан аспайтын уақытқа жұмысты жалғастыру үшін.

Жұмыс уақытының есебі.

Еңбек заңдарында жұмыс уақытын есептеудің екі түрі белгіленген. Бұлар: күндік, апталық және жиынтық.

Өндіріс жағдайлары бойынша қызметкерлердің белгілі бір санаты үшін белгіленген апта сайынғы жұмыс істейтін ұйымдарда, жекелеген өндірістерде, цехтарда, учаскелерде, бөлімшелерде және кейбір жұмыс түрлерінде есепті кезең ішінде жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына еңбек заңдарында белгіленген қалыпты жұмыс сағаттары мерзімінен аспауы тиісті жағдайда жұмыс уақытының жиынтық еңбек жүргізуге жол беріледі.

жиынтық есеп жағдайында жұмыс уақытының күн сайынғы немесе апта сайынғы ұзақтығы жұмыс күгі немесе жұмыс аптасы сағаттарының нормасынан артық немесе кем болуы мүмкін.

жұмыс уақытының сағат көлемі есеп кезеңінде алдыңғы кезеңге қарағанда сағат нормасы тең емес болуы мүмкін.

жұмыс уақытының жиынтық есебін жасаған кезде қызметкерлердің осы санаты үшін белгіленген орташа жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығы сақталуға тиісті шектегі кезең есепті кезең болып табылады.

Жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдану тәртібі жұмыс берушінің актілерімен айқындалады және ұжымдық шартпен белгіленеді.

Тынығу уақыты. Түсінігі және түрлері.

Тынығу уақыты қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және оны өз қалауы бойынша қолдана алатын уақыты. Еңбек заңнамаларына сәйкес мынадай тынығу уақытының түрлері бар:

1) жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішіндегі үзілістер - тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс; ауысымшылық және арнаулы үзілістер;

2) күнделікті (ауысымаралық) тынығу;

3) демалыс күндері (апта сайынғы үздіксіз тынығу);

4) мереке күндері;

5) демалыстар болып табылады.

Үзілістің екі түрі қарастырылған. Олар: жұмыс уақытына қосылмайтындар

және төленбейтін және арнайы үзілістер. Олар жұмыс уақытына қосылады және төленеді.

Үзілістің бірінші түрі демалу мен тамақтану үшін арналған. Бұл үзіліс ұзақтылығы бір сағаттан кем болмайтын үзіліс. Бұл үзіліс жұмыс уақытына енгізілмейді және оны қызметкер өз қалауы бойынша пайдаланады. Үзіліс беру уақыты мен оның ұзақтылығы жұмыс берушінің актілерінде және еңбек ұжымының шарттарында белгіленеді. Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін емес жұмыстарда жұмыс беруші жұмыскерге жұмыс уақытында демалу мен тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай жұмыстардың тізбесі, демалу және тамақтану тәртібі мен орны жұмыс берушінің актілерінде белгіленеді.

Арнаулы үзілістер еңбек кодексінің 94 бабында көрсетілген. Жылдың суық мезгілінде, ашық далада, жылу берілмейтін жабық үй-жайларда жұмыс істейтін қызметкерлеріне жылыну және демалу үшін беріледі. Ол жұмыс уақытына саналады.

Қызметкердің жұмыстың аяқталуы мен оның келесі күні басталуы (жұмыс ауысымы) арасындағы күнделікті (ауысымаралық) тынығуының ұзақтығы он екі сағаттан кем болмауға тиіс. Қызметкерлерге апта сайын демалыс күндері беріледі. Бес күндік жұмыс аптасында қызметкерлерге аптасына екі демалыс күні, ал алты күндік жұмыс аптасында - бір күн беріледі. Бес күндік және алты күндік жұмыс аптасында жексенбі жалпы демалыс күні болып табылады. Бес күндік жұмыс аптасындағы екінші демалыс күні жұмыс берушінің актісінде немесе ауысым кестесінде белгіленеді. Егер ұжымдық шартта, еңбек шартында өзгеше белгіленбесе, екі демалыс күні қатар беріледі.

Мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні, 7 қаңтар - православтық Рождество демалыс күндері болып табылады.

Үздіксіз өндірістерде немесе өндірістік-техникалық жағдайлар бойынша немесе халыққа ұдайы үздіксіз қызмет ету қажеттігі салдарынан демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын өндірістерде істейтін қызметкерлерге демалыс күндері жұмыс берушінің қызметкерлер өкілдерімен келісе отырып қабылданған актілерінде бекітілген ауысымдық кестеге сәйкес қызметкерлерге (қызметкерлер тобына) аптаның әр күндері кезекпен беріледі.

Иссапарда жүрген қызметкер демалыс күндерін өзі жіберілген жұмыс берушінің еңбек тәртіптемесіне сәйкес пайдаланады. Қызметкерлерге демалыстардың мынадай түрлері:

- 1) жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстары;
- 2) әлеуметтік демалыстар беріледі.

2. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы қызметкердің тынығуына, жұмыс қабілетін қалпына келтіруіне, денсаулығын нығайтуына және қызметкердің өзге де жеке қажеттіктеріне арналады және жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақтала отырып, белгілі бір күнтізбелік күндер санына беріледі.

3. Әлеуметтік демалыс деп ана болуға, балалардың күтіміне, өндірістен қол үзбей білім алуға қолайлы жағдайлар жасау мақсатында және өзге де әлеуметтік мақсаттар үшін қызметкерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату

түсініледі.

4. Қызметкерлерге әлеуметтік демалыстардың мынадай түрлері:

- 1) жалақы сақталмайтын демалыс;
- 2) оқу демалысы;
- 3) баланы (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыстар беріледі.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 5, 12, 13, 35,54, 81-86, 87,89

Тақырып № 7 Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен тынығу уақыты.

Сабақтың мақсаты: курсанттармен дәрісте қарастырылған теориялық білімді тексеру, тереңдету және бекіту, сонымен қатар оларда материалды ауызша баяндау дағдысын, сөз шешендігін қалыптастыру. Осы сабақта курсанттар ішкі істер органдарындағы жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ұғымын ашу қажет, сонымен қатар олардың ерекшеліктері айқындап, жіктелуін қарастырулары қажет.

Семинар - 1 сағат

Сұрақтары:

1. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жұмыс уақытының түсінігімен жіктелуі.
2. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне демалыс уақытының түсінігі мен жіктелуі.

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар:

1. «Еңбек құқығы» пәні бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Дәріс конспектілерін жасау және семинардың сұрақтарына қысқа жазбаша жауаптар дайындау.
4. Семинардың бірінші сұрағын қарастыру барысында жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ұғымы мен түрлерін қарастыру қажет. Және әрбір түрлерін жекелей сипаттау қажет.
5. Екінші оқу сұрағын қарастыру барысында ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ұғымын және түрлерін қарастырады. Осы жерде тыңдаушылар ішкі істер органдарындағы жұмыс уақыты мен тынығу уақытындағы ерекшеліктер мен шектеулерді, артықшылықтарды тізіп өтуі тиіс.
6. Үшінші сұрақты қарастыру барысында ішкі істер органдарындағы аттестация ұғымына тоқталады. Аттестация жүргізудің түрлерін мен тәртібін қарастырады.
7. Рефераттардың тақырыбы:

- Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақытын құқықтық реттеу
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерінің тынығу уақытын құқықтық реттеу
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі
8. Өзіндік бақылау сұрақтары:
- Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты қандай нормалармен реттеледі?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерінің тынығу уақыты қандай нормалармен реттеледі?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерін тынығу уақытындағы қандай шектеулер мен артықшылықтарды білесіз?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерін жұмыс уақытының ерекшеліктері қандай?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбек тәртібі қандай нормалармен реттеледі?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігінің түрлері қандай?
 - Ішкі істер органдары қызметкерлеріне тәртіптік жаза тағайындаудың ерекшеліктері мен тәртібі қандай?
9. Сабакқа дидактикалық материалдар (дәріс конспектілері, семинар сұрақтары, нормативтік актілер).

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 5, 12, 13, 35,54, 81-86, 87,89

Тақырып № 7 Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен тынығу уақыты.

КОӨЖ- 2 сағат

Тапсырмалардың мазмұны:

№ 1 Тапсырма

КПБ бастығы Қызатулин 6 жыл бойы кезекті жылдық демалысына шыққан жоқ. Денсаулығының күрт нашарлауына байланысты ол демалмаған 4 жылы үшін демалыс және қалған 2 жылы үшін ақшалай өтем ақы төлеуін сұрап басшылығына баянатпен жолданды.

Қызатулиннің талаптары заңды ма? Жылдық демалысты ақшалай өтем ақымен ауыстыруға жол берілген бе? Берілсе қандай жағдайда?

№ 2 Тапсырма

Демалуға және тамақтануға берілген үзілісте ПД басшылығының жедел шақыруына байланысты тергеу басқармасының бастығы бұл уақытта мекемеден шығып кеткен тергеуші Жакижановты іздей бастады. Мекемеден жұмыс уақыты кезінде өз еркімен шығып кеткені үшін оған сөгіс жарияланды.

Жакижановқа тәртіптік жауапкершілікті қолданудың негізі бар ма?

№ 3 Тапсырма

50 жастағы Қаракөзов Астана қ. ПД қоян қолтық ұрыс бойынша жаттықтырушы болып жұмыс істеді және зейнеткерлікке кетуге байланысты өз еркімен жұмыстан шықты. Ай өткен соң ол «Астана-Финанс» АҚ 3 айлық сынақ мерзімімен күзетші болып жұмысқа тұрды. Бұрынғы жұмысынан Қаракөзовтың жеке ісінде оның контузияға байланысты жүйке жүйесінің ауыратындығы туралы медициналық анықтама қалған. Сынақ мерзімінің аяқталуына 1 апта қалғанда Қаракөзов АҚ директорынан жұмыстан босату (ол денсаулығының дұрыс еместігіне байланысты сынақ мерзімінен өтпеді) туралы хабарлама алды. Қаракөзов сотқа өзінің құқықтарын қорғау мақсатында жүгінді.

Істі шешіңіздер.

№ 4 Тапсырма

Қалыптаушы Ғаниева дәрігер белгілеуімен жеңіл жұмысқа ауысуы керек болды, цех бастығы осыған байланысты ондай жұмыстың жоқтығын сылтауратып, ол өтінішті қабылдамай, Ғаниеваға белгілі бір уақытқа төлем ақысыз демалыс алуға ұсыныс жасады.

Цех бастығынікі дұрыс па?

№ 5 Тапсырма

Мұсабекова кабель зауытында лак араластырушы болып істеді. Жүкті болғандықтан дәрігер анықтамасымен оны киім ілуші қызметіне ауыстырды. Одан кейін ол медициналық белгілеумен бала тамақтандыратын ана ретінде тағы да жеңіл жұмыс істеді. Бәрін қосқанда ол цехта 2 жылдай жұмыс істеген жоқ.

Мұсабековаға жыл сайынғы демалыс тиесілі ма? Еңбектің зиянды жағдайында жұмыс істегені үшін ол қосымша демалыс алуға құқылы ма?

№ 6 Тапсырма

Бухгалтер Шырынбеков 15 желтоқсаннан бастап өзінің кезекті жылдық демалысына шықты. Жылдық есеп құруға байланысты өтінішпен ол 25 желтоқсанда жұмысқа шықты. Есепті аяқтағаннан кейін Шырынбеков 5 қаңтардан бастап өзінің демалысын жалғастырды. 15 қаңтарда оны тағы жұмысқа шақырды. 5 күн жұмыс істеп ол 20 қаңтарда демалыс үйіне жолдама алып, қаладан кетіп қалды. 1 ақпанда жұмысқа келген ол өзін жұмысқа шықпағаны үшін жұмыстан босатайын деп жатқанын біледі. Сол күні кешке бастығы Шырынбековты себепсіз жұмысқа шықпағаны үшін жұмыстан босату жөнінде бұйрық шығарады.

Бастық дұрыс істеді ме?

№ 7 Тапсырма

Кәсіпорынның жұмысшысы Арықбаев өзінің жыл сайынғы еңбек демалысына шықты. Еңбек демалысы кезінде кәсіпорында штатты қысқарту

жүреді де, әкімшілік демалыста жүрген Арықбаевқа хабарлап, оны қысқартуға жіберді.

Кәсіпорынның әкімшілігі дұрыс істеді ме?

№ 8 Тапсырма

Кәсіпорында 5 күндік жұмыс апталығы тәртібінде ауысымдық жұмыс кестесін жасағанда мынадай мәселелер туды:

1) кәмелетке толмағандар үшін жұмыс сменасының ұзақтығы қанша болуы керек;

2) жұмыс уақытының айлық мөлшеріне мереке және демалыс күндеріне келген сағаттар кіре ме;

3) демалыс және мереке күндеріне қарсы жұмыс сағаттары қысқара ма;

4) мүгедек жұмысшылардың сменасының ұзақтығы қанша болу керек?

Зауыт бастығы заң қызметкеріне осы мәселелерді шешу үшін жауап іздеуге тапсырма берді.

Заң қызметкерінің жазбаша жауабын даярлаңыз.

№ 9 Тапсырма

Жоспарды орындаудың қияндығын арқау етіп, цех бастығы газбен балқытушылардан жыл соңының 2 аптасына дейін демалыссыз, қажет болса жұмыстан тыс та жұмыс істеулерін сұрады. Жұмысшылар келісті. Олар демалыссыз, ал 4 күн 3 сағаттай жұмыстан тыс жұмыс істеді.

Цех бастығы қандай қателіктер жасады?

КОӨЖ өткізу нысаны: ауызша

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 5, 12, 13, 35,54, 81-86, 87,89

Тақырып № 7 Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен тынығу уақыты.

КӨЖ- 2 сағат

Сабакта қарастырылатын оқу сұрақтары:

1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдай

2. Ішкі істер органдары қызметкерлерін қызметке тағайындаудың, басқа жұмысқа ауыстыру мен орнын ауыстырудың тәртібі

3. Ішкі істер органдары қызметкерлерін аттестация жүргізудің тәртібі

4. Жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ұғымы мен түрлері

5. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен тынығу уақытын реттеу

6. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігінің ұғымы мен түрлері.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 5, 12, 13, 35,54, 81-86, 87,89

Тақырып № 8 Ішкі істер органдары қызметкерлерін әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру.

Сабақтың мақсаты: Курсанттарға ішкі істер органдары қызметіндезейнетақы заңнамасының нормаларын қолдануға байланысты негізгі теориялық санаттар мен ұғымдарды түсіндіру. Сонымен қатар зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету заңнамасының негізгі қағидалары мен қайнар көздерін қарастыру. Және де ішкі істер органдары қызметкерлерінің істеген жылдарын және істеген жылдары үшін зейнет ақы есептеудің тәртібіне қатысты зейнетақымен қамтамасыз ету заңнамасының нормаларын қолдануға көңіл бөлу қажет.

Дәріс №1 - 1 сағат

Сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру.

Дәрістер тезистері:

Қызметкерлерге ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол ақшалай қаражат пен қызметті өткерудің ерекше жағдайлары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін үстемеақыларды қамтиды.

Қызметкерлердің ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және арнаулы атағы немесе сыныптық шені үшін берілетін қосымша ақыдан тұрады.

Лауазымдық айлықақыны және сауықтыруға берілетін жәрдемақыларды есептеу үшін жұмыс өтілі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің іссапар куәлігін көрсету арқылы көліктің барлық түрінде жол жүру құжаттарын және мейманханаларда тұру үшін орынды бірінші кезекте алуға құқығы бар.

Еңбекке уақытша жарамсыздығы, қызметкердің емделуде үздіксіз болу кезеңі, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жекелеген аурулар бойынша емделудің бұдан да ұзақ мерзімі көзделген жағдайларды қоспағанда, төрт айдан аспауға тиіс. Қызметкер емделуде үздіксіз болуының белгіленген мерзімі өткен соң, өзінің одан әрі қызмет атқаруға жарамдылығы

туралы мәселені шешу үшін әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық куәландырудан өтуге тиіс.

Қызметтік міндеттерін және қызметтік борышын орындау кезінде жарақаттануына, контузия алуына немесе мертігуіне байланысты қызметкерлердің емделу уақытына шек қойылмайды. Аталған адамдар медициналық куәландыруға емделіп болған соң немесе ауруының нәтижесі анықталған жағдайда жіберіледі.

Жиі және ұзақ ауыратын қызметкерлердің, егер еңбекке жарамсыз болған күндерінің саны он екі айда сол бір ауру бойынша үзіліссіз төрт айға дейінгі немесе жыл ішінде әртүрлі аурулар бойынша бес айға дейінгі уақытты құрайтын болса, қызметті одан әрі өткеруге жарамдылығын анықтау үшін құқық қорғау органының кадр бөлімшелері емдеу-профилактика мекемелерінің ұсыныстары бойынша әскери-дәрігерлік комиссияға медициналық куәландыруға жібереді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін еңбекке жарамсыздықтың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген ауруларды қоспағанда, қызметкер осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзімдерден асатын әртүрлі аурулар бойынша еңбекке жарамсыз болған жағдайда, осы қызметкер құқық қорғау органының қарамағына шығарып беріледі.

Қызметкерлерге олардың еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде ақшалай үлес толық көлемінде төленеді.

Қызметкерлер мемлекеттік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

Күнгізбелік он жылдан астам уақыт қызмет атқарған қызметкерлер тұрақты тұрып жатқан, қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйлерін, аталған қызметкерлердің қалауына қарай, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда қалдық құны бойынша меншігіне сатып ала алады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері басқа тұрғын үй-жай берілмей қызметтік тұрғын үйден шығаруға жатқызылмайды.

Қызметкер қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда, ол қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей, қаза тапқан адамның отбасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқылы.

Қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шектерде, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері мен зейнеткерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар қолданылады.

Туберкулезге қарсы және басқа мамандандырылған жұқпалы аурулар мекемелерінде қызмет атқарып жүрген қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында аталған қызметкерлер үшін белгіленетін жеңілдіктерді пайдаланады.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің туберкулезге қарсы мекемелер мен басқа да мамандандырылған учаскелерде және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қызмет атқаратын қызметкерлеріне осы санаттағы медицина қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер қолданылады.

Қызметкерлерге тұрғын үйді күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге республикалық бюджет туралы заңда айқындалатын мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

Қайтыс болған, құқық қорғау органдары қызметкерлері арасынан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлік төлемақы алушылардың отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы тағайындалуына қарамастан: әйеліне (күйеуіне) – асыраушысының үш айлық зейнеткерлік төлемақысы мөлшерінде және отбасының еңбекке қабілетсіз әрбір мүшесіне – асыраушысының қайтқан күніне дейін төленіп тұрған бір айлық зейнеткерлік төлемақысы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

Қызметкерлер және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ құқық қорғау органдарының зейнеткерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және санаториялық-курорттық қызметті пайдаланады.

Қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) қызметкерлер бюджет қаражаты есебінен санаториялық-курорттық емделуге жіберіледі.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:
1-3, 5, 12, 13,14, 15, 54, 30-34,54,81-86,89

Тақырып № 8 Ішкі істер органдары қызметкерлерін әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру.

Сабақтың мақсаты: курсанттармен дәрісте қарастырылған теориялық білімді тексеру, тереңдету және бекіту, сонымен қатар оларда материалды ауызша баяндау дағдысын, сөз шешендігін қалыптастыру. Осы сабақта курсанттар еңбек өтілін, Орталықтан тағайындалатын зейнетақы, жасына байланысты берілетін зейнетақы және қызмет істеген жылдары үшін берілетін зейнетақы түсініктерінің мазмұнын ашу қажет.

Семинар– 1 сағат

Сұрақтары:

1. Еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде қызмет ету ерекшеліктері, қайтыс болған немесе қызметкерлерге келтірілген зиян үшін кепілдіктер.
2. ПО қызметкерлерінің зейнетақымен қамсыздандыруға құқығы.
3. Қызмет өткерген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру және тағайындау мерзімдері.

4. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үй құқықтарын.

Курсанттарға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар:

1. Осы пән бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3. ҚР Үкіметінің «Әскери қызметкерлерге, ішкі істер органдары, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, ҚР Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қызмет істеген жылдарын есептеу, бірреттік жәрдемақылар тағайындау мен төлеу ережелерін конспектілеу.

4. Дәріс конспектілерін жасау және семинардың сұрақтарына қысқа жазбаша жауаптар дайындау.

5. Сұрақтарды қарастыру барысында, жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлеу шарттарының мазмұнын ашу қажет, сонымен қатар, ПО қызметкерлері қашан және қандай жағдайда ЖЗҚ өз зейнет ақыларын ала алатындығына аса көңіл бөлу қажет. Зейнетақы активтерінің түсінігін беріп, бұл ұғым нені қамтитынын қарастырады және екінші деңгейлі банктермен зейнет ақы активтерін қолдану рәсімдерінің мазмұнын ашулары қажет. Зейнетақы шарты тараптарын, олардың құқықтық мәпртебесін, зейнет ақы шартын жасасудың рәсімін, сонымен қатар, ҚР ПМ зейнет ақы шартын қарастырулары қажет.

6. Рефераттардың тақырыбы:

- Әлеуметтік қамтамасыз етудегі еңбек өтілінің түсінігі және мәні.

- Зейнетақы тағайындау бойынша Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері.

- Қызмет істеген жылдар үшін зейнетақының жалпы сипаттамасы.

7. Өзіндік бақылау сұрақтары:

- Жинақтаушы зейнетақы қорлары құқықтары туралы жалпы ережелер.

- ӘЖК беру және міндетті зейнетақы жарналарын тағайындау бойынша Орталықтың жұмысын ұйымдастыру.

- Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы ережелері.

- Сақтандыру ұйымдарынан зейнетақымен қамтамасыз ету.

10. Сабаққа дидактикалық материалдар (дәріс конспектілері, семинар сұрақтары, нормативтік актілер).

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 5, 12, 13,14, 15, 54, 30-34,54,81-86,89

Тақырып № 8 Ішкі істер органдары қызметкерлерін әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру.

КОӨЖ- 2 сағат

Тапсырмалардың мазмұны:

№ 1 Тапсырма

Полковник Қартаев (50 жаста) әуе күштерінде 30 жыл қызмет етті. 2001 жылы 9 тамызда ол зейнетке шықты.

Зейнетақы тағайындау үшін қандай органға барған жөн?

№ 2 Тапсырма

Сексенбаев азаматтығы жоқ тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасында жасына байланысты жәрдемақы алу құқығына ол қандай жағдайларда ие бола алады?

№ 3 Тапсырма

Полиция майоры Қамбаров қылмыскерді ұстау кезінде қайтыс болды. Оның асырауында болған 8 жасар қызы қалды.

Қамбаровтың қызы әлеуметтік қамтамасыз етудің қандай түрлеріне құқығы бар?

Олар қандай нормативтік актілермен белгіленген?

№ 4 Тапсырма

2000 жылы қаңтарда Қарасаевтің 5 жасар ұлы ауыр жарақат алды, ал 2000 жылы тамызда оған «мүгедек-бала» санаты белгіленді. Қарасаев баласына қарау үшін жұмыстан шығып, әлеуметтік қорғау органына жәрдемақы алу үшін барды.

Ол әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша қандай құқықтық қатынастарға түсті?

Жәрдемақы тағайындалатын болса, Қарасаев ұлы әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша құқықтық қатынастардың субъектісі болып табыла ма?

№ 5 Тапсырма

Елеусінов «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясына келесі сұраққа түсінтірме берулерін сұрап жүгінді. ҚР «ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңымен әр түрлі зейнет ақы жасы бекітілген: еркектер үшін-63 жас, ал әйелдер үшін 58 жас. Оның пікірі бойынша, бұл норма жынысы бойынша кемсітушілік болып табылады.

Газет атынан түсініктеме беріндер.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі:

1-3, 5, 12, 13,14, 15, 54, 30-34,54,81-86,89

3.10.«Ішкі істер органдарының қызметіндегі азаматтық-құқықтық қатынастар» арнайы курсының оқыту бойынша әдістемелік ұсыным

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметінде қолданылатын азаматтық –құқықтық сипаттағы жекелеген шарттардың түсінігіне тоқталып өтсек бұл оны бұзудың орындамаудың құқықтық салдары болып келеді.

Азаматтық құқықтың негізгі пайда болуы, құқықтары мен міндеттері.Ішкі

істер органдары қызметкерлерінің азаматтық-құқықтық қатынастардағы субъектілері. Ішкі істер органдары қызметінде қолданудың азаматтық-құқықтық келісім шарттың жалпы сипаттамасы. Азаматтық құқықтық келісім шарттың басқа да келісімдердің пайда болуы, заңмен қарастырылған, сонымен қатар басқа да қарастырылмаған келісімдер бірақ заңға қайшы емес. Азаматтық қатынастағы әкімшілік актілер, азаматтық құқық салдарынан заңнамаларының күшінің әсер етуі. Азаматтық қатынастарда соттық шешімде азаматтық құқықтары мен міндеттерін анықтау. Мемлекеттік органдарымен, анықтау, сот және прокуратура органдарымен басқа тұлғаларға азаматтық қатынаста зиян келтіру. Біздің ойымызша, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасындағы тұлғаның. Ішкі істер органдарының қызметінде азаматтық заңнама нормаларын қолдану мен мүдделеріне берілген мән-мағынаны ескере отыра, азаматтық-құқық қатынаста анықтамасында ақырғы элементті міндетті түрде айқындау қажет. Ал бұл жағдайды Құқық қорғау қызметі заңын қабылдау мен қолдану куәландырады. «Бұл заңның басты объектісі болып қызметкерлердің қауіпсіздігі болуы қажет, яғни, адамның өмірлік маңызы заңды мүдделерінің хал ахаулдықтың жай-күйі».

Азаматтық құқық мүліктік, яғни материалдық игіліктерге байланысты және материалдық емес, яғни тұлғамен тығыз байланысты игіліктерге байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді.

“Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы” курсы екі бөлімнен тұрады: жалпы бөлім және ерекше бөлім.

Бұл бағдарлама азаматтық құқық бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі құрылым ерекшелігі ескеріле отырып жасалынған. “Азаматтық құқық” (жалпы бөлім) 3 тараудан тұрады: “Азаматтық құқық” жалпы ережелері; меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтар; міндеттемелер туралы ережелер.

Цивилдік құқықта жалпы ғылыми және жеке ғылыми (саралау, нақты әлеуметтік зерттеу, салыстырмалы құқық тану, формалдық-логикалық түсіндіру) зерттеу тәсілдер қолданылады.

Азаматтық құқық сондай-ақ көптеген өзге де құқық салаларымен ең алдымен мемлекет және құқық теориясымен тығыз байланысты болып келеді. Азаматтық құқық жария-құқықтық сала болып табылатын конституциялық құқықпен, әкімшілік құқықпен, жер құқығымен, азаматтық іс жүргізу құқығымен тығыз байланысты. Ішкі істер органдарының қызметіндегі азаматтық-құқықтық қатынастарының арнайы курсы азаматтық құқық сонымен бірге еңбек құқық, әкімшілік құқықтары ғылымдарымен ұштасқан.

Азаматтық құқық бойынша зияның анықтамасына тоқталып кетейік. Зиян келтіруден туындайтын міндеттеме – бұл зиян келтірушінің немесе заңнамада аталған өзге де тұлғаның келтірілген зиянды толық көлемде өтеу міндетін қамтыған. Зиян келтірудің туындайтын міндеттеменің элементтерін қарастырайық. Міндеттеме субъектісі болып кредитор (жәбірленуші) және борышқор (зиян келтіруші) немесе оның әрекеті үшін заң бойынша жауапты өзге де тұлға) Зиян келтіруден салдарынан туындайтын деликтіктің жалпы ережелері. Келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің жалпы жағдайлары мен

түсінігі. Жауапкершіліктің негіздері, түрлері, белгілері, ерекшеліктері. Зиян келтіруді ескерту. Зиян келтіруді қажетті қорғаныста келтірілген зиян егер бұл ретте оның шегінен асып кетпесе деп негізделген. Зиян келтіруді аса қажетті қорғаныста деп, яғни зиян келтірушінің өзіне немесе басқа тұлғаларға қатер туғызатын қауіпті жою үшін келтірілген тұлға болып танылады. Жауапкершіліктің субъектілері туралы тәжірибе жүзінде айта кетсек мысалы, мұрагерлер құқық мирасқорлығының нәтижесінде, қайтыс болған азаматтың мүлкіне келтірілген зиянды өтеуді талап ету құқығына ие болу мүмкін. Жауапкершіліктің жағдайларда кінәлігі: түсінігі мен формасы, аралас кінәлігі, «жауапкершіліктің кінәсіздігі». Зиян келтірудің орнын толтырудың әдісі мен мөлшері. Мемлекеттік органдарымен, жергілікті басқару органдарымен сонымен қатар олардың лауазымды тұлғаларымен келтірілген зиянды жауапкершілігі. Зиян, мемлекеттік органдарының актілерінің баспа нәтижесінде келтірілген, заңдылық актілерге сәйкес емес.

Зиян, мемлекеттік органдарымен лауазымды тұлғаларымен, әкімшілік басқару органдарымен заңсыз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген. Мемлекеттік қызметтер мен лауазымды тұлғаларымен соттық тәртіпте қоғамдық бірлестікте, жергілікті басқару, мемлекеттік билік органдарымен әрекеті (әрекетсіздігі) даулы шешімдік істер бойынша өндірістер. Г. Жайлиннің пікірінде былай деген сонымен, зиян келтіргені үшін жауапкершіліктің жалпы негіздері немесе (шарттары) десек оларға мыналарды айтып өтсек: құқыққа қайшылығы іс әрекет (әрекетсіздігі) , зиянды болуы, тұлғаның іс-әрекеті мен туындаған құқыққа қайшы салдардың (зиянды) арасындағы себепті байланыстары және де кінә, бұл аталған төрт шарттар бір-бірінен ажырағысыз орын алады.

Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы түсіндіріп өтсек.

Заңсыз соттау, заңсыз қылмыстық жауапқа тарту, бұлтартпа шарасы ретінде заңсыз қамауға алу, үйде қамауда ұстау, ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды заңсыз қолдану, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне заңсыз орналастыру салдарынан азаматқа келтірілген зиянды анықтау, алдын ала тергеу, бұл туралы азаматтық кодекстің 923-бапта айтылып кеткен. Зиян, азаматты заңсыз соттау нәтижесінде келтірілген. Зиян, азаматты заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тарту нәтижесінде келтірілген. Зиян, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алу, қамауда ұстау, ешқайда кетпеу туралы қол хат алуды заңсыз қолдану. Зиян, азаматқа әкімшілік жазаны заңсыз қолдану, түзеу жұмыстары немесе қамау түрлерін келтіру. Зиян, азаматқа психиатриялық бөлмеге немесе басқа емдеу мекемесіне заңсыз орналастыру. Шағым арыздың тәртібін қарастыру берілген заңмен реттеледі, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша уәкілетті істерін қарастыруда (лауазымды тұлғалардың) даулы жөнінде өндірістік істер бойынша органдардың қаулысымен жүзеге асырылады. Басқару актілерінің айырмашылығы, заңсыз болуы деликттік міндеттемелердің пайда болуына әкелетін құқық қорғау органдары мен соттың актілері АҚ те нақты белгіленген. АҚ 923-б 1–т. сәйкес заңсыз соттау (ҚПК-

368, 375 б.б.) заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тарту (ҚПК-нің 206-207 б.) бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алу, үйде қамауда ұстау (ҚПК-нің 149 б) ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды заңсыз қолдануы айтылып кеткен.

Сонымен қатар, егер азамат анықтау, анықтау, алдын ала тергеу және сотта талқылау барысында өзіне қарсы ақиқатты анықтауға бөгет жасаса және сонымен өзінің заңсыз сотталуына немесе АҚ-тің 923 б. 1т бойынша оған басқа шара қолдануға әрекет жасаса, онда жәбірленушіге зияның орнын толтырудан бас тартылады.

Жалпы ПО қызметкерлерінің еңбек қатынастары шартты түрде екі құқықтық базамен реттеледі деп айтуға болады.

Біріншісі, ПО қызметкерлерінің еңбек қатынастары жалпы реттейтін нормативтік-құқықтық актілер болып табылады. Оларға Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Мемлекеттік қызмет туралы заңы, Құқық қорғау қызметі туралы Заңы жатады.

Екіншісі, ПО қызметкерлерінің еңбек қатынастарын реттеуді тікелей белгілейтін нормативтік-құқықтық актілер болып табылады. Оған Ішкі істер органдары туралы Заң, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшылық құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені қолданудың тәртібі туралы Нұсқаулық.

Жалпы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 144-бабында әскери қызметтегі адамдардың және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегінің реттелуі туралы белгіленген. Ол бойынша әскери қызметтегі адамдардың және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегі қызметке кірудің, оны өткеру мен тоқтатудың ерекше жағдайлары мен тәртібін, ерекше еңбек жағдайларын, еңбекке ақы төлеу жағдайларын, сондай-ақ қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтар мен шектеулерді белгілейтін Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодекспен реттеледі деп белгіленген.

1.11. Реферат дайындау бойынша нұсқаулықтар және әдістемелік ұсыным

Реферат белгіленген бір нұсқаға сәйкес орындалып, оқу жоспарында белгіленген уақытта тексеріледі және қорғалады.

Реферат өзіндік жұмыс болып табылады. Дегенмен, бұл жұмысты орындау барысында оқу және қосымша әдебиеттерді пайдалануға рұқсат беріледі. Егер де курсант рефератта цитата қолданса, онда оны тырнақшаға алып, міндетті түрде сілтеме жасауы керек (автор фамилиясы, жұмыс атауы, шығарылымның жері және жылы, беті жазылады). Сонымен қоса, қолданған қайнар көздерді механикалық көшіріп алуға жол берілмейді.

Оқулық деңгейде жазылған жұмыс тек қана қанағат деген бағаға ие.

Реферат ұқыпты, анық әрі нақты жазумен жазылған немесе А4 форматымен 10-15 беттік дұрыс рәсімделген және басылған болуы керек. Орындалған жұмыстың басында тақырыбы, аяғында библиографиясы міндетті

берілуі қажет.

Реферат нұсқа бойынша орындалады, ал егер бұл шарт орындалмаса жұмыс қорғауға кіргізілмейді.

1.12. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары:

1) Ішкі істер органдарының қызметтік құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын айқындайтын нормативтік құқықтық акті:

- Құқық қорғау қызметі туралы заң;
- Еңбек кодексі;
- Еңбек туралы заң;
- Ішкі істер органдары туралы кодекс;
- Қылмыстық процесілік кодексі;

2) Төмендегілердің қайсысы құқыққорғау органдарына жатпайды:

- прокуратура
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет
- экономикалық тергеу қызметі
- ұлттық қауіпсіздік комитеті
- ішкі істер органдары

3) Ішкі істер органдары қызметкерлері еңбек даулары бойынша сотқа жолданған жағдайда сот шығындарын төлей ме:

- төлемейді;
- төлейді;
- төлейді, бірақ 50 пайыздық жеңілдікпен;
- бұны сот шешеді;
- қызметкерлер үшін кәсіподақ органдары төлейді;

4) Сот органдарына жеке еңбек дауларын (жұмысқа қайта алу туралы даулардан басқалары) қарау үшін жүгінуге берілген мерзім:

- бір жыл;
- жарты жыл;
- бір ай;
- екі ай;
- екі жыл;

5) Жұмысқа қайта алу жөнінде сотқа шағымдану үшін қызметкерлерге белгіленген мерзім:

- 1 апта;
- 2 апта
- 20 күн;
- 1 ай;
- 3 ай;

6) Қазақстан Республикасы "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңы қашан қабылданды:

- 21 желтоқсан 1995 жыл
- 25 маусым 1998 жыл
- 6 қаңтар 2011 жыл
- 16 қаңтар 2010 жыл
- 25 желтоқсан 2011 жыл

7) Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастарды көрсетіңіз:

- азаматтық заңдарға негізделген мүліктік, сондай-ақ жалпыға бірдей мүліктік қатынастар.

- азаматтық заңдармен реттелетін тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар.

- тек азаматтық заңдарға негізделген мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар.

- мемлекет пен қоғам арасындағы биліктік сипаттағы қатынастар.

- құқықбұзушы мен ПО арасындағы қатынастар.

8) Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушыларының толық тізімін көрсетіңіз.

- заңды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер.

- азаматтар, мемлекет.

- мемлекет, коммерциялық ұйымдар, жеке тұлғалар.

- жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, мемлекет, әкімшілік-аумақтық бөліністер.

- шетел азаматтары, азаматтылығы жоқ тұлғалар, ҚР азаматтары.

9) Төмендегілердің қайсысы зиян келтіргені үшін жауаптылықтық жалпы негіздеріне жатпайды?

- заңсыз іс-әрекет (әрекетсіздік).

- мүліктік және мүліктік емес зиян.

- себептік байланыс.

- құқық бұзушының кінәсі.

- құқық бұзушының құралы.

10) Заң актілеріне сәйкес зиянды өтеу міндеті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктелуі мүмкін бе?

- иә жүктеледі, сондай-ақ өтеудің неғұрлым жоғары мөлшері белгіленуі мүмкін.

- жоқ, мұндайға жол берілмейді.

- бұл қатынастар заңда нақты көрсетілмеген.

- оны зиян келтіруші өзі белгілейді.

- зиянның мөлшерін жәбірленуші анықтайды.

11) Мына жағдайлардың қайсысында зиян келтіруші оны өтеуден босатылады?

- ешқандай жағдайда босатылмайды.
- оны тек жәбірленуші шешеді.
- егер зиян өзінің кінәсінен келтірілмегендігін дәлелдесе.
- осы жауаптардың барлығы дұрыс.
- бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен реттелмеген.

12) Қажетті қорғану жағдайында келтірілген зиян,

- толығымен өтеледі.
- егер бұл ретте оның шегінен асып кетпесе, өтеуге жатпайды.
- мұны тараптар шешеді.
- егер тараптар ортақ келісімге келе алмаса, сот шешеді.
- бұл қылмыстық заңнамамен реттеледі.

13) Ішкі істер органдарының қызметкері мен екінші дәрежелі банк арасында жасалған заем шарты қандай құқықтық қатынастар болып табылады?

- қылмыстық-құқықтық қатынастар.
- әкімшілік-құқықтық қатынастар.
- отбасылық-құқықтық қатынастар.
- шаруашылық-құқықтық қатынастар.
- азаматтық-құқықтық қатынастар.

14) Мемлекеттік органдардың заң актілеріне сәйкес келмейтін актілерді шығаруының салдарынан келтірілген зиян қалай өтеледі?

- актіні шығарған органдар мен лауазымды адамдардың кінәсіне қарамастан, сот шешімі негізінде өтелуге тиіс.
- актіні шығарған органдар мен лауазымды адамдардың кінәсі болса, жоғары тұрған органның шешімі негізінде өтелуге тиіс.
- актіні шығарған органдар мен лауазымды адамдар жауап бермейді.
- бұл қатынастар заңмен қарастырылмаған.
- мұны Қазақстан Республикасының Президенті шешеді.

15) Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары келтірген зиян,

- кәсіпкерлердің есебінен өтеледі.
- мемлекеттік қызметкердің жалақысынан ұсталынады.
- өтелмейді.
- мемлекеттік қазына есебінен өтеледі.
- арнайы қор есебінен өтеледі.

16) Төмендегілердің қайсысын ішкі істер органдары қызметкерлерінің анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиян деп танысыз?

- шарт бойынша өз міндеттерін толық орындамау.

- міндеттемеге сәйкес тараптардың жауапкершілігі.
- тәркілеу.
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру.
- қамау немесе еңбекпен түзеу түріндегі әкімшілік жазаны заңсыз қолдану.

17) Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды кім өтейді?

- заң актілерінде белгіленген тәртіппен толық көлемде лауазымды тұлға өтейді.
- заң актілерінде белгіленбеген.
- заң актілерінде белгіленген тәртіппен толық көлемде мемлекет өтейді.
- заң актілеріне сәйкес, барлық жағдайларда жауапкершіліктен босатылған.
- жәбірленуші өтеуді талап етсе ғана лауазымды тұлға өтейді.

18) Төмендегілердің қайсысын қылмыстық-жүзеге асыратын органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиян деп танысыз?

- шарт бойынша өз міндеттерін толық орындамау.
- міндеттемеге сәйкес тараптардың жауапкершілігі.
- тәркілеу.
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру.
- адамның ар-намысын қорлайтын, қатал және зорлық-зомбылық жасау.

19) Қылмыстық іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген моральдық зиян өтелуге жатады ма?

- толық өтелуге жатпайды.
- ішінара өтелуге жатады.
- оны жоғары тұрған орган шешеді.
- толық өтелуге жатады.
- бұл мәселе заңнамамен анықталмаған.

20) Қазақстан Республикасы ҚПК-де қылмыстық процесті жүзеге асыратын органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу қарастырылған ба?

- ҚР ҚПК-де бұл мәселелер қарастырылмаған.
- бұл тек азаматтық заңнамамен реттелген.
- ҚР ҚПК-нің толық бір тарауы қылмыстық процесті жүзеге асыратын органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеуге арналған.
- барлық жауап дұрыс деп ойлаймын.
- бұл қылмыстық заңнамамен реттелген.

21) Ішкі істер органдары шарттық бір тарабы ретінде танылады ма?

- танылмайды.
- жалпы негіздер бойынша таныла алады.

- азаматтық құқық қағидаларына бұл қайшы келеді.
- дұрыс жауап жоқ.
- жеке тұлғалар ретінде қатысады.

22) Ішкі істер органдары қызметкерлері «Күзет» РМК-мен объектілерді күзету туралы шарттар, қандай шарт түріне жатады?

- мердігерлік шарты.
- аренда шарты.
- тұрмыстық мердігерлік шарты
- өтемелі қызмет көрсету шарты.
- рента шарты.

23) Зиян келтірушінің кінәсі болмаса да қандай жағдайларда зиянды өтеуден толық бас тартуға жол берілмейді?

- азаматтық өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда.
- азаматтық мүлкіне зиян келтірген жағдайда.
- заңды тұлғаның мүлкіне зиян келтірген жағдайда.
- заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян келтірілген жағдайда.
- мемлекеттік қызметкерге бағынбаса.

24) Мына жағдайлардың қайсысында сот зиянды өтеу мөлшерін азайта алады?

- абайсызда жасалған әрекеттерімен зиян келтірілген реттерді қоспағанда, сот азаматтық мүліктік жағдайын ескере отырып, азайта алады.
- қасақана жасалған әрекеттерімен зиян келтірілген реттерді қоспағанда, сот азаматтық мүліктік жағдайын ескере отырып, азайта алады.
- бұл азаматты заңнамамен реттелмеген.
- тараптар өзара келісімге келе алмаса, сот азаматтық мүліктік жағдайын ескере отырып, азайта алады.
- өндірістік қызмет салдарынан болса.

25) Азаматқа жарақат немесе денсаулығына өзгедей зақым келтірілген кездегі зиянның мөлшері қалай анықталады?

- сот тек өз қарауы бойынша анықтайды.
- лауазымды адамдар сараптама тағайындайды.
- бұл азаматтық заңнамамен реттелмеген.
- зиян келтірушінің мүліктік жағдайы ғана ескеріледі.
- жәбірленушінің жоғалтқан табысы мен денсаулыққа зақым келтіруден туындаған шығындары есептелінеді.

26) Моральдық зиян қандай нысанда өтеледі?

- тек шетел валютасымен.
- мүлікпен.
- мүліктік зиян өтелсе, моральдық зиянды өтеуден босатылады.
- ақшалай.

- қызметпен.

27) Ішкі істер органдары қызметкері кәсіпкерлік қызметпен айналысуға болады ма?

- табысы 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат етілген.

- заңмен тиым салынған.

- заң қатаң тиым салмайды.

- азаматтық-құқықтық қатынастар ретінде жүзеге асыра алады.

- салық органдарынан рұқсат алуы қажет.

28) Денсаулықтың зақымдануы салдарынан жоғалтылған табыстың құрамына, азаматтық кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірістері кіреді ме?

- азаматтық заңнама бойынша бұл жоғалтылған табыстың құрамына кіреді.

- жоқ.

- тек шетел азаматтары үшін.

- мемлекеттік қызметкерлер үшін.

- азаматтық заңнама бойынша бұл жоғалтылған табыстың құрамына кірмейді.

29) Зиян келтірудің салдарынан туындайтын жауапкершіліктегі себептік байланыс деп нені айтамыз?

- азаматтық әрекеті мен мүліктік жағдайы арасындағы байланыс.

- зиян келтірушінің құқыққа қайшы іс-әрекеті (әрекетсіздігі) мен орын алған зиянның арасындағы байланыс.

- зиян келтірушінің құқыққа қайшы іс-әрекеті.

- зиян мен азаматтың жеке басы арасындағы байланыс.

- жауаптардың барлығы дұрыс.

30) Қандай моральдың зиян өтелуге жатпайды?

- заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық мүліктік емес құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген.

- заң актілерінде көзделмеген.

- мүліктік емес құқықтарын бұзатын әрекеттер арқылы келтірілген.

- бұл жағдай азаматтық заңнамада нақты көзделмеген.

- заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық мүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген.

31) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян мына жағдайда өтелуге тиіс:

- мүлкіне зиян келтірілсе.

- қызметіне кедергі жасалса.

- зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе.

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бұл берілмеген.
- заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық мүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілсе.

32) Азаматтық-құқықтық қатынастың анықтамасын көрсетіңіз:

- азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар.
- қылмыстық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар.
- қоғамдық нормалармен реттелетін азаматтық қатынастар.
- азаматтық құқық реттелетін азаматтық-қылмыстық қатынастар.
- азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қылмыстық қатынастар.

33) Азаматтық құқықтың объектісі:

- қозғалатын және қозғалмайтын заттар.
- мүліктік қатынастар.
- мүліктік емес қатынастар.
- мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар.
- азаматтық құқық нормалары.

34) Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің анықтамасын көрсетіңіз:

- құқық бұзушыға мемлекет атынан соттың шешімімен қолданылатын санкция.
- құқық бұзушыға қосымша азаматтық-құқықтық міндеттемені жүктеу немесе оған қатысты азаматтық құқығынан айыру түрінде қолданылатын санкция.
- құқық бұзушыға қатысты азаматтық-құқықтық міндеттемесін орындаудан босату түрінде қолданылатын санкция.
- құқық бұзушыға мемлекеттік органмен қолданылатын құқықтан айыру санкциясы.
- қылмыскерге қосымша құқықтық міндеттемені жүктеу немесе құқықтарынан айыру түрінде қолданылатын санкция.

35) Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері:

- азаматтық, құқықтық, қылмыстық.
- шартты, айып төлеу, ақыпұл.
- шартты, шарттан тыс, үлесті, ортақтасқан, субсидиялық.
- шарттан тыс, үлесті, заңсыз.
- әкімшілік, азаматтық, құқықтық, материалдық, рухани.

36) Азаматтық құқық қабілеттілікке ие болатын тұлғаларды көрсетіңіз:

- Қазақстан Республикасының азаматтары.
- шетел азаматтары.
- азаматтығы жоқ адамдар.
- заңды тұлғалар.
- барлық жауап дұрыс.

37) ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес, аса қажетті жағдайда келтірілген зиянды,

- оны келтірген тұлға өтемеуге тиіс.
- оны келтірген тұлға өтеуін өзі біледі.
- оны келтірген тұлға өтеуге тиіс.
- оны келтірген тұлғаның ата-анасы шешеді.
- дұрыс жауап жоқ.

38) Ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналар кәмелетке толмаған балалары келтірген зиян үшін қандай жағдайда жауапты болады:

- егер баланың зиян келтіруге әкеп соқтырған мінез-құлық баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін дұрыс жүзеге асырмауы салдарынан болса.
- егер баланың өзі осылай қаласа.
- егер қорғаншы және қамқоршы органдар шешім шығарса.
- бұл азаматтық заңнамамен реттелмеген.
- егер баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін қорғаншы және қамқоршы органдар дұрыс жүзеге асырмауы салдарынан болса.

39) Жұмысты немесе қызмет көрсетуді жүзеге асырушы субъект келтірген зияны үшін қандай жағдайларда жауапкершіліктен босатылады:

- егер зиян дүлей күштің салдарынан пайда болғанын дәлелдесе.
- ешқандай жағдайда.
- зиян келтірушінің таңдауы бойынша тауарды сатушы немесе дайындаушы өтеуге тиіс
- заңда бұл жағдайлар анықталмаған.
- тараптар өздері шешеді.

40) Заң актілеріне сәйкес зиянды өтеу міндеті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктелуі мүмкін бе?

- иә жүктеледі, сондай-ақ өтеудің неғұрлым жоғары мөлшері белгіленуі мүмкін.
- жоқ, мұндайға жол берілмейді.
- бұл қатынастар заңда нақты көрсетілмеген.
- оны зиян келтіруші өзі белгілейді.
- зиянның мөлшерін жәбірленуші анықтайды.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ МЕН ӨЛШЕУДІҢ ӨЛШЕМДЕРІ. БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

«Қазақстан Республикасының еңбек құқығы» пәні «Құқыққорғау қызметі» мамандығының білім алушылары үшін міндетті түрде оқытылатын пән болып табылады.

Білім алушыларға білімді бағалаудың технологиясын анық түсіндіру–пәнді меңгеруге курсанттың тиімді және тиісті қатысуының кепілі.

Білім алушының білімін бағалау 2 кезеңде жүргізіледі:

1 кезең–тәжірибелік (семинарлық) сабақтарға қатысуды, БОӨЖ тапсырмаларын орындауды, ағымдағы межелік бақылауларды өтуді қамтитын семестр бойы курсанттың жұмысын бағалау.

2 кезең–барлық «Отбасы құқығының негіздері» пәнін аяқтағаннан кейін жүргізілетін 60 сұрақтан тұратын емтихан (тестілеу) нысанындағы қорытынды бақылау.

Қорытынды баға қойған кезде бұл кезеңдердің ара-қатынасы 60% -тан 40% дейін құрайды, яғни, бірінші кезеңнің бағасы жалпы бағаның 60 % құрайды, ал екінші кезеңдікі түпкілікті бағаның 40% құрайды.

Сонымен, бірінші кезеңнен бастайық. Семестр бойы жұмыс «Отбасы құқығының негіздері» пәнін меңгеруде мынандай қатысулардың нысанында бағаланады:

1. Тәжірибелік (семинарлық) сабақтарға қатысу;
2. БОӨЖ тапсырмаларын орындау және ол бойынша есеп беру;
3. БӨЖ тапсырмаларын орындау;
4. Курстың блоктары бойынша ағымдағы межелік бақылауларды өту;
5. Дәріс материалын талқылауға белсенді қатысу.

«А», «А-» (өте жақсы) – егер білім алушы барлық бағдарлама материал терең және нақты игерсе, оны толық, жүйелі, сауатты және ой тізбегін бұзбай баяндаса, тапсырмалардың түрін өзгерткенде жауап беруге қиналмаса, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдың білімін көрсетсе, қабылданатын шешімдерді дұрыс негіздесе, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың түрлі тәсілдері мен дағдыларын білсе, материалды өз бетімен қатесіз жалпылау мен баяндай алуды байқатса;

«В+», «В», «В-», «С+» («жақсы») - егер білім алушы бағдарлама материалын анық білсе, оны сауатты да негізден баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі қателіктер жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алса, сонымен қатар тәжірибелік міндеттерді орындауға қажетті дағдылары болса;

«С», «С-», «D+», «D» («қанағаттанарлық») - деген баға егер білім алушы негізгі материалды ғана игеріп, бірақ жекелеген тұстарын білмей қателіктер жіберсе, егер білім алушы негізгі материалды ғана меңгерген болса, бағдарлама материалдарын таныстырудағы дәйектілікті бұзады және практикалық тапсырмаларды орындауға қиындық туғызады;

«F» («қанағаттанарлықсыз») - егер білім алушы бағдарлама материалының елеулі бөлігін білмесе.

Дәстүрлі шкалаға ауыстырылған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	

C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Курс бойынша емтихан сұрақтары:

1. Мемлекеттік органдардың заң актілеріне сәйкес келмейтін актілерді шығаруының салдарынан келтірілген зиян қалай өтеледі?
2. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары келтірген зиян.
3. Қылмыстық процесті жүзеге асыратын органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген моральдық зиян өтелуге жатады ма?
4. Ішкі істер органдары қызметкерлеріне І-мүгедектік жағдайда қандай мөлшерде кепілдіктер беріледі.
5. Ішкі істер органдары қызметкерлері қаза тапқан жағдайда берілетін кепілдік.
6. ПО-ның жүйесінде заңды тұлғалар қандай нысандарда құрылады?
7. Алдау, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілені жарасыз деп тану туралы талап қою мерзімі қанша?
8. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастарды көрсетіңіз.
9. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушыларының толық тізімін көрсетіңіз.
10. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі бойынша жеке тұлғаның ұғымын көрсетіңіз.
11. Азаматтық-құқықтық әдіс дегеніміз не?
12. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің ұғымын көрсетіңіз.
13. Азаматтың тұрғылықты жері дегеніміз не?
14. ҚР Азаматтық кодексі бойынша азаматтардың әрекет қабілеттілігінің анықтамасын көрсетіңіз.
15. Құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінен айыруға және оларды шектеуге жол беріледі ме?
16. Шарт еркіндігі қағидасы дегеніміз не?
17. Азаматтық-құқықтық қатынастың анықтамасын көрсетіңіз.
18. Азаматтық құқықтың объектісі.
19. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің анықтамасын көрсетіңіз.
20. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері.
21. Заңға қайшы әрекеттерімен құқық қорғау органына келтірілген материалдық залал үшін қызметкер Қазақстан Республикасының қандай заңдарына сәйкес жауаптылықта болады?
22. Қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлерді жерлеу.
23. Ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан

Республикасының орталық атқарушы органы?

24. Заңды тұлғалардың жеке адамдардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін, сондай-ақ заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау қызметін көрсетуі.

25. Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері.

26. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі қай кезде пайда болады?

27. Заңды тұлғаның құрылу әдістерін көрсетіңіз.

28. Заңды тұлғаның құрылуының өкімдік әдісінің анықтамасын көрсетіңіз.

29. Заңды тұлғаның құрылуындағы рұқсат ету әдісінің анықтамасын көрсетіңіз.

30. Заңды тұлғалар қызметінің мақсатына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

31. Пайдалану құқығы дегеніміз?

32. Билік ету құқығы дегеніміз?

33. Жеке меншік ұғымы.

34. Мемлекеттік меншік түрлерін көрсетіңіз.

35. Азаматтық заң бойынша жеке тұлға дегеніміз кім?

36. Азаматтардың құқық қабілеттігі деп нені танимыз?

37. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің пайда болу сәті деп?

38. Азамат өз еркімен қандай құқықтарды қабылдайды және міндеттерді жүзеге асырады?

39. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі деп нені түсінеміз?

40. Толық көлемдегі азаматтық әрекет қабілеттілік қандай жастан бастап пайда болады?

41. 14 пен 18 жастағы кәмелетке толмағандардың жеке-дара қандай әрекеттерді жасауға құқықтары бар?

42. 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жеке-дара қандай әрекеттерді жасауға құқылы?

43. Қай кезде адамды әрекет қабілетсіз деп тануға болады?

44. Азаматты әрекет қабілетсіз деп қандай орган тани алады?

45. Азаматты әрекет қабілетсіз деп тану кезінде не тағайындалады?

46. Қандай жағдайда азаматтың әрекет қабілеттілігі шектелуі мүмкін?

47. Әрекет қабілеттілігі шектелген азаматқа кім жатады?

48. Қандай жағдайлардың негізінде азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тануға болады?

49. Азаматты өлді деп жариялаудың заңды негізі қандай?

50. Өлді деп жарияланған тұлғаның қайтыс болған күнін анықтаңыз.

51. Өлді деп жарияланған адамның мүлкі кімге өтеді?

52. Заңды тұлға деп?

53. ҚР Азаматтық кодексі бойынша заңды тұлғаның түрлері.

54. Коммерциялық заңды тұлға қандай нысанда құрылады?

55. Заңды тұлғалардың белгілері.

56. Заңды тұлғалардың құқық және әрекет қабілеттілігі қай кезден бастап пайда болады?

57. Қазақстан Республикасының "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңы бойынша құқық қорғау органдары болып табылатын органдар?
58. Заңды тұлғалар меншік нысанына байланысты қалай жіктеледі?
59. Коммерциялық емес заңды тұлғалардың түрлері.
60. Мекеме меншік нысанына байланысты қандай түрлерге бөлінеді?
61. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастарды көрсетіңіз.
62. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушыларының толық тізімін көрсетіңіз.
63. ҚР Азаматтық кодексі бойынша жеке тұлғаның ұғымын көрсетіңіз.
64. Азаматтық құқықтың объектісі.
65. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері.
66. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігінің түрі.
67. Құқық қорғау қызметінің арнайы принциптері.
68. Қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулер.

3.14. Құрастырған: азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны Арман Есенгелдіұлы Туткушев.